Жеке оқу траекториясы, адаптивтілік
Онлайн, кез келген уақытта қолжетімді

5. Белгілі бір тақырып бойынша нақты мысал: /Ү/ және /У/ дыбыстары орыс тілді аудиторияға меңгертуде ең қиын дыбыстардың бірі.

Бұл дыбыстармен таныстыруда дәстүрлі әдісте төмендегідей тәсілдер қолданылады.

1. Оқытушы айтылуға қатысты артикуляцияны түсіндіреді:

– «Ү» – ерін жартылай дөңгеленеді, тіл артқа қарай тартылады.

– «У» – ерін дөңгеленіп, тіл көтеріңкі болады.

2. Айна арқылы өз артикуляциясын бақылау.

3. Сөздермен жұмыс: ұл, ұлпа, құлын және күн, сұр, түрік

4. Мәтінді оқу арқылы жаттығады

5. Қайталау.

Қазіргі цифрлық әдіс бойынша:

1. Артикуляцияның 3D моделі оқушыға дыбыстың нақты жасалуының визуалды бейнесін көрсетеді.

2. AI сөйлеуді тану жүйесі дыбысты айырып, нақты ескертпе береді:

– «Ү» дыбысы созыңқы шықты.

– «У» дыбысы жеткілікті дөңгеленбеді, деген ескерпелер жасайды

3. Интерактивті ойын: «Дыбысты дұрыс айтсаң – кейіпкер алға жылжиды».

4. Тіл үйренуші өз даусын график арқылы талдай алады – бұл фонетикалық жағынан өз-өзін бақылауға мүмкіндік береді, сауаттылығын күшейтеді.

5. Цифрлық жаттығулар оқушының жеке деңгейіне автоматты түрде бейімделеді.

6. Педагогикалық дәстүрлі мұра мен цифрлық трансформацияны синтездеу, екі

бағытты біріктіру тақырыпты меңгертуде өте тиімді.

Байтұрсыновтың талдау- жинақтау әдісі - қазіргі интерактивті визуализация. *Интерактивті визуализация – динамикалық графикалық көрініс*, ол пайдаланушыға деректерді зерттеу үшін әртүрлі әрекеттер жасауға мүмкіндік береді: басу, жылжыту, сүзгілеу, масштабтау. Бұл дәстүрлі әдісте оларды тек көруге болады, ал интерактивті визуализацияда пайдаланушы деректердің ішкі құрылымын өзі ашады.

Қазіргі интерактивті визуализацияда Аймауытовтың жеке психологиялық ерекшеліктерді ескеру қағидасы - адаптивті платформа оқушының деңгейіне қарай түрлендіріп жаттығу, тапсырма беру арқылы жалғасын тапса, ал Досмұхамедұлының табиғилық принципі бойынша - шынайы тілдік орта жасайтын цифрлық симуляциялар.

Дәстүрлі және цифрлық тәсілдердің салыстырмалы талдануы

Көрсеткіш	Дәстүрлі әдіс	Цифрлық әдіс
Оқыту форматы	Теориялық-түсіндірмелік	Интерактивті, әрекетке негізделген
Студенттің рөлі	Қабылдаушы	Белсенді қатысушы
Құралдары	Оқулық, дәптер	Онлайн платформалар, мультимедиа
Мотивациясы	Орташа	Жоғары (геймификация әсері)
Іс-әрекет түрі	Талдау, жазба жұмысы	Жедел кері байланыс, визуалдау
Тиімділігі	Негізгі теорияны меңгертуге жоғары	Бекіту мен қолдануда жоғары

Осылайша, қазақ тілін оқыту әдіс -тәсілдері тарихи тұрғыда үздіксіз жаңарып, заман талабына сәйкес тіл меңгерудің тиімділігін арттыра түседі.

Қорыта келгенде, қазақ тілінің фонетикасын меңгерту – тіл үйренудің негізгі кезеңдерінің бірі. Педагогикалық мұра фонетиканы оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастырса, цифрлық трансформация оны жаңа сапалық деңгейге көтерді. Дәстүрлі әдістер тілдің терең табиғатын түсіндіруге мүмкіндік берсе, цифрлық әдістер нақты дағдыларды автоматтандыруға жол

ашады. Дәстүрлі және цифрлық тәсілдерді үйлестіре қолдану арқылы қазақ тілін үйретудің тиімділігі артырып қана қоймайды, оқушының мотивациясы күшейеді.

Тіл үйретудің тиімділігі артыруға барлық мүмкіндік жасалған сайын тілдік орта табиғиланатыны сөзсіз. Цифрлық технологияларды қолдану тек үйренушілердің ғана емес, оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыруға, әрі оқыту үрдісін жетілдіруге, уақытты үнемдеу арқылы тақырыпты бекітудің түрлі тапсырмаларымен терең меңгертуге де толық мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/adaptivti-o-ytu-tehnologiyasyn-o-u-derisinde-oldanu/viewer>
2. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Қызылорда: Қазмембас, 1928
3. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Алаш, 1929.
4. Досмұхамедұлы Х. Қазақ халық әдебиеті. – Ташкент, 1924.
5. Өлімжанова Г., Қарабаева А. Цифрлық ортадағы тіл үйрету әдістері. – Астана, 2022. Тұйық етістікті дәстүрлі және цифрлық тәсілдер арқылы меңгертудің ғылыми негіздері.
6. Құлманова Л. Қазақ тілін оқытудағы цифрлық технологиялардың рөлі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2021.
7. Karimova A. Digital transformation in language teaching // Modern Education Journal. – 2020.

Kozhebayev Darkhan

Songybaev Erkebulan

**ACTUALIZING THE PRACTICE-ORIENTED APPLICATION OF
MUSICAL LOCAL HISTORY HERITAGE
(USING REGIONAL HERITAGE IN THE EDUCATIONAL PROCESS)**

Кожебаев Д.Е. PhD доктор

Соңғыбаев Е. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.

Музыка және өнер кафедрасы.

**МУЗЫКАЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ МҰРАСЫН ТӘЖІРИБЕГЕ
БАҒДАРЛАНУЫН ӨЗЕКТЕНДІРУ
(ӨЛКЕЛІК МҰРАНЫ САБАҚ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНА АЛУ)**

Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық мәдени мұраны сақтау, зерделеу және оны оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мәселесі өзекті ғылыми-педагогикалық бағыттардың біріне айналып отыр. Осы тұрғыда музыкалық өлкетану мұрасын тәжірибеге бағыттай отырып өзектендіру – болашақ ұрпақтың мәдени санасын қалыптастырудың, ұлттық болмысты сақтаудың және музыкалық білім мазмұнын байытудың тиімді тетігі болады. Музыкалық өлкетану халықтың тарихи жадымен, аймақтық орындаушылық дәстүрлерімен, жергілікті композиторлық және фольклорлық мұралармен тығыз байланысты кешенді ұғым ретінде қарастырылады [1, 33 б.].

Музыкалық өлкетану ұғымы педагогика мен музыкатану ғылымдарының тоғысында қалыптасқан. Ол белгілі бір өңірге тән музыкалық дәстүрлерді, орындаушылық мектептерді, тарихи тұлғаларды, аспаптық және вокалдық жанрларды жүйелі түрде зерттеуді көздейді. Қазақстандық музыка зерттеушілері музыкалық өлкетануды ұлттық мәдени кодты сақтаудың маңызды құралы ретінде бағалайды. Осы бағыттағы ғылыми еңбектерде өлкелік музыкалық материалдардың тәрбиелік және танымдық әлеуеті айқындалып, оларды оқу процесінде қолданудың әдістемелік негіздері ұсынылған [1, 53 б.].

Музыка сабағында өлкетану материалдарын пайдалану оқушылардың музыкалық қабылдауын тереңдетіп қана қоймай, туған өлкенің рухани құндылықтарына деген қызығушылығын арттырады. Әсіресе бастауыш және орта буын оқушылары үшін жергілікті ән-күйлер, аймақтық композиторлар шығармалары, белгілі орындаушылардың өмірі мен шығармашылығы арқылы берілетін білім эмоционалдық тұрғыдан әсерлі болып келеді. Бұл тәсіл оқушылардың музыкаға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді [1, 59 б.].

Қазақстандық ғалымдар музыкалық өлкетануды тәжірибеге бағыттап қолдану барысында оның пәнаралық сипатына ерекше мән береді. Музыка сабағында тарих, әдебиет, география пәндерімен байланыс орнату арқылы өлкелік музыкалық мұраны кешенді түрде меңгеруге мүмкіндік туады. Мұндай интеграция оқушының дүниетанымын кеңейтіп, музыкалық білімді өмірмен байланыстыра қабылдауына жағдай жасайды [2, 63 б.].

Музыкалық өлкетану элементтерін сабақ барысында қолдану әдістемесі мұғалімнің кәсіби даярлығына тікелей байланысты. Педагог өлкелік материалды іріктеу, оны сабақ мақсатына сай бейімдеу және оқушы деңгейіне сәйкес ұсыну қабілетіне ие болуы тиіс. Зерттеушілердің пікірінше, өлкетану мазмұнын жүйесіз қолдану күтілетін нәтижеге жеткізбейді, сондықтан ол оқу бағдарламасымен үйлесімді түрде жоспарлануы қажет [3, 51 б.].

Музыка сабағында өлкетану мұрасын қолданудың тағы бір тиімді жолы – жобалық және зерттеу жұмыстары. Оқушылар туған өңіріндегі белгілі музыканттар, ән-күй дәстүрлері, музыкалық аспаптар туралы шағын зерттеу жүргізу арқылы шығармашылық белсенділік танытады. Бұл тәсіл оқушылардың өздігінен іздену дағдыларын дамытып, музыкалық білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді. Заманауи білім беру жағдайында музыкалық өлкетану мұрасын цифрлық технологиялар арқылы өзектендіру де маңызды орын алады. Аймақтық музыкалық архивтер, аудио-бейне жазбалар, виртуалды экскурсиялар музыка сабағын мазмұндық тұрғыдан байытады. Қазақстандық педагог-зерттеушілер цифрлық ресурстарды қолдану оқушылардың музыкалық қабылдауын жана деңгейге көтеретінін атап көрсетеді [4, 39 б.].

Музыкалық өлкетану мұрасын тәжірибеге бағыттау тәрбиелік тұрғыдан да аса маңызды. Ұлттық музыка арқылы оқушыларда отансүйгіштік сезім, туған жерге деген құрмет, тарихи сананың қалыптасуы жүзеге асады. Музыка өнері эмоционалдық әсер ету күші арқылы тәрбиелік міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда өлкетану мазмұны музыка

сабағының тәрбиелік әлеуетін арттыратын маңызды компонент болып табылады.

Білім беру үдерісінде музыкалық өлкетану мұрасын қолдану не береді?

Біріншіден, студенттердің кәсіби білімі мен дағдыларын жетілдіру, музыкалық мәдениетті қалыптастыру және өзін-өзі дамыту мақсатында гуманитарлық цикл пәндері және арнайы музыкалық дайындық пәндері бойынша сабақтарда, дәрістерде, семинарларда музыкалық өлкетану материалдарын белсенді пайдалану.

Екіншіден, студенттерді жеке ерекшеліктер мен тұлғаға бағытталған тұғырды ескере отырып, оқу-зерттеушілік және ізденушілік қызметіне тарту.

Үшіншіден, танымдық қызығушылықты дамыту мақсатында жұмыс-тың жеке, топтық нысандарын қолдана отырып, өлкетану бағытындағы сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруға, музыкалық мәдениетті және музыкалық білім беру дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Төртіншіден, педагогикалық практика барысында (сабақ барысында, сабақтан тыс, қосымша сабақтар) музыкалық-өлкетану материалын қолдану.

Музыка мұғалімдерін даярлаудың мемлекеттік білім беру стандарты келесі блоктарды қамтиды: жалпы білім беру, әлеуметтік-гуманитарлық, жалпы кәсіптік дайындық. Осы блоктардың әрқайсысы заманауи, мобильді, сұранысқа ие музыка мұғалімін қалыптастыруға ықпал ететін музыкалық-педагогикалық өлкетану материалымен толықтырылды. Бұл материалды зерттеу «Музыкалық өлкетану» арнайы курсы барысында жүзеге асырылды және басқа кәсіптік оқыту пәндеріне зерттеу кезінде енгізілді.

Болашақ музыка мұғалімін кәсіби дайындық жүйесінде музыкалық өлкетануды қолданудың тиімділігін қол жеткізілген нәтижеге негіз ретінде критерийлер, көрсеткіштер және оқыту деңгейлері нақты белгіленген жағдайда ғана анықтауға болады.

Музыкалық өлкетану мұрасын пайдаланудың технологиясын ұсынамыз (1-кесте).

Музыкалық-өлкетану мұрасын пайдалану негізінде болашақ музыка мұғалімінің кәсіби қабілеттері мен құзіреттіліктерін дамыту мақсатында келесі *тұғырлар* арқылы қарастырдық:

- *мәдениеттанушылық тұғыры* – өлкелік мәдениеттің жетістік-теріне сүйене отырып білім беру үдерісін құру;
- *жеке-бағдарлылық тұғыр* – әрбір білім алушының жеке педагогикалық, әлеуметтік ерекшеліктері мен шығармашылық қабілеттерін ес-керу;
- *аксиологиялық (құндылық) тұғыр* – теория мен практика арасындағы өзіндік «көпір» ретінде әрекет етеді, яғни таным мен қоршаған әлемге (қоғамға, табиғатқа, мәдениетке, өзіне) деген көзқарасын практикалық және теориялық деңгейлері арасындағы байланыс механизмінің рөлін атқарады. Педагогикадағы аксиологиялық тұғыр қоғамда адам өмірінің, тәрбие мен оқытудың, педагогикалық қызметтің, жалпы білім берудің құндылықтарын тануды және іске асыруды білдіреді. Маңыздылығы бұл әр адамға өзіне тән мүмкіндіктерді барынша іске асыру үшін нақты жағдай жасай алатын әділетті қоғам идеясымен байланысты үйлесімді дамыған тұлға;

– *құзыреттілік тұғыр* – білім беру мақсатын айқындаудың, мазмұнын іріктеудің, білім беру үдерісін ұйымдастырудың және нәтижелерін бағалаудың жалпы қағидаларының жиынтығы.

1-кесте - Музыкалық өлкетану мұрасын пайдаланудың технологиясы

Мақсаты: Музыкалық-өлкетану мұрасын пайдалану негізінде болашақ музыка мұғалімінің кәсіби қабілеттері мен күзiреттіліктерін дамыту			
Әдіснамалық тұғырлар			
мәдениеттанушы-лық	жеке-бағдарлылық	аксиологиялық	күзiреттілік
Музыкалық өлкетанудың мазмұны			
Заманауи мәдени-білім беру ортамен интеграцияланған студенттердің ізденімпаздық-зерттеушілік қызметі арқылы аймақтың музыкалық-өлкетану мұрасын зерттеу			
Музыкалық өлкетануды іске асырудың педагогикалық шарттары			
– өлкетанымдық ортаны қалыптастыру; – музыкалық-өлкетанымдық саланы қолдана отырып, болашақ музыка мұғалімдерін ізденушілік-теориялық, ғылыми-зерттеушілік, музыкалық-ағартушылық іс-әрекетіне қосу; – «өлкетанымдық білімділігін» қалыптастыру; – музыкалық өлкетануды зерттеу барысында білім беру жүйесінде ақпараттық-технологияларды қолдану; – музыкалық өлкетану мұрасын тәжірибеге бағдарлануын өзектендіру.			
Білім беру үдерісінде музыкалық өлкетануды қолдану критерийлері			
Музыкалық-өлкетанымдық білімділік	Өлкетанымдық қызмет-тегі ұйымдастырушылық	Музыкалық-ағартушылық күзiреттілік	
Білім беру үдерісінде музыкалық өлкетануды қолдану критерийлерінің көрсеткіштері			
– өлкенің музыкалық мәдениетінің негіздерін білу; – музыкалық мұраның тәрбиелік негіздерін білу; – туған өлкесінің ән-күй мұрасын білу.	– өлкетанымдық іс-әрекетке деген қызығушылық; – өлкетанымдық жұмысты жоспарлау; – өлкетанымдық жұмыс орнын ұйымдастыру.	– өлкелік материалды ұсыну әдістемесі; – сөйлеу мәдениеті; – тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату.	

Музыкалық өлкетанудың *мазмұны* ретінде заманауи мәдени-білім беру ортамен интеграцияланған студенттердің ізденушілік-зерттеушілік қызметі арқылы аймақтың музыкалық-өлкетану мұрасын зерттеу.

Музыкалық өлкетануды тиімді іске асырудың *педагогикалық шарттары* анықталып, толық сипаттамасын беріп өттік.

Білім беру үдерісінде музыкалық өлкетануды қолдану *критерийлерін* (өлшемдері) де анықтадық:

- музыкалық-өлкетанымдық білімділік;
- өлкетанымдық қызметтегі ұйымдастырушылық;
- музыкалық-ағартушылық құзіреттілік.

Критерий белгілі бір нәтиженің, шеберліктің даму дәрежесі ретінде бір нәрсені бағалау, анықтау немесе жіктеу ретінде анықталады. Философиялық сөздікте «критерий» ұғымын белгілі бір ұстанымның ақиқатын немесе жалғандығын тексерудің белгісі және құралы ретінде анықтайды [5, с. 55].

Болашақ музыка мұғалімдерін кәсіби дайындық жүйесінде музыка-лық өлкетануды қолдану критерийлерін анықтай отырып, біз критерий-лерді анықтау мен негіздеуге педагогикалық теория мен практиканың жалпы талап-тарына сай анықтадық. Ол талаптар:

- көрсеткіштердің жиынтығы арқылы және олардың өлшем деңгейі арқылы байқалады, соның негізінде осы көрсеткіштердің сәйкестік дәре-жесін бағалауға болады;

- критерийлер уақыт пен кеңістіктегі педагогикалық қызметтің дина-микасын көрсетуі қажет;

- критерийлер зерттелетін жүйенің ішкі және сыртқы компоненттерін біріктіруі керек, олардың көмегімен оның барлық элементтері арасында бай-ланыс орнатылуы қажет [6, с. 78].

Музыкалық өлкетану критерийлерін анықтауда біз И.Ф. Исаев, Н.А. Асташова, В.А. Сластенин, Н.В. Кузьминаның еңбектерінде айкындай-тын педагогикалық аксиология идеяларына негізделді [7].

Жоғарыда аталған көрсеткіштерінің деңгейлерін ұсынамыз (2-кесте).

Педагогикалық тәжірибені зерделеу мұғалімдердің дайындығын жақсарту ісіне үлкен көңіл бөлінетінін көрсетеді: оқу жоспарлары мен бағдарламалары қайта қаралып, талапкерлерді іріктеу жұмыстары жетіл-діріліп, оқытудың жаңа техникалық құралдары енгізіледі, сырттай білім беру жүйесі оңтайландырылады. Қазіргі уақытта музыка мұғалімін даярлауда да мол тәжірибе жинақталды. Соңғы жылдардағы зерттеулер мен жарияланымдар музыкалық-педагогикалық факультеттерде оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру жолдарын іздеуге, музыкалық қабілеттерді және музыкалық ойлаудың жекелеген түрлерін қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аудару туралы айтады; жалпы педагогикалық білім мен біліктердің өзара байланысын негіздеуде елеулі ілгерілеулер ғалымдардың (О.А. Апраксина, Г.М. Цыпин, Н.К. Белова, Л.А. Исаева, И.Н. Немыкина, Н.В. Соколова, В.Л. Яконюк және т.б.) еңбектерінен байқауға болады.

2-кесте - Студенттердің музыкалық өлкетануды тәжірибеде пайдалану және менгеру деңгейлері

Төмен деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
1. Музыкалық-өлкетанымдық білімділік критерийінің көрсеткіш деңгейлерінің сипаттамасы		
Студент музыкалық өлкетануды, жалпы кәсіби қызметті, тәрбиелік негіздерін, туған өлкесінің ән-күй мұрасын, музыкалық-өлкетанымдық және кәсіби білімділікті, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін, кәсіби білім мен дағдыларды игеруге де ген қызығушылығын нашар көрсетеді. Студенттің жетістікке деген ынтасы байқалмайды.	Студент музыкалық өлке тану саласындағы білім мен дағдыларды игеруге, кәсіби қызметке, тәрбиелік негіздерін, туған өлкесінің ән-күй мұрасын білуге, өзін-өзі тәрбиелеуге, жетістіктер мен қажеттілікке деген орташа қызығушылық танытады. Мұндай студенттердің қызығушылықтары, музыкалық-өлкетанымдық және кәсіби білімділікті материалдық сипаттағы өмірлік құндылықтармен байланысты, кәсіби құндылықтары туралы түсінік бар.	Студент өзін-өзі тәрбиелеуге, жетістіктерге, музыкалық өлкетану саласындағы білім мен дағдыларды игеруге, кәсіби қызметке, тәрбиелік негіздерін, туған өлке сінің ән-күй мұрасын білуге, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктеріне мұқтаж. Музыкалық-өлкетанымдық және кәсіби білімділігі толығымен қалыптасқан. Кәсіби мақсаты мен құндылықтардың нақты кезеңділігі бар.
2. Өлкетанымдық қызметтегі ұйымдастырушылық критерийінің көрсеткіш деңгейлерінің сипаттамасы		
Студенттің кәсіби іс-әрекетінің белгілі тәсілдері мен әдістерін, музыкалық өлке тануды қолданудың формаларын, әдістері мен тәсілдерін ұйымдастырудың дағдылары мен іскерліктері нашар көрсетілген, кәсіби саладағы жеке жетістіктер арқылы өзін-өзі ұйымдастыруға деген ұмтылыс жоқ.	Студент кәсіби қызметте музыкалық өлкетанудың белгілі тәсілдері мен әдістерін ұйымдастырудың жеке дағдылары мен іскерлігін қалыптасқан. Кәсіби саладағы жеке жетістіктер арқылы өзін-өзі ұйымдастыруға деген ұмтылыс байқалады.	Студент жоғары деңгейде музыкалық өлкетанудың белгілі тәсілдері мен әдістерін оқушылармен жұмыс барысында, жалпы кәсіби іс-әрекетте ұйымдастыра білу дағдылары мен іскерліктері қалыптасқан. Кәсіби саладағы жеке жетістіктер арқылы өзін-өзі ұйымдастыруға деген ұмтылыс айқын көрінеді.

3. Музыкалық-ағартушылық күзiреттiлiк критерийiнiң көрсеткiш деңгейлерiнiң сипаттамасы		
Студент музыкалық өлке тану саласындағы музыкалық-ағартушылық қызметi жеткiлiксiз, кәсiби ағартушылық, кәсiби ойлау, кәсiби мәдениетi жайлы төмен деңгейдi көрсетедi. Өзiнiң кәсiби дамуының мақсаты мен құралдарын анықтауға деген ұмтылыс пен дағдылардың болмауы.	Студент кәсiби салада және музыкалық өлке-тану саласын да жеткiлiктi ағартушылық қызметiн көрсетедi, кәсiби белсендiлiк, кәсiби мәде ниетi туралы жеке түсiнiк терi бар. Өзiнiң кәсiби музыкалық-ағартушылығын дамытуға, музыкалық өлке-тану қызметiн жүргiзуге, өзiнiң кәсiби дамуының мақсаты мен құралдарын анықтауға деген ұмтылыс пен дағдылар бар.	Студент музыкалық өлке-тану саласында, жалпы кәсiби салада терең бiлiмi мен ағартушылық қасиеттерiн көрсетедi, кәсiби белсендiлiк, кәсiби мәдениетi жайлы толық түсiнiгi қалыптас қан. Өзiнiң кәсiби қызметiн түзетуге, өзiнiң кәсiби дамуының мақсаттары мен құралдарын анықтауға деген ұмтылыс пен қабiлет айқын көрiнедi.

Музыка мұғалiмiн даярлауға арналған еңбектердi талдау барысында шешiлмеген бiрқатар мәселелер бар деген қорытындыға алып келедi:

- музыка мұғалiмiнiң кәсiби қызметi оның құрамдас бөлiктерi жағынан зерттелмеген;
- өзара байланыс және өзара әрекет ету барысында кәсiби бiлiм, шеберлiк пен дағдылардың бiртұтас құрамы нақтыланбаған;
- музыка мұғалiмiнiң қажеттi деңгейде өз халқының мәдени мұрасын танымауында, тәжiрибе барысында қолдана алмауында.

Музыка мұғалiмiн даярлаудың жалпы теориялық негiздерiн ашатын зерттеулер қажет.

Мәселенiң өзектiлiгiн анықтап, зерттелуi үшiн ең алдымен қоғамның әлеуметтiк сұранысы болу керек. Жалпы бiлiм беретiн және кәсiби жоғары мектептің реформасына байланысты мұғалiмге қойылатын жаңа талаптар, сондай-ақ мектепте «Музыка» пәні бойынша жаңа бағдарламаны енгiзу оның психологиялық-педагогикалық және идеологиялық қарулануының маңызын күшейтудi талап етедi. Мақсат – өнер арқылы, халықтың мәдени мұрасы негiзiнде оқушыларды әсемдiкке баулу ғана емес, сонымен қатар белсендi азаматтық ұстанымды, рухани толық адам концепциясына сай болуы, жалпы рухани мәдениеттi қалыптастыру. Сонымен қатар, музыка мұғалiмiнiң дайындық мазмұны осы мәселенi түбегейлi шешуге ықпал етпейдi, өйткенi ЖОО-дағы оқу үрдісінің өнертану және орындаушылық аспектілері оның болашақ мамандығының педагогикалық бағытына жауап бермейді. Бұл арнайы пәндердi оқыту барысындағы мәні өнер мен педагогика бiрлiгiн құрайтын музыка мұғалiмiнiң болашақ кәсiби қызметiнiң компоненттерiнiң барлық кешенi толық көлемде көрiнiс таппауына байланысты, бiрқатар музыкалық пән-

дер бойынша жан-жақты білім мен білік ала отырып, жас мұғалім оларды оқушыларға жеткізе алмайды және нақты жағдайда қолдана алмайды.

Осының бәрі болашақ маманның қалыптасуы үшін оның кәсіби қызметінің әртүрлі түрлерін жүйелі-функционалды талдауға сүйенуі тиіс деген ойға алып келеді, ол оның даярлығының мазмұнын нақтылаудың негізі болып табылады. Бұл мазмұнда оның негізгі компоненттері (қоғамдық, психологиялық-педагогикалық, арнайы және әдістемелік), бірінші кезекте мұғалімнің дүниетанымын қалыптастыратын білім мен іскерліктің кешендерімен әр түрлі тығыз байланыста болуында. Сондай-ақ, оқытудың жалпы педагогикалық принциптерін білу және оларды нақты мамандықта және белгілі бір пәнді оқытуда жүзеге асыруда үлкен орын алады. Ұстаздарды даярлаудың кәсіби-әрекеттік бағыты қағидатына сүйену біздің ұстанымымызды растайды, біріншіден, музыка мұғалімдері жеке қызмет жүйесі арқылы кәсіби дайындықты алуы тиіс, екіншіден, кез келген мамандық мұғалімдері үшін психологиялық-педагогикалық дайындықтың үлес салмағы ерекше маңызды.

Айтылған ойлар зерттеу мәселесін анықтайды. Ол қазіргі уақытта орын алып отырған қарама-қайшылықты еңсеру жолдарын теориялық және іс жүзінде негіздеуден тұрады, бұл міндетті шешу процесінің жалпы педагогикалық және дидактикалық жеткіліксіз жабдықталуына музыка мұғалімін даярлаудың біртұтас жүйесін құру үшін қоғамның әлеуметтік-педагогикалық және әдістемелік талаптар. Біздің ұсынуымызда мұғалімнің тәрбиелік, адамгершілік негіздері осы дайындық процесін қамтамасыз ететін тиісті принциптерді, факторларды, талаптар мен шарттарды зерделеуді білдіреді.

Музыка мұғалімінің қызметін жүйелі-функционалды талдау негізінде олардың атқаратын кәсіби функцияларының өзіндік ерекшеліктері мен мазмұны ашылды. Музыка мұғалімінің кәсіптік сипаттамасын құру диссерата-ция жұмысының міндеті болып табылады, оның негізіне жеке тұлғасын және кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру, сондай-ақ рухани тәрбиелік бағыттары қойылған. Кәсіптік сипаттама құрамына педагогикалық қызметтің компоненттері, педагогикалық қабілеттер мен кәсіби ойлау, мұғалімнің орындау-шылық мәдениеті кіреді. Кәсіптік талдау әдісімен кешенде музыкалық-педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жалпы және арнайы білім, білік пен дағдылар айқындалған.

Кәсіби дайындық оның негізгі құрамдас бөлігінде – белгілі бір жүйе болып табылатын арнайы, әдістемелік және практикалық дайындық аспекті-сінде қарастырылады.

Арнайы дайындыққа мұғалімнің идеологиялық және психологиялық-педагогикалық дайындығына қойылатын заманауи талаптарға жауап береді.

Музыка мұғалімінің жалпы педагогикалық және әдістемелік дайын-дығы тек пән мұғалімі ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың адамгершілік-эстетикалық даму міндеттерін шешетін тәрбиеші ретінде қалыпта-суымен байланысты ашылады.

ЖОО-дағы жұмыс мазмұны мен оқыту әдістері музыка саласындағы білімді теориялық біліммен және дидактикалық дағдылармен, оқушыларды музыка саласына қосу негізінде оқытудың әртүрлі әдістерімен байланыс-тыра алатын музыка мұғалімін кәсіби даярлауға бағытталған. Жоғарыда айтылған-дарға сүйене отырып, музыка мұғалімінің кәсіби дайындығы – бұл қоғамның рухани мәдениетін жеткізуші ретінде музыка мұғалімінің тұлғасын қалыпта-

стыруға ықпал ететін аймақтың этномәдени ерекше-ліктері мен дәстүрлерін ескеруге мүмкіндік беретін гуманистік, мәдени және басқа да прогрессивті тәсілдерге негізделген жалпы мәдени (әмбебап), арнайы және кәсіби құзіреттіліктерді игерудің мақсатты, жүйелі процесі (1-сурет).



Сурет 1 – Жаңа қалыптағы музыка мұғаліміне қойылатын жаңа талаптар

Музыкалық өлкетану мұрасын пайдалану технологиясының мақсаты болашақ музыка мұғалімінің кәсіби қабілеттері мен құзіреттіліктерін дамыту. Осы мақсаттың орындалу нәтижесінде «Болашақ музыка мұғалімінің кәсіпнамасы» әзірленді. Кәсіпнама педагогтің кәсіби стандарты және ғалымдар В.А. Слостенин, Е.И. Антипова, Н.И. Болдырев, Л.Г. Арчажникова ұсынған кәсіпнамаларының (профессиограмма) негізінде жасалды.

Болашақ музыка мұғалімінің кәсіпнамасы «*Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-жеке тұлғалық қасиеттері*» атты болашақ музыка мұғалімінің жеке-тұлғалық қасиеттер тізімі берілді. Бұл қасиеттер болашақ музыка мұғалімінің өмірлік ұстанымына айналуы тиіс. Кәсіби қызметі мен өмірлік қағидалары осы қасиеттер негізінде қалыптасса, ондай нағыз мұғалімнің келбетін көрсетеді. Өйткені, мұғалім ол тек қана ақпарат беруші емес, сонымен қатар ұрпақты тірбиелеуші, тура жолға бастаушы, адами тұлғалық қабілеттерін қалыптастырушы болмақ.

Келесі «*Болашақ музыка мұғалімін даярлау түрлері*»: музыкалық-теориялық дайындық, музыкалық-педагогикалық дайындық және музыкалық-өлкетанымдық дайындық түрлері бойынша бөлінді. Сонымен қатар әр дайындықтың қорытынды нәтижесінде кәсіби құзіреттіліктер ұсынылды.

Болашақ музыка мұғалімінің «Музыкалық-теориялық дайындығы» бұл ең алдымен кешенді түрде оқытылатын дайындық түрі. Өйткені, дайындық мазмұнына әлеуметтану, эстетика, музыка теориясы мен музыка тарихы, болашақ музыка мұғаліміне қажетті пәндердің теориялық бағыты қарастырылады.

Болашақ музыка мұғалімінің «Музыкалық-педагогикалық дайын-дығы» болашақ ағартушылық қызметке қажетті дағдыларды игеру, кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру, педагогикалық заңдылықтар негізінде өзінің мұғалімдік көзқарасын қалыптастыру.

Болашақ музыка мұғалімінің «Музыкалық-өлкетанымдық даярлығы» бұл біздің зерттеу тақырыбымыздың негізгі өзекті бағыттары осы дайындық мазмұнына енгізілді. Осы дайындық түрін негізге ала отырып болашақ музыка мұғалімі өзін жаңаша қырдан танытуға, өзін-өзі дамытуға, тәрбиелеуге, ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруға септігін тигізеді (3-кесте).

3-кесте - Болашақ музыка мұғалімінің кәсіпнамасы

Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-жеке тұлғалық қасиеттері	
- арнайы музыкалық-педагогикалық әдебиеттерді оқу және талдау; - құзіреттілік; - мамандыққа деген құштарлық; - еңбекқорлық және адалдық; - балаларға деген сүйіспеншілік, адамгершілік көзқарас; - тәртіп пен ұйымшылдық, табандылық, мақсаттылық; - әділдік; - педагогикалық әдептілік, сезімталдық, шынайылық; - шыдамдылық, сабырлылық, ұстамдылық; - сөз бен іс-әрекеттегі тапқырлық, қайраттылық және жүйелілік; - педагогикалық қиял, оптимизм; - коммуникативтілік, мәнерлі сөйлеу; - жинақылық, ұқыптылық және сырт келбетінің сұлулығы.	
Болашақ музыка мұғалімін даярлау түрлері	Болашақ музыка мұғалімінің құзыреттіліктері
<i>Музыкалық-теориялық даярлығы:</i> Болашақ музыка мұғалімінің музыкалық-теориялық дайындығы әлеуметтану, эстетика, музыка теориясы мен тарихы, музыкалық өлкетану сала-сындағы	- музыкалық өнердің мәні мен ерекшелігін терең түсіну; - музыкалық өнердің әлеуметтік-тарихи жағдайын, музыканың әлеуметтік маңыздылығын, оның жеке қасиеттерін қалыптастырудағы рөлін түсіну; - музыкалық өнердің негізгі категорияларын және музыкалық-өлкетанымдық негіздерін білу; - музыкалық өнердің даму үдерісі, музыкалық-тарихи құбылыстардың шарттылығы, олардың негізгі сипаттамаларын анықтай білу;

зандылықтардың жалпыланған идеялары мен білім жүйесінде талаптар, музыканы қабылдау, түсіну, орындау дағдылары мен іскерлік құзіреттіліктерін қалыптастыру мен дамыту, сондай-ақ оларды игеру үдерісінде шығармашылық қатынасты дамытумен анықталады.	- Қазақстандық және әлемдік музыкалық әдебиетті, классикалық композиторлар мен қазіргі заманғы авторлардың танымал шығармаларын білу; - жалпы білім беретін мектепке арналған Музыка бағдарламасына енгізілген мектеп репертуарының шығармаларын білу; - ең көрнекті композиторлардың шығармашылық бейнесін түсіндіре білу, ұлттық дәстүрмен өзара байланысатын стилінің ерекшеліктерін анықтау; - музыкалық тіл, музыкалық мәнерлілік және қалыптасу саласындағы түсінік.
<i>Музыкалық-педагогикалық даярлығы:</i> Музыкалық-педагогикалық дайындық болашақ музыка мұғалімінің музыкалық-педагогикалық дайындығының синтездік буыны болып табылады. Ол университет қабырғасында оқу кезінде жинақталған барлық ғылыми-теориялық және музыкалық-практикалық тәжірибесін жинақтайды, негізгі және бейіндік пәндерді оқу кезінде алған білімдері мен дағдыларын қалыптастырады, бұл оқу процесінің музыкалық-педагогикалық Бағытының міндеттерін және болашақ музыка мұғалімінің	- мәселені, нысаны мен тақырыпты, мақсат-міндеттерін, зерттеу әдістерін анықтау; - білім беру бағдарламасы бойынша инновациялық технологиялар туралы түсінікке ие болу; - музыка сабақтарында оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеу; - өз тәжірибесін, қызмет нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалау; - музыкалық-педагогикалық шеберлікті, өзін-өзі тәрбиелеуді, өзін-өзі оқытуды және өздігінен білімін жетілдіруді саналы түрде дамыту; - жұмыс барысында педагогикалық зерттеулер мен ең сәтті педагогикалық тәжірибені пайдалану; - қолданылатын құралдар мен жұмыс әдістерін болжау; - ең маңызды компонент болып табылатын музыкалық тәрбие тарихын, сонымен қатар қазіргі кезеңдегі музыкалық тәрбиенің негізгі тенденциялары мен мәселелерін білу; - «болашақ музыка мұғалімінің музыкалық өлкетану негіздері» пәнінің мақсатын, міндеттері мен мазмұнын оқушылардың өлкенің музыкалық мәдениетінің негізгі элементтерін меңгеру тұрғысынан білу; - қазіргі кездегі музыка сабағының ерекшелігі мен құрылымын, әртүрлі жағдайларда музыкалық оқытудың принциптері мен әдістерін білу (сынып және сыныптан тыс, үйірме және факультативті); - музыкалық-педагогикалық заңдылықтарын және оқушыларды музыкалық оқыту, тәрбиелеу және

жеке тұлғалық қасиетін дамытуға септігін тигізеді.	дамыту әдістері мен тәсілдерін практика барысында қолдана білу; - оқу үдерісін басқаруға, бақылауға және жұмыстың қорытындысын шығаруға тән: педагогикалық жағдайды талдау, нақты музыкалық-педагогикалық жағдайды анықтау, музыкалық-педагогикалық мәселені анықтау, шешу шарттарын тұжырымдау және болжамды нәтижелерді анықтау; - музыкалық жалпылау және эмоционалды драматургия әдістерін қолдана отырып, әр түрлі сынып оқушыларына музыканы оқыту әдістемесін меңгеру; сабақты қызықты және шығармашылықпен құра білу және сабақты қызықты өткізу үшін импровизация элементтерін енгізу;
<i>Музыкалық-өлкетанымдық даярлығы:</i> болашақ музыка мұғалімінің жеке және кәсіби өсуінің бір бөлігіне айналатын музыкалық-өлкетанымдық мәдениетін қалыптастыру.	- өлкенің музыкалық мәдениетін, музыкалық өнері мен түсінігін дамытудың теориялық негіздерін білу; - оқу-танымдық, практикалық, шығармашылық іс-әрекет барысында музыкалық-өлкетану білімін қолдана алу; - музыкалық-өлкетану білімімен жұмыс істей алу, қорытындылау, дәлелдеу, ұйыдастыруды құра білу; - музыкалық-өлкетану мәселелерін шешу үшін талдауды, салыстыруды, синтездеуді, жалпылауды қолдану; - қызметтің тиімділігін оның түпкілікті нәтижесі бойынша бағалау; - туған өлкенің музыкалық мәдениетін дамыту мәселелерін зерттеуге бағытталған өзін-өзі тәрбиелеу ұйымдарын құру; — туған өлке бойынша мәдени-ағартушылық қызмет пен білімді іске асыру құралдарын пайдалану; - туған өлкенің табиғаты туралы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі практикалық қызметпен, туған өлкеге эстетикалық көзқараспен және жоғары өлкетану ақпараттандыруымен өзара байланысын қамтамасыз ету; - өз тәжірибесімен синтез негізінде әр түрлі іс-әрекеттер барысында игерілген білімнің функцияларын түсіну және табу.
<i>Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [8]</i>	

Музыкалық өлкетану мұрасын тәжірибеге бағыттай отырып өзектендіру – музыка білім беру жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған көпқырлы үдеріс. Ол оқушылардың музыкалық-эстетикалық дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, ұлттық мәдени мұраны сақтауға және оны жас ұрпақ санасына сіңіруге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ғылыми-әдістемелік ізденістерді жүйелеу және педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолдану – бүгінгі музыка мұғалімдерінің кәсіби міндеттерінің бірі болып табылады.

Музыкалық өлкетану мұрасын өзектендіру аясында болашақ музыка мұғалімдеріне арналған келесі ұсыныстар жасауға болады:

1. Музыка сабақтарының мазмұнына туған өлкенің ән-күй мұрасын жүйелі түрде енгізу;
2. Аймақтық композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығын сабақ барысында және сыныптан тыс жұмыстарда кеңінен пайдалану;
3. Музыкалық өлкетану материалдарын пәнаралық байланыс арқылы меңгертуді ұйымдастыру;
4. Оқушыларды өлкелік музыкалық мұраға қатысты зерттеу және жобалық жұмыстарға тарту;
5. Цифрлық ресурстар мен архивтік материалдарды қолдану арқылы сабақтың көрнекілігі мен мазмұндылығын арттыру;
6. Ұлттық аспаптарда орындаушылық дағдыларды қалыптастыруға басымдық беру.

Әдебиеттер:

1. Кожебаев Д.Е. Музыкалық өлкетану негізінде музыка мұғалімін даярлау: *Монография – Астана: Қазақ ұлттық өнер университеті, 2024. 147 б.*
2. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: РБК, 1997. – 141 б.
3. Тарасова Л.А. Теория и практика музыкального краеведения в системе современного музыкального образования: дис. ... док. пед. наук: 13.00.02. – М.: Московский пед. гос. ун-т, 1997. – 464 с.
4. Ажмолдаева К.Б. Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемелік негіздері: 6D011300: док. PhD. ... дис. – Қызылорда, 2023. – 138 б.
5. Философский словарь / под ред. Н.Т. Фролова. – Изд. 6-е, перер. и доп. – М.: Политиздат, 1991. – 560 с.
6. Исаев И.Ф., Байбикова Г.В. Обучение студентов технике музыкально-педагогического общения: теория и технология. – Белгород: Изд-во БелГУ, 2008. – 157 с.
7. Кузьмина Н.В. Понятие «педагогическая система» и критерии ее оценки // В кн.: Методы системного педагогического исследования. – М.: Народное образование, 2002. – С. 7-53.
8. Арчажникова Л.Г. Теоретические основы профессионально-педагогической подготовки учителя музыки: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. – М., 1986. – 442 с.

*Kuldanov Nauryz,
Balagazova Svetlana*
**THE POTENTIAL OF VOCAL TRAINING
IN THE DEVELOPMENT OF STUDENT'S CREATIVITY**

*Кулданов Н.Т.,
PhD, ассоциированный профессор,
Казахская Национальная консерватория имени Курмангазы,
Балагазова С.Т.,
кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор,
Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы)*

**ПОТЕНЦИАЛ ВОКАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ В РАЗВИТИИ
КРЕАТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ**

Креативность в сфере образования стала важнейшим качеством и ключевым аспектом, требующим приоритетного внимания, поскольку она способствует решению повседневных проблем и профессионального прогресса обучения. В сфере искусства креативность играет огромную роль, выделяясь как одна из эффективных катализаторов в подготовке будущих музыкантов-исполнителей. Мы же изучая креативность бакалавров музыкального образования сосредоточены на проблеме вокального обучения, который имеет свой потенциал в развитии креативности личности и представляет собой систематический процесс развития художественно-технических, вокально-исполнительских навыков, направленных на достижение высокого уровня мастерства в певческом процессе.

Певческую деятельность правомерно рассматривать как единый творческий процесс от выбора произведения до его исполнения: репетиционная работа и концертное воплощение вокальной музыки. Касаясь непосредственно вокального класса как одной из основных дисциплин в вузовской подготовке, подчеркнем, что он нацелен на выполнение двух задач: вокальная работа студентов под руководством педагога и вокальный практикум. Именно в вокальном обучении осваиваются навыки, на практическом вокально-слуховом уровне, приобретаются знания о качественном вокальном звучании, опыт творческой деятельности, эмоционально-ценностное отношение к вокальному искусству.

Прежде всего, необходимо выявить понятие термина «потенциал», этимология которой исходит как производное от слова «потенция». Согласно словарю иностранных слов «потенция» (лат. *potentia* – сила) – это возможность, способность к проявлению [1]. Аналогично в этимологическом словаре понятию потенциал дается определение заимствованного в латинском языке от *potentialis* – буквально «сила» или «могуший быть» [2]. В основе распространенного понимания дефиниции «потенциал» представляется совокупность средств для реализации возможностей в направлении достижения какой-либо цели.

Определение потенциала вообще в энциклопедических источниках представлено как «средства, запасы, источники, имеющиеся в наличии и мо-

гущие быть мобилизованы и использованы для достижения определенной цели». В толковом словаре С. И. Ожегова и Н. Ю. Шведовой дается следующее определение потенциала: «...степень мощности в каком-нибудь отношении, совокупность каких-нибудь средств, возможностей...» [3].

Итак, анализ энциклопедической и научной литературы показал, что потенциал является многозначным понятием. Как показал проведенный нами анализ, в других областях научного знания потенциал используется, как правило, в качестве синонима ресурсов и активно применяется в таких сочетаниях, как «научный потенциал», «эстетический потенциал» и т.п. В подтверждение тому приведем слова Л. И. Абалкина, который считает, что потенциал – это «обобщенная, собирательная характеристика ресурсов, привязанная к месту и времени» [4].

В научной литературе достаточно часто обсуждается вопрос о соотношении понятий «потенциал», «ресурсы», «резервы» и «возможности», которые характеризуют отдельные проявления потенциала в целом, отражают его «с разных сторон». Это обстоятельство позволяет выделить несколько уровней проявления потенциала:

- потенциал определяет прошлое с точки зрения отражения совокупности свойств, накопленных человеком и обуславливающих его способность к какой-либо деятельности (потенциал принимает значение «ресурс»);
- потенциал отражает настоящее с точки зрения практического применения и использования человеком имеющихся способностей (потенциал обладает значением «резерв»);
- потенциал ориентирован на развитие (будущее) (потенциал имеет значение «возможности») [4].

Подготовка бакалавров музыкального образования представляет собой комплексный процесс, включая с одной стороны познавательный потенциал по отношению к выбранной профессии, с другой стороны, потенциал изучаемых дисциплин в траектории обучающейся деятельности [5]. Поэтому очень важно рассмотреть потенциал вокального обучения, т.е. возможность вокального процесса обучения, направленность которой предусмотрена не только на развитие музыкальных навыков, но и на стимулирование творческого потенциала студента, уникальной платформы для развития творческих и креативных способностей.

Вокальная подготовка студентов вуза осуществляется в рамках систематического обучения в классе вокала и базируется на активизации когнитивных механизмов музыкально-исполнительской деятельности. Начальный этап вокального обучения ориентирован на формирование и развитие базовых когнитивно-музыкальных компонентов, к которым относятся музыкальный слух, ритмическое мышление, интонационная точность, а также осознанное восприятие и интерпретация динамических и темповых характеристик музыкального материала. Поскольку вокальная деятельность предполагает целенаправленное формирование и совершенствование собственного исполнительского инструмента, как голосовой аппарат, существенным профессиональным требованием становится развитие рефлексивного и осознанного контроля над вокально-певческими процессами. В данном контексте формируются понятийные знания о физиологических механизмах голосообразования, осваива-

ются рациональные приёмы голосоведения, а также развивается когнитивная компетентность в вопросах гигиены и экологии певческого голоса.

В контексте обозначенного когнитивного подхода к вокальной подготовке студентов особую значимость приобретает осмысление природы вокального голоса как объекта целенаправленного педагогического воздействия. Так, исследователь в области вокальной педагогики Е. М. Прядко трактует понятие «вокальный голос» как сложную психофизиологическую функцию голосового аппарата человека, результатом которой является порождение музыкальных звуков, обладающих определёнными акустическими характеристиками, включая звуковысотный диапазон, динамику, длительность звучания и тембральные параметры (вibrато, полётность, объёмность, блеск) динамически развивающегося вокального голоса [6].

Данное определение подчёркивает, что вокальный голос представляет собой не только физиологический феномен, но и результат сложного взаимодействия телесных и психических процессов, находящихся под осознанным когнитивным контролем исполнителя. В этом контексте вокальное обучение не сводится исключительно к техническому совершенствованию голосового аппарата, а включает решение исполнительских задач, связанных с осмыслением музыкально-поэтического текста, эмоционально-образным переживанием художественного содержания произведения, вживания в образ персонажа и его интерпретационной передачей средствами вокального звучания. Именно данное сочетание когнитивного осмысления и эмоционально-чувственного опыта обуславливает индивидуальность и художественную уникальность вокального исполнения. На основе анализа научных источников по вокальной педагогике Е. М. Прядко также конкретизирует понятия «вокальный голос» и «развитие вокального голоса», подчёркивая их динамический характер. Автор указывает, что качественные характеристики певческого голоса обусловлены как физиологическими особенностями строения голосового аппарата, так и целенаправленным педагогическим воздействием, опирающимся на осознанное управление вокально-певческими процессами и формирование соответствующих когнитивных представлений [6].

Таким образом, обозначенные технологическая и исполнительско-педагогическая стороны певческого голоса образуют целостную структуру вокально-исполнительской компетентности бакалавра музыкального образования, в основе которой лежит интеграция когнитивных, психофизиологических и художественно-исполнительских компонентов. Когнитивный аспект данной компетентности проявляется в способности студента осознанно анализировать собственные вокальные действия, осуществлять слуховой и телесный самоконтроль, рефлексивно оценивать качество звучания и целенаправленно корректировать параметры голосообразования в зависимости от художественно-педагогических задач.

В этом контексте вокальная подготовка выступает не только средством формирования профессионально значимых исполнительских умений, но и пространством развития креативного мышления, позволяющего бакалавру музыки гибко адаптировать вокальные приёмы к различным стилевым, жанровым и возрастным особенностям обучающихся. Осознанное владение вокальным голосом обеспечивает возможность вариативной интерпретации му-

зыкального материала и продуктивного использования вокального исполнительства в педагогической практике, что в совокупности способствует профессиональной самореализации и творческой индивидуализации личности специалиста.

Следующим обращением к такому феномену вокальной деятельности, как артистизм исполнительских действий и тонкое акцентирование эмоционально-выразительных нюансов, актуализирует некогнитивный аспект вокального искусства. Именно эмоциональная вовлечённость, способность к переживанию и передаче художественного содержания способствуют формированию индивидуального исполнительского стиля, наполняя вокальную интерпретацию внутренним художественным импульсом. В данном контексте креативность проявляется в том, что певец выступает не только как носитель музыкального текста, но и как его эмоционально-чувственный интерпретатор, создающий уникальную музыкально-образную картину.

Создание образной сферы вокального произведения основываясь преимущественно на некогнитивные механизмы, как эмпатия, интуиция, эмоциональная память, сценическое переживание придаёт исполнению индивидуально-личностную окраску. Этот процесс имеет принципиальное значение как на этапе внутреннего освоения музыкального материала, так и в условиях публичного исполнения, где эмоциональная достоверность и художественная целостность образа определяют силу воздействия на слушателя. Формирование целостного художественного образа в вокальном искусстве представляет собой единство формы и содержания, общего и индивидуального, рационального и чувственного, что подтверждает ведущую роль некогнитивного компонента в развитии творческого потенциала вокалиста [7].

Рассматривая художественный образ в певческом процессе, целесообразно трактовать его как целостное образование, отражающее эмоционально-нравственную картину как внешнего, так и внутреннего мира исполнителя. Формирование данного образа осуществляется в результате взаимодействия когнитивных и некогнитивных механизмов вокальной деятельности. С одной стороны, данный процесс опирается на образное мышление и способность вокалиста концептуализировать идеи и эмоции в звуковой форме, с другой - на эмоционально-чувственное переживание, интуицию и личностный опыт исполнителя. Начальный этап создания образной картины носит преимущественно когнитивный характер и связан с осмыслением и аналитическим освоением музыкального произведения на уровне первичного знакомства. На этом этапе музыкант осуществляет анализ музыкальной формы, мелодико-ритмической организации, гармонического языка и фактурных особенностей, что позволяет выявить ключевые смысловые ориентиры и эмоциональную направленность произведения. В результате формируются первичные художественные представления, образы и ассоциативные связи, служащие основой дальнейшей интерпретационной работы. В дальнейшем процесс создания художественного образа выходит за пределы рационального анализа и актуализирует некогнитивные механизмы, связанные с эмоциональной памятью, эмпатией, сценическим переживанием и спонтанной выразительностью. На этапе публичного исполнения произведения именно некогнитивный компонент приобретает доминирующее значение, обеспе-

чивая целостность и убедительность художественного образа. В этот момент певец предстает не только как технически и интеллектуально подготовленный исполнитель, но и как интерпретатор, способный передать слушателям глубину художественного смысла произведения через индивидуальное эмоциональное восприятие и личностно-окрашенное звучание вокального голоса [8].

Анализируя процесс вокального обучения, можно отметить, что особую значимость приобретает не только техническое совершенство голосового аппарата, но и эмоциональная отзывчивость исполнителя. Вокальный голос выступает инструментом художественной коммуникации, посредством которого передаются не только музыкальные звуки, но и эмоциональные состояния, образы и идеи. Используя тембровые краски, динамические оттенки, индивидуальную манеру исполнения и фразировку, исполнитель способен акцентировать, трансформировать и углублять образную картину произведения. В этом контексте создание художественного образа в вокальном исполнении предстает как сложный, многоплановый процесс, требующий синтеза технического мастерства, осознанного понимания музыкального материала и глубокой чувственной вовлечённости музыканта, а также позволяет не только интерпретировать авторский замысел, но и формировать уникальный эмоционально-художественный опыт для слушательской аудитории.

Интерпретаторская деятельность, являясь важнейшим компонентом вокального исполнительства, способствует развитию музыкального восприятия и включает осмысление структуры произведения, освоение стилистических характеристик, а также постижение смыслового единства музыкального и поэтического текста. Благодаря углублённому анализу музыкального материала исполнитель получает возможность воплощать собственные творческие идеи в индивидуальной интерпретации. При этом интерпретационный процесс предполагает способность студента к инновационному подходу в исполнении, проявляющемуся в привнесении оригинальных художественных решений при сохранении стилистической целостности произведения. Подобная деятельность развивает умения анализа и художественного осмысления музыкальных композиций, выявления их эмоционально-смысловых доминант, а также способствует совершенствованию вокальной техники с учётом индивидуальных психофизиологических особенностей исполнителя.

Взаимосвязь когнитивных и некогнитивных факторов в процессе вокального обучения находит отражение в исследованиях Mădălina Dana Rucsanda и её соавторов, которые подчёркивают, что эффективность вокальной подготовки обусловлена их тесным взаимодействием. Когнитивные компоненты, включающие интеллект, мышление, воображение и память, обеспечивают осознанное усвоение музыкального материала и контроль исполнительских действий. Одновременно с этим некогнитивные факторы (мотивация, установки, эмоциональные и волевые состояния) оказывают существенное влияние на глубину интерпретации и творческую продуктивность исполнителя, и в результате взаимодействия наблюдается рост креативности, позволяющий студентам более эффективно управлять своим голосом и достигать высокого уровня художественной выразительности [9].

Сондай-ақ, шетелдік педагогикада болашақ педагогтардың эмоционалдық интеллектін және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады, бұл бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеуде маңызды. Оқыту үдерісі үнемі рефлексиямен, балалармен өзара әрекеттестікті бағалаумен және жеке педагогикалық стратегияны қалыптастырумен сүйемелденеді.

Халықаралық тәжірибе инновациялық, цифрлық және тұлғаға бағытталған тәсілдердің жоғары тиімділігін көрсетеді, оларды отандық жоғары оқу орындарында музыка мұғалімдерін даярлау жүйесіне бейімдеуге болады.

Студенттердің практикалық бағыттағы даярлығы кәсіби білім берудің тұтас жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс, ол болашақ музыка мұғалімінің білікті маман ретінде қалыптасуын қамтамасыз етіп, бастауыш сынып оқушыларымен музыкалық тәрбие аясында тиімді өзара әрекеттесуіне мүмкіндік береді.

Педагогикалық практика кәсіби даярлықтағы ең маңызды буын болып табылады, ол болашақ мамандарға алған білімдерін нақты мектеп жағдайында іске асыруға, балалар ұжымымен жұмыс істеу формалары мен әдістерін меңгеруге, музыкалық материалды бейімдеуге және ойын әдістерін қолдануға

мүмкіндік береді, бұл бастауыш сынып оқушыларында музыкаға тұрақты қызығушылық қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, болашақ музыка мұғалімін бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеуге даярлау — кәсіби құзыреттерді дамыту, бастауыш сынып оқушыларының жас және психолого-педагогикалық ерекшеліктерін терең түсіну, заманауи музыкалық оқыту әдістері мен технологияларын меңгеру сияқты көптеген аспектілерді қамтитын кешенді және көпқырлы процесс болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Абдуллин Э.Б., Николаева Е. Методика музыкального образования. — М.: Музыка, 2006 г. — 336 б.
2. Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте – М.: Просвещение, 1991. – 93 б.: ил./ Психол. очерк: Кн. для учителя. – 3-е изд. – ISBN 5-09-003428-1
3. Государственный общеобязательный стандарт высшего образования РК, Астана.-2022.
4. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т.: Музыка. Учебник 1-класс. Издательство «Атамұра», 2021.-144б.
5. Теория и методика музыкального образования детей. Научно-методическое пособие для учителей музыки и студентов средних и высших учебных заведений/ Л.В. Школяр, М.С. Красильникова, Е.Д. Критская, В.О. Усачев, В.В. Медушевский, В.А. Школяр. М., 2011
6. Abril, C. R., & Gault, B. M. Teaching General Music: Approaches, Issues, and Viewpoints. — New York: Oxford University Press, 2016. — 312 p.
7. Elliott D. J. Music Matters: A New Philosophy of Music Education. — New York: Oxford University Press, 1995.
8. Slater J., Strait D.L., Skoe E., O’Connell S., Thompson E., Kraus N. Music training improves speech-in-noise perception: longitudinal evidence // Brainvolts/Northwestern University (PDF документ). — 2015.

Musabekova G.F.,

Khusainova G.A.

**FACTORS IN DEVELOPING THE MUSICAL AND PERFORMANCE
COMPETENCE OF FUTURE MUSIC TEACHERS IN DOMBRA PLAYING**

Мұсабекова Г.Ф.,

Хусаинова Г.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, PhD, профессор
**БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ДОМБЫРАДА МУЗЫКАЛЫҚ-
ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ**

Қазіргі уақытта Қазақстанда жоғары білім қарқынды даму сатысында, бұл ғылыми-технологиялық прогресс сұраныстарынан туындап отыр. Соңғы жылдары республикада оқытудың ең озық әдістерін енгізуден, заманауи инфрақұрылымды дамытудан бастап студенттерді жан-жақты қолдауға дейін оны жаңғырту және реформалау бойынша жаһандық шаралар қабылдануда [10].

Заманауи Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында жаңа формация мұғалімі – өз мамандығына қажетті кәсіптік дағдыны, педагогикалық қабілетті жетік меңгерген, үнемі жаңаға ұмтылатын, рухани дамыған, шығармашыл тұлға делінген [11].

Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының тұжырымдамасында: *«...Қазақстанның егемендігі үшін негіз болатын ұлттық қасиеттер мен мәдени мұралардың тәрбиелік әлеуетін бойыңа сіңірген ұлтшыл рухтағы жастарды тәрбиелеу, отандық ғылым саласына өз үлесін тигізу»* [12].

Мұның өзі ұлтымыздың болашағы елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын бүгінгі жас ұрпақтың тәрбиелік әлеуетін арттыруға қажеттілігін көрсетеді, ал оның бірден бір шешімі ретінде білім беру жүйесінде музыкалық-өлкетану мұрасы оқытылып, өзектендірілгенін көреміз [6].

Педагог Мағжан Жұмабаев оқу-тәрбие үдерсінде қазақ оқушыларына туған өңірі жайлы, өлкетану негізінде білім беруді ерекше назарға қойған. М.Жұмабаевтың пікірі бойынша ауыл баласы туған жерінің ауасын, судың дыбысын, бұлақтың аққанын, желдің ысқырығын, орман-тоғайдың күбірін, тау-тасын табиғи түрде сезініп өссін [4] деп, туған жердің эстетикасын көркемдеп берген.

Музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, музыкалық тәрбие беру және орындаушылық дайындық жұмыстарының барлығы музыкалық шығармаларды қабылдау мен оқумен байланысты болғандықтан, педагог-музыканттың қызметі одан музыканы, оның сипатын, мәнерлі құралдарын, тәрбиелік мүмкіндіктерін білу ғана емес, оны орындау шеберлігін талап етеді. "Музыканы үйрету" оны рухани дүниесін байыту, орындаушылық шеберлігін арттыру туралы үнемі ізденісте болуын қажет етеді [5].

Музыка мұғалімінің кәсіби дайындығы - бұл қоғамның рухани мәдениетін жеткізуші ретінде музыка мұғалімінің тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін этномәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескеруге мүмкіндік беретін гуманистік, мәдени және басқа да прогрессивті тәсілдерге негізделген жалпы мәдени (әмбебап), арнайы және кәсіби құзіреттіліктерді игерудің мақсаты, жүйелі үдерісі [1].

Қазақстан Республикасының Білім беру стандарты бойынша «Музыкалық білім» білім беру бағдарламасының түлегі-болашақ музыка мұғалімі музыкалық іс-әрекет барысында өзін жан-жақты көрсете білуі тиіс, мысалы; сыни тұрғыдан ойлау, жағдаяттардың шешімін анықтау, педагогикалық шығармашылық таныту, кретивті ойлау, өз ісінің барлық дағдыларын жетік меңгерумен қатар аспаптық-орындаушылықты шебер меңгеру т.с.с. [6].

Заманауи педагогикалық білім беру жағдайында домбырада аспаптық-орындаушылық құзыреттілігін іске асыру болашақ музыка мұғалімінің жеке тұлғасын, оның зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін ұлттық құндылықтарды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда өзекті міндеттерді шешуге бағытталған маңызды аспект болып табылады, бұл кәсіби қалыптасуда үлкен рөл атқарады. Бұл ретте, ұлттық аспап домбыра сүйемелімен орындалатын әндердің, күйлердің аңыз, шығу тарихы жайлы мәтіндерінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрін міндетті сипаттау және көрсету арқылы қазақ өнерін зерделеуде білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашатын

міндетті шарт таңдалады. Бұл, болашақ музыка мұғалімдерін оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісінде Қазақстанның, туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне мұқият қарауды, ұлттық өнердің әртүрлі түрлерінен хабардар болуға, домбырада музыкалық-орындаушылық құзіреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Халқымыздың өткендегі аса бай музыкалық мұрасы бүгінде кәсіби музыка мәдениетіміздің асыл қорын молайтып, сарқылмас бір қайнар бұлағына айналып отырғаны баршамызға мәлім. Осы орайда профессор Құдайберген Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде» былай дейді: *«Музыка мәдениетін күшейту ісінде халық музыкасының мұраларын тексерудің маңызы өте зор. Өйткені болашақтағы жоғары мәдениетті музыкамен қолда бар музыка мәдениеті арасының жібі үзілмеуі керек. Қазақтың қалың еңбекшілеріне түсінікті, әсерлі болу үшін жаңа музыка олардың құлағына жат болмауы керек. Жат болмау үшін өзінде бар музыкаға бір жағынан байланысты болуы керек. Бұрыннан бар музыка мұраларын жетістіріп, толықтырып, көркейтіп, көркемдеу жағын күшейтіп, қарапайым түрлерін гармониялап, халық музыкасындағы өмірге, тіршілікке шақыратын, ерлік, талап, жігер тудыратын элементтерін саралап алып, кертартпа, сары уайым, жастық туғызатын жағын жойып, - осы ретпен ғана қазақ ұлтының музыкасын дамытуға болады»* [3].

Композитор, дирижер, педагог Д.Б. Кабалевский: *"... егер біз оқушыларды жан-жақты, үйлесімді дамыту міндетін қоятын болсақ, онда ең алдымен музыка мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қамқорлық жасау керек"*-дейді. [1, 26-бет]. Оқу барысында туындаған мәселелерді шешу ғалымдардың пікірі бойынша, болашақ музыка мұғалімінің кәсіби дайындығына байланысты.

Жалпы білім беретін мектепте музыка мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің өзегі оның музыкалық-орындаушылық қызметі. Оның құрылымы мен мазмұнын ашу міндетін алға қойғанда, біз музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің ерекшеліктерін талдауға жүгіндік. "Мұғалім" және "музыкант" ұғымына кіретін элементтердің тығыз байланысының қажеттілігінде музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің ерекшелігі анықталды. Сонымен қатар, музыка мұғалімінің игеруге тиіс дағдыларының ішіндегі ең маңыздысы музыкалық аспапты игеру дағдысы, соның ішінде домбыра аспабын жетік меңгеру, кәсіби ойнау [1].

Болашақ музыка мұғалімінің домбырада музыкалық-орындаушылық қызметін сипаттағанда, орындаушы (мұғалім) мен автордың (күйші, әнші) өзара әрекеттесуі ретінде шығарманың көркемдік бейнесін тыңдаушысына (шәкіртіне) музыкалық шығарманы жаңғыртуға, ашуға және жеткізуге бағытталған, ән - күйдің авторлық ойын жеткізуді айтамыз. Музыкалық орындау коммуникативті функцияны орындайды, өйткені музыка ең қуатты ақпараттық үдерістің бірі болып табылады. Домбырада музыкалық-орындаушылық қызмет мәтінді (музыкалық тілді), композиторлық ойдың мазмұнын, көркемдік бейнені және шығарманың мәнін дәл беру үшін мәнерлі орындауды игеруден тұрады [7].

Қазіргі болашақ музыка мұғалімінің кәсіпнамасына қажетті домбыра аспабында «музыкалық-орындаушылық» – музыкант мұғалім қызметінің

маңызды және қажетті жағы. Музыка сабағында мұғалімнің домбыра аспабында орындаушылық қызметі - орындалатын ән-күйдің, шығарманың мәдени маңыздылығы, шығу тарихы, оның семантикалық жүктемесі туралы саналы идеяны көрсететін шығармашылық әрекет болып табылады.

Музыкалық-орындаушылық қызметтің ерекшелігі педагог-музыкант М.Д. Корнуховтың зерттеуінде көрініс тапты. Оның "музыкалық педагогикалық білім берудегі орындаушылық интерпретация феномені" атты диссертациясында музыкалық-орындаушылық қызмет айқын тұлғалық сипатқа ие, өзіне шығармашылық үдерісті біріктіріп алады. осы үдерістің өнімі - көркемдік құндылықтың иесі дейді [8].

Профессор Г.М. Цыпиннің айтуы бойынша *музыка мұғалімінің кәсіби қызметінде негізгі қызмет музыкалық-орындаушылық қызмет болып табылады, онсыз музыка мұғалімін елестету қиынға соғады.* Автор музыка мұғалімінің музыкалық-орындаушылық қызметі музыкалық шығарманың мәтінін игеруден, шығарманың мазмұнды композиторлық ниетін жеткізуден, музыкалық шығармада бейнеленген музыкалық образдарды қайта құрудан, авторлық мәтінді дәл беру үшін экспрессивті құралдарды таңдаудан, яғни, түсіндіруден дейді [9].

Музыкалық орындаудың домбырада аспаптық-орындаушылық үдерісте болашақ музыка мұғалімі оқушыға ән-күй, шығарманы орындамастан бұрын, алдымен күйді (шығарманы) өзі түсініп, сана-түйсігіне қабылдап, кәсіби орындауда тыңдарманына жеткізе білу ең басты ерекшелік болып саналады. Музыкалық орындаудың ерекшелігін сипаттауда В.Л.Живов музыкалық орындаушылық үдерісте өзара байланысты екі негізгі компонент бар екенін атап өтті: шығарманың мәнін түсіну (қабылдау) және оны жеткізу (орындау, тапсыру). Сонымен қатар, зерттеушінің пікірінше, бұл тек орындаушылық үдерістің компонентері ғана емес, оның дәйекті кезеңдері, олардың әрқайсысы өз кезегінде салыстырмалы түрде тәуелсіз бөлімдерді қамтиды. "Түсіну шығарманы толық зерделеуді және осы негізде орындаушылық идеяны, орындаушылық тұжырымдаманы құруды білдіреді; тапсыру дегеніміз - бұл идеяны дайындық жұмыс барысында және көпшілік алдында концерттік қойылым барысында жүзеге асады" [12. 256.].

Музыкалық-орындаушылықтың мәні - музыкалық шығарманың (күйдің) шығармашылық көркемдік интерпретациясы болып табылады, ол нақты орындаушылық музыкалық-экспрессивті құралдардың көмегімен тыңдаушылар үшін музыкалық мәтінді дауыстау, айту, интонациялау, шығу тарихын айту арқылы көрінеді, олар: ең нәзік интонациялық нюанстар, агогикалық, динамикалық, тембрлік және ырғақтық ауытқулар, дыбыс шығарудың әртүрлі тәсілдері және артикуляция [2.].

Домбырада аспаптық-орындаушылық қызмет түрлері туралы айта отырып, орындаушылық техника мәселелерін, күйшілік мектептің орындалу ерекшелігін айыра білу, атап айтқанда музыкалық-орындаушылық қозғалыс мәселесін қозғау қажет. Ол музыкалық-пластикалық іс-әрекетте ең айқын көріністі табуда, онда қозғалыс визуалды көрнекі түрде пайда болады. Мұндай қозғалыстың дыбыстық музыкамен байланысы визуалды және көрнекі болып келеді, сондықтан оқушының орындауында шығарманың көркемдік бейнесіне енуінің көрсеткіші бола алады [8].

Музыкалық аспапта орындауда орындаушылық қозғалыс маңызға ие, шығарманың мінезі, бағыты, аспаппен байланыс болғанда интонациялау сапалы болады. Алайда, бұл қозғалыстар көбінесе "жинақталған" және оларды

мұғалімнің бақылауы белгілі қиындық тудырады. Мұндағы басты критерий музыкалық дыбыстың сапасы және орындаушының қимылдарының табиғилығы болуы мүмкін [8].

Домбырада музыкалық-орындаушылық қызмет барлық музыкалық сабақтардың ажырамас бөлігі. Бұл оқушыға музыкалық орындаудың табиғатын сезінуге, өзін музыкантпын деп сезуге, елінің тұрмыс тіршілігімен, салт-дәстүрімен танысуда, тарихын білуде, қабылдауға қабілеттілігін, музыканы тану және оны өз қызметінде жүзеге асыруға көмектеседі. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Э.Б.Абдуллиннің айтуы бойынша "Музыкалық шығарманың өмірі оның орындауында, яғни интонация арқылы оның мағынасын ашуда..." [7].

Осылайша, ұлттық музыкалық өнердің табиғатын ашу әсіресе музыка мұғалімінің шығармашылығы үшін үлкен мүмкіндіктер береді, музыкалық шығармаларды түсіндіру, аңыз-әңгімелерді айту, жарқын, бейнелі орындау қабілеті тыңдаушылардың эмоционалды реакциясы мен шығармашылық жағдайын тудырады. Музыкалық шығармаларды терең және шынайы түсіндіру қабілеті тұлғаның дүниетанымымен, жалпы мәдениетімен, жан-жақты білімімен музыкалық қабілеттерімен, эмоционалды-еріктік қасиеттерімен, ішкі сана түйсігімен тығыз байланысты.

Бұл факторлар арқылы домбырада музыкалық-орындаушылық қызметтің сәттілігі анықталады. Теориялық ережеге сүйене музыка мұғалімінің домбырада музыкалық-орындаушылық қызметінің ерекшеліктерін ашатын, сонымен қатар құзыреттілік тәсілдің нақты ережелеріне сүйене отырып болашақ музыка мұғалімінің домбырада музыкалық-орындаушылық қызметін тұлғаның интегративті білімі ретінде анықтадық. Домбырада орындаушылық қызмет өз кезегінде жүйелі ұйым, күрделі көп деңгейлі құрылым және жиынтық ретінде әрекет етуі, жеке, когнитивті өзара әрекеттесу дәрежесі болып табылатын белсенді және рефлексивті компоненттердің қалыптасуы болашақ музыка мұғаліміне музыкалық тұрғыда тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді [7].

Ұлттық қазынамызға енген Домбыра аспабындағы орындаушылық өнер қазіргі кезде кәсіби деңгейде жоғары мектептің барлық сатыларында жан-жақты зерттеліп, ғылыми тұрғыда әзірленуде, қарқынды дамуда. Осы үдеріс жалпы орта мектептерде де өз жалғасын табуда. Ұлттық құндылықтарымызды балабақша тәрбиеленушілеріне де арнайы бағдарламалар арқылы дәріптелуде.

Астана қаласында 2019 жылы Шілде айының 7 күні «Ұлттық Домбыра» мерекесін тойлау барысында Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: – *«Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Домбыра әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз бола беруі тиіс. Бүгін барша халық болып ұлттық аспаптан шыққан күйдің құдіреті мен қуатын сезіндік. «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай», «Әлқисса» күйлері ұлттық рухымызды көтеретін таңғажайып туындылар. Домбыраның пернесінен шыққан күйде халқымыздың терең тарихы бар. Біз атадан балаға аманат болған асыл мұрамызды сақтап, қадір тұтуымыз қажет. Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Оларды бір-бірінен айыру әсте қиын. Бабадан жеткен бұл өнерді өскелең ұрпақтың бойына жаппай сіңіру керек. «Кейінгі буын домбырадан қол үзбесін», – деді [13].*

Әдебиеттер:

1. Абдуллин Э.Б. Теория музыкального образования: Учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений / Э.Б.Абдуллин, Е.В.Николаева. -М.: Издательский центр "Академия", 2004.-336 с.
2. Живов В.Л. Теория хорового исполнительства. – М., Изд-во МГТУ им. Н.Э.Баумана, 1998. -282 с.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 306 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Орынбор, 1922. – 110 б.
5. Каузова А.Г. Фортепианная музыка А.Н. Скрябина и Д.Д. Шостаковича в исполнительской подготовке педагога-музыканта. Учебное пособие. - Москва : Белый ветер, 2014. - 45стр.
6. Кожебаев Д.Е. Музыкалық өлкетану мұрасы ретінде музыка мұғалімін дайындау. Мәтін. Phd дисс., автореф. / Кожебаев Д.Е. Астана, 2023.
7. Тимошина, Е.И. Педагогические условия развития социально-перцептивной компетентности будущих педагогов в процессе высшего профессионального образования Текст.: автореф. дис. .канд. пед. наук / Е.И.Тимошина.Череповец, 2002.
8. Корноухов М.Д. Феномен исполнительской интерпретации в музыкально педагогическом образовании.// <https://www.dissercat.com/content/fenomen-ispolnitelskoi-interpretatsii-v-muzykalno-pedagogicheskom-obrazovanii>.
9. Цыпин Г.М. Музыкальное исполнительство. Исполнитель и техника: учебник для вузов / Г.М.Цыпин. – 2-е изд., испр. И доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2025.- 193с.
10. <https://oq.gov.kz/ru/b-edu>
11. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P22000000941>
12. Қазақстан Республикасы ұлттық саясаты тұжырымдамасы. «Тәуелсіздікті қорғау» халық қозғалысы әзірлеген. 18.01.2010 жыл // <https://abai.kz/post/2782>
13. <https://www.akorda.kz/kz/events/astana>

*Nildibayeva Minuara,
Balagazova Svetlana*

**THE ISSUE OF ORGANIZING STUDENT'S LISTENING ACTIVITIES IN
MUSIC LESSONS THROUGH THE USE OF DIGITAL TECHNOLOGIES**

Нильдибаева М.А.

Балагазова С.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд.профессоры

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТЫНДАУШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН МУЗЫКА
САБАҒЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ**

Қазіргі білім беру үдерісінде оқушылардың тыңдаушылық іс-әрекетін дамыту - маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Тыңдаушылық іс-әрекет тек ақпаратты қабылдау ғана емес, сонымен қатар оны талдау, түсіну, салыстыру және өз ойымен байланыстыра алу қабілетін дамытады. Ал бүгінгі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы тыңдаушылық іс-әрекетті ұйымдастыруға жаңа мүмкіндіктер ашты. Онлайн

платформалар, мультимедиялық бағдарламалар, интерактивті қосымшалар арқылы оқушылар белсенді түрде тыңдауға, ақпаратты талдауға және бағалауға үйренеді. Ал ол өз кезегінде оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін, проблемаларды шешу дағдыларын және сыни ойлауын дамытудың маңызды факторы болып табылады. Музыканы тыңдау - оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастырудағы, эстетикалық талғамын дамытудағы негізгі компоненттердің бірі. Дәстүрлі музыкалық сабақтарда оқушылар әдетте тек музыканы тыңдап, есте сақтаумен шектелетін. Осы әдіс оқушылардың музыканы терең талдау, ритм мен гармонияны түсіну қабілеттерін дамытуға шектеулі мүмкіндік береді [2]. XXI ғасырда цифрлық технологиялар осы үдерісті өзгертіп, интерактивті, визуалды және мультимедиялық әдістерді енгізді. Яғни, цифрлық технологиялар интерактивті оқытуды жүзеге асырып, музыканы талдау, ритм мен гармонияны түсіну қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, интерактивті музыкалық тапсырмаларды орындау оқушылардың есте сақтау қабілетін 20-30% арттырады, ал цифрлық технологияларды қолдану сабаққа қатысу белсенділігін жоғарылатады [9].

Осыған байланысты, қазіргі заманғы музыкалық білім беруде цифрлық технологияларды қолдану қажеттілігі артып келеді. Оқушылардың тыңдаушылық іс-әрекетін ұйымдастырудағы цифрлық технологиялардың әлеуетін зерттеу - олардың тиімділігін анықтау, сабақтарда қолдану жолдарын көрсету, сонымен қатар болашақ зерттеулерге бағыттар жасау үшін маңызды. Зерттеудің нысаны - цифрлық технологияларды қолдану арқылы тыңдау іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға және оқушылардың белсенділігін арттыру, ал зерттеудің пәні - цифрлық технологиялардың осы іс-әрекетке әсері, оларды қолдану арқылы оқушылардың тыңдаушылық қабілеттерін дамыту процесі.

Қазіргі педагогикалық зерттеулер тыңдаушылық іс-әрекеттің білім беру процесіндегі рөлін ерекше атап көрсетеді. Тыңдаушылық қабілеттерді дамыту оқушылардың ақпаратты дұрыс қабылдау, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастырады. Цифрлық технологиялар осы үдерісті жаңа деңгейге шығарып, оқу процесін интерактивті, қызықты және тиімді етеді.

Осы зерттеудің мақсаты оқушылардың тыңдаушылық іс-әрекетін ұйымдастыру үдерісінде цифрлық технологиялардың педагогикалық әлеуетін айқындау және олардың музыкалық білім беру жүйесіндегі тиімділігін ғылыми тұрғыда негіздеу болып табылады. Аталған мақсатқа жету үшін тыңдаушылық іс-әрекет ұғымының мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктері талданып, оқушылардың тыңдаушылық қабілеттерін дамыту жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, тыңдаушылық іс-әрекетті ұйымдастыруда қолданылатын цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері анықталып, олардың музыканы қабылдау, талдау және бағалау үдерісіне ықпалы зерделенеді. Зерттеу барысында цифрлық платформаларды оқу үдерісінде қолданудың тиімді тұстары айқындалып, алынған нәтижелер негізінде практикалық ұсыныстар мен болашақ зерттеулердің бағыттары ұсынылады.

Музыкалық тыңдаушылық іс-әрекет қазіргі музыкалық-педагогикалық әдебиетте, «музыкаға эмоционалды түрде жауап беру қабілеттерінің, естігенді қарапайым түрде талдай алу дағдысының, ұнаған музыкалық шығарманы ажырата білу қабілеттерінің жиынтығы» ретінде қарастырылады.

Э.Б.Абдуллин мен Е.В.Николаева атап өткендей, «музыкалық тыңдаушылық іс-әрекет тәжірибесі, әртүрлі мінез-құлықтағы, мазмұндағы және музыкалық көркемдік құралдары әртүрлі музыкамен жеке тұлғаға тән эмоционалды-бейнелі қарым-қатынас негізінде, сондай-ақ музыкалық-тыңдау бойынша интонациялық табиғаты, түрлері, жанрлары мен формалары әртүрлі музыка туралы түсініктерді жинақтау арқылы қалыптасады» [1].

Басқа музыкалық қызмет түрлеріне қарағанда, музыканы тыңдау арқылы адамдар әлдеқайда көп әсер алады. Түрлі бақылаулар көрсеткендей, оқушылар Л.В.Бетховен, И.С.Бах, А.Вивальди, В.А.Моцарт, сонымен қатар, қазақ композиторлары, Н.Тілендиев, М.Төлебаев, Ш.Қалдаяқовтың және басқа да композиторлардың музыкаларын қуана тыңдайды. Ритмикалық музыкаға олар еріксіз қозғалыстар арқылы жауап береді. Дұрыс әдістемелік ұйымдастырылған музыканы тыңдау оқушылардың қызығушылығын, музыкалық қабілеттерін және шығармашылық әрекеттерін дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде олардың музыкалық мәдениетін қалыптастырады.

Тыңдаушылық іс-әрекетте музыкаға деген эмоционалды сезімталдық, келесі дағдылар арқылы дамиды: «музыкалық интонацияны қабылдау, естіген шығарманың мазмұнына эмоционалды жауап беру; музыканы тыңдағаннан кейінгі ішкі күйін, сезімдерін, әсерлерін және музыка туғызған ойларын сипаттау; тыңдалған шығарманың бейнелі-эмоциялық мазмұнын, музыкалық көркемдік құралдарын, олардың өзара байланысын, тыңдалған шығарманы сол автордың басқа туындыларымен, басқа композиторлардың шығармаларымен, басқа өнер түрлерімен және өмірлік бастаулармен салыстыра отырып, ерекшеліктерін анықтау».

Музыкалық білім беру саласында оқушылардың тыңдаушылық іс-әрекетін ұйымдастыру күрделі көпкомпоненттік әдіснамалық жүйе болып табылады, ол музыкалық компетенттілікті кешенді қалыптастыруға бағытталған. Мұндай жүйенің негізін Л.С. Выготскийдің оқу үдерісінде белсенді мән мен интерпретацияның рөліне қатысты педагогикалық теориялық тұжырымдары, сондай-ақ Ж.Пиаже белгілеген когнитивтік құрылымдардың кезең-кезеңімен дамуы құрайды. К.Орф, Э.Керн және Л.Янковскийдің музыкалық қабылдау концепцияларында тыңдаушылық іс-әрекет когнитивтік, эмоционалдық және шығармашылық аспектілерді біріктіретін интегративтік процесс ретінде қарастырылады.

Музыкалық білім беру зерттеушілерінің пікірінше, тыңдаушылық іс-әрекеттің әдіснамалық жүйесі төрт логикалық байланысты компоненттен тұрады, олар оқушылардың компетенцияларын кезең-кезеңімен дамытуды қамтамасыз етеді. Бірінші компонент **перцептивті-танымдық**, ол музыканы қабылдаудың бастапқы кезеңіне сәйкес келеді. Э.Керн және Дж.Д. Кокс зерттеулері бойынша, осы кезеңде музыканы сенсорлық қабылдау және ұйымдасқан тыңдау қабілеті қалыптасады. Бұл компонент музыкалық дыбысты феномен ретінде қабылдауды, ритмді, тембрді, дыбыстың биіктігі мен мелодиялық қозғалысты сезінуді, сондай-ақ бастапқы музыкалық образ қалыптастыруды қамтиды [8]. А.Штайнердің «актты тыңдау» теориясына сәйкес, музыкалық қабылдау тұтас және бағытталған болуы тиіс, бұл компонентті аналитикалық ойлаудың негізі етеді.

Келесі *аналитикалық-танымдық компонент* музыкалық шығарманы саналы талдауды қамтиды. Г. Шайнман мен Э. Коппе пікірінше, талдау сезімдік қабылдаудан музыка құрылымын түсінуге өтудің негізгі құралы болып табылады. Осы кезеңде оқушылар шығарманың формасын, құрылымын, темпін, динамикасын және фактурасын зерттейді, музыкалық элементтерді бөліп көрсетеді және салыстырады, композитордың ойлау принциптерін анықтайды [5]. Логикалық ойлау музыкалық-аналитикалық қабілеттілікті дамытады, ол музыкалық білім беруде шешуші рөл атқарады (У. Бенгуру).

Маңызды компоненттердің бірі *рефлексивтік-бағалау*, ол музыкалық шығарманы эстетикалық бағалау және өз эмоционалдық реакцияларын түсінуді қамтиды, сонымен қатар оқушының эстетикалық ұстанымын қалыптастыруға, эмпатиялық қабылдауды дамытуға және музыкалық қызметті сыни тұрғыдан осмыслуға ықпал етеді. Бұл компонент музыканы тұлғаның эмоционалдық және құндылықтық саласын дамыту құралы ретінде көрсетеді.

Соңғы *шығармашылық-интерпретациялық компонент* тыңдаушылық іс-әрекеттің қорытындысын білдіреді және музыкалық әсерлерді сөз, қозғалыс, көркем шығармашылық немесе орындау арқылы көрсету қабілеті ретінде сипатталады. Г. Штерн мен Р. Рейс ұсынған праксис-қағидаларына сәйкес, шығармашылық - музыкалық материалды менгерудің ең жоғары кезеңі болып табылады. Бұл компонент тыңдалған музыканы көркем түрде интерпретациялауды, өз музыкалық ой-пікірлерін жасауды және музыкалық тәжірибені жеке рефлексиялауды қамтиды, когнитивтік, эмоционалдық және орындаушылық қабілеттердің ең күрделі үйлесімін көрсетеді.

Цифрлық *технологиялар* барлық компоненттерге ықпал ететін маңызды әдіснамалық ресурс ретінде қызмет етеді. Оларды қолдану музыкалық тыңдаудың мазмұны, формасы және әдістерінде сапалық өзгерістерді жүзеге асырады, бұл сандық педагогика саласындағы зерттеулермен расталады. Цифрлық технологиялар тыңдаушылық іс-әрекеттің тиімділігін арттырады, соның ішінде музыкалық материалды интерактивті ұсыну, шығармалардың құрылымын визуализациялау, шұғыл кері байланыс және дербес талдау мүмкіндіктері арқылы.

Цифрлық *интеграцияның* негізгі мақсаты оқушылардың тыңдаушылық компетенттілігін дамыту: саналы музыкалық қабылдауды қалыптастыру, шығармашылық ойлау мен көркем интерпретацияны ынталандыру, эмоционалды сезімталдықты нығайту және мәдени-эстетикалық тәжірибені кеңейту, соның ішінде дүниежүзілік музыкалық дәстүрмен таныстыру. Осы тәсіл Л. С. Выготскийдің мәдени-тарихи дамудың теориясымен және қазіргі заманғы цифрлық музыкалық сауаттылық тұжырымдарымен үйлеседі.


Музыкалық білім беру саласында цифрлық технологияларды қолданудың практикалық бағыттары бірнеше аспектіден тұрады. Біріншіден, *музыкалық мазмұнды визуализациялау* ноталық көріністер арқылы көрсету, спектрлік диаграммалар, музыкалық формалардың анимациясы арқылы аналитикалық қабылдауды күшейтеді. Екіншіден, *интерактивті оқу әрекеттері*, оқушыларды кері байланыс пен бейімделген тапсырмалар арқылы белсенді түрде қатыстыруды қамтамасыз етеді, бұл Дж. Брунердің конструктивизм теориясына сәйкес келеді. Үшіншіден, *оқытуды дараландыру*, музыкалық фрагменттермен дербес жұмыс жасауға мүмкіндік береді, бұл Р. Берлайнның диф-

ференцияланған оқыту принциптерімен үйлеседі. Соңында, **эмоциялық әсер**, мультимедиялық құралдар арқылы іске асырылады, ол метабілімді дамытуға және оқушылардың эмоционалды сезімталдығын қолдауға ықпал етеді, бұл педагогика және эмоциялар когнитивтік теориясындағы зерттеулермен расталады (Д. Майер, Р. Соловей).

Осылайша, музыкалық білім беру саласындағы оқушылардың тыңдаушылық іс-әрекетін ұйымдастыру методологиялық, музыкалық және сандық технологиялық принциптерді біріктіретін интегративтік процесс, ол оқушылардың музыкалық компетенцияларын кешенді қалыптастыруға мүмкіндік береді.


Цифрлық технологиялар арқылы оқушылар музыкалық шығармаларды тыңдап қана қоймай, олардың құрылымын, ритмін, тембрін, динамикасын автоматты түрде талдай алады. Оқушылардың музыкалық қабылдауын кеңейтеді, дыбыстарды ажырату, салыстыру, есте сақтау дағдыларын дамытады. Осы бағытта біздің ойымызша, “Musicca”, “musictheory.net” платформалары ерекше тиімділік көрсетеді.

Musicca - музыкалық есту, ритм, интервал, аккорд, нота тану сияқты тыңдаушылық дағдыларды дамытуға арналған интерактивті платформа. Ондағы жаттығулар дыбысты тыңдап, дәл анықтауды талап етеді. Оқушылардың музыкалық есту қабілетін жүйелі түрде дамытады. Жаттығулардың қателерді бірден көрсету функциясы тыңдаған дыбысты нақты ажыратуға, тыңдау дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушы өзінің деңгейіне сәйкес тапсырмаларды таңдай алады, яғни, жеке дара оқытуды қамтамасыз етеді. Тыңдаушылық іс-әрекетін дамыту: *Musicca* арқылы оқушылар ноталарды, интервалдарды, аккордтарды жаттап, музыкалық құрылымдарды тыңдағанда оларды автоматты түрде тану дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, музыканы талдау қабілетін арттыра отырып, тыңдаушылық іс-әрекетті белсенді етеді [10].



Musictheory.net платформасы музыкалық теорияны үйренуге арналған тегін онлайн ресурс болып табылады. Онда үш негізгі бөлім бар: Lessons (сабақтар), Exercises (жаттығулар) және Tools (құралдар). Сабақтар бөлімінде ноталар, кілттер, интервалдар, гаммалар, аккордтар және музыкалық құрылымдардың негіздері қарастырылады. Жаттығулар арқылы оқушылар өздігінен теориялық материалды бекітіп, интервалдарды тану, ноталарды оқу және музыкалық үлгілерді талдауды меңгереді. Құралдар бөлімі виртуалды пианино, ноталық қағаз генераторы және музыкалық калькулятор сияқты құралдарды ұсынады. Тыңдаушылық іс-әрекет тұрғысынан, musictheory.net

оқушыларға музыканы көру, есту және талдау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар интервалдарды жаттықтырып, содан кейін оларды музыкалық шығармаларда тыңдап, қолдануын тәжірибеде көре алады [11].



Цифрлық технологиялардың әлеуеті келесі бағыттарда көрінеді:

- Теория мен практиканы біріктіру: теориялық білім интерактивті тапсырмалар мен шығармашылық жобалар арқылы бекітіледі.

- Тыңдаушылық қабілеттерді дамыту: интервалдарды, аккордтарды, гаммаларды есту және тану қабілеттері шыңдалады.

- Шығармашылық белсенділікті арттыру: композиция жасау тәжірибесі оқушылардың ойлау қабілетін және шығармашылық қиялын дамытуға септігін тигізеді.

- Жүйелі және дербес жұмыс жасау мүмкіндігі: әр оқушы өз деңгейінде теорияны меңгеріп, тәжірибелік тапсырмаларды орындай алады.

- Оқыту тиімділігін арттыру: сабақтар интерактивті әрі визуалды, қызықты форматта өтеді, бұл оқушылардың мотивациясын күшейтеді.

Көптеген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, цифрлық технологиялар оқушылардың тыңдаушылық іс-әрекетіне айтарлықтай оң әсер етеді. Цифрлық платформалардың тағы бір маңызды әсері - олар оқушыны белсенді тыңдауға ынталандырады. Әдеттегі тыңдау барысында оқушы тек тыңдаушы болса, цифрлық технологиялар арқылы оқушы - белсенді қатысушы, талдаушы, салыстырушы және шығармашылықпен жұмыс істейтін пайдаланушыға айналады. Тыңдаушылық іс-әрекеттің нәтижелілігін арттырады. Жалпы алғанда, цифрлық технологиялардың тыңдаушылық іс-әрекетке әсері келесідей көрінеді:

- музыкалық есту қабілетін жүйелі дамыту;
- тыңдауды интерактивті, белсенді процесс ретінде ұйымдастыру;
- жеке оқу қарқындылығын қамтамасыз ету;
- музыкалық материалды талдау мүмкіндіктерін кеңейту;
- шығармашылық тыңдауды дамыту;
- эмоциялық қабылдауды тереңдету.

Жүргізілетін зерттеу нәтижелері арқасында цифрлық технологиялардың оқушылардың тыңдаушылық іс-әрекетін дамытуда маңызды орын алатынын

көрсетеді деген ойдамын. Музыкалық материалды интерактивті форматта тыңдау, талдау және өңдеу мүмкіндігі оқушылардың белсенді қатысуын арттырып, олардың музыкалық есту, ажырату, салыстыру, есте сақтау сияқты дағдыларын жүйелі жетілдіреді. Оқу процесіне цифрлық ресурстарды енгізу оқушылардың музыкаға қызығушылығын арттырып, олардың жеке оқу қарқыны мен қабілетіне бейімделген тиімді оқыту ортасын қалыптастырады. Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс жеделдейді, себебі технологиялар қателерді дереу көрсетіп, оқушының тыңдау нәтижелерін нақты тіркеп отырады. Осылайша, цифрлық технологиялар музыкалық тыңдау мәдениетін қалыптастыруға, музыкалық ойлауды дамытуға және білімнің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың музыканы қабылдау деңгейі артатыны, шығармашылық қабілеттері дамитыны, сабаққа қатысу белсенділігінің жоғарылайтыны ғылыми зерттеулермен дәлелденген. Сонымен қатар, цифрлық платформалар оқушылардың жеке және топтық жұмыстарын үйлестіріп, музыкалық талдау мен шығармашылық әрекетті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл әдістің де шектеулері бар. Біріншіден, техникалық жабдықтың жеткілікті болуы қажет. Екіншіден, кейбір платформалардың ақылы болуы және оларды дұрыс қолдану үшін мұғалімнің қосымша дайындығы талап етіледі. Дегенмен, дұрыс ұйымдастырылған жағдайда цифрлық технологиялар оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуда және тыңдаушылық іс-әрекетін ұйымдастыруда тиімді құрал болып табылады.

Болашақта осы бағыттағы зерттеулер цифрлық технологиялардың әр жастағы оқушыларға әсерін салыстыру, онлайн және офлайн тыңдау әдістерінің тиімділігін анықтау сияқты мәселелерге бағытталуы мүмкін. Жалпы алғанда, цифрлық технологияларды музыка пәніне жүйелі енгізу - оқушылардың тыңдаушылық іс-әрекетін жан-жақты дамытудың заманауи әрі тиімді жолы. Әрине, осы жолда қиындықтар мен қателіктер болады, оларды болашақта да болдырмау мүмкін емес. Бірақ басты жетістік - оқушылардың қызығушылығы, шығармашылыққа дайын болуы, жаңа білім алуға деген құштарлығы және өздігінен әрекет ету сезімі.

Әдебиеттер:

1. Абдуллин Э.Б. Николаева Е.В. Музыкалық білім беру әдістемесі: / М.И.Ройтерштейн жалпы редакциясымен. - М.: Музыка, 2006. – 336 б.
2. Замятина Т.А. «Современный урок музыки», учебно-методическое пособие -М., Издательство «Глобус»-2010 г.
3. Berliner R. *Differentiated Instruction in Music* / R. Berliner. - Chicago, IL : GIA Publications, 2003. - 250 p.
4. Bruner J. *The Culture of Education* / J. Bruner. - Cambridge, MA : Harvard University Press, 1996. - 280 p.
5. Kern P. *Excursions in World Music* / P. Kern. - Upper Saddle River, NJ : Prentice Hall, 2002. - 350 p.
6. Mayer R. E. *Multimedia Learning* / R. E. Mayer. - Cambridge : Cambridge University Press, 2009. - 450 p.
7. Orff C., Keetman G., Schwarze H. E. *Music for Children* / C. Orff, G. Keetman, H. E. Schwarze. - New York, NY : Schott & Co., 1960. - 200 p.

8. Shainman E. *Musical Analysis and Perception* / E. Shainman. - New York, NY : Routledge, 2010. - 280 p.
9. <https://sdmsh.perm.muzkult.ru/> сайт - «уроки слушания музыки и музыкальной литературы».
10. <https://www.musicca.com/ru>
11. <https://www.musictheory.net/exercises/ear-note>

Tulegenova Aida

**PEDAGOGICAL POSSIBILITIES OF INFORMATION AND
COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN VOCAL AND CHORAL
WORK FOR FUTURE MUSIC TEACHERS**

Тулегенова А.Е.

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ИНФОРМАЦИОННО-
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ВОКАЛЬНО-ХОРОВОЙ
РАБОТЕ ДЛЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ**

Технический прогресс в области цифровых технологий стремительно захватил все сферы науки и практики. Каждый современный человек имеет персональный компьютер и сотовый телефон, умело пользуется фото и видеокameraми. Информационно-коммуникационные технологии активно используются в современном образовательном процессе. Не составляет исключения современное музыкальное образование, активно привлекающее компьютерные технологии в музыкально-педагогический процесс, в том числе, в вокально-хоровую деятельность. Возросла роль музыкально-компьютерных технологий, как на уроках музыки, так и во внеурочное время при подготовке педагога к занятиям музыки, при выполнении учащимися домашних заданий и, конечно же, в творческой и проектной деятельности. Цель настоящей статьи – выявить возможности практического применения информационно-коммуникационных технологий для будущего учителя музыки в профессиональной деятельности. Современная музыкальная педагогика имеет широкие возможности для внедрения музыкально-компьютерных технологий, позволяющих синтезировать традиционные формы работы с инновационными. Музыкальная работа с детьми общеобразовательных школ и система дополнительного образования по музыке включает создание вокальных ансамблей (кружков) и хоровое пение.

Каждый из этих видов деятельности строится с учетом возрастных психофизических возможностей детей и их физиологических особенностей. Вокально-хоровую работу с детьми младшего школьного возраста целесообразно начинать параллельно с «пробуждения» эмоций, постижения чувственного аспекта музыкальных произведений. В этом направлении деятельности компьютер позволяет иллюстрировать любой рассказ, углубить восприятие музыки школьниками.

С помощью компьютера несложно создать синкретический зрительный ряд: портреты композиторов, музыкантов-исполнителей, тематические рисунки, нотную графику, фрагменты рукописей музыкальных произведений, раз-

нообразные репродукции созвучных произведений изобразительного искусства, музейные материалы, документальные и художественные фотографии. Привычными для уроков музыки стали звуковые фонограммы музыкальных произведений, прежде всего, песен («плюсовки» и «минусовки»), которые дают возможность обучающимся участвовать на концерте.

Следовательно, занятие с использованием информационно-коммуникационных технологий, оснащенный всеми необходимыми компонентами, в совокупности с правильно отобранными технологиями обучения становится базой современного музыкального образования, гарантирующей необходимый уровень качества, дифференциации и индивидуализации обучения и воспитания. Чем младше дети, тем богаче и детальнее должна иллюстрироваться тема.

Принцип наглядности, связывающий воедино музыкальные и слуховые впечатления. Большую помощь в этом плане могут оказать показанные на компьютере (мультимедийном экране) наглядные средства – таблицы, карточки, рисунки дирижерских жестов, изображение правильной певческой установки, средств музыкальной выразительности и т.д. Современные школы диктуют освоение детьми нотной грамоты с начальной школы, что очень утомительно для детей этого возраста.

И в этом большую помощь может оказать информационно-коммуникационные технологии. На сегодняшний день существует несколько программ нотных редакторов: Encore, Score, Finale, Sibelius, две последних из них предназначены для нотного набора различной сложности. Овладение одной из этих программ создает возможность для учителя (педагога-руководителя вокального кружка) набирать (создавать) нотный текст, воспроизводить в звуке набираемую партитуру, сохранять в графическом варианте нотный текст и распечатывать на принтере для участников детского коллектива. Эти же программы обеспечивают перевод нот в MIDI-сообщение (Midiscan), конвертирование звукового файла в MIDI и нотный текст.

В общеобразовательной школе на уроках музыки, в системе дополнительного образования, в вокальном кружке учителя музыки широко используют видео и аудио презентации. Видео презентации позволяют выполнить программа «Cyber Link Power Director», обладающая безграничными возможностями для создания высококачественных презентаций.

Благодаря удобному интерфейсу программы можно добавлять видео и фото на отдельные дорожки, а затем соединять их в единое целое. Кроме того, программа позволяет объединять видеоролики и фото с аудиозаписью и, таким образом, создавать музыкальные видеопрезентации как в видео, так и в аудио формате.

Компьютер, подключенный к интернету, дает безграничные возможности для активизации внимания детей: к процессу можно «привлечь» как лучших исполнителей современности, так и раритетные архивные записи. Такая форма работы существенно расширяет кругозор детей и, впоследствии, выведет их на самостоятельную аналогичную работу. Успех занятий пением во многом зависит от создания благоприятных условий по организации необходимого режима занятий. Правильные вокально-хоровые навыки у детей закрепляются постепенно, однако ежедневные усердные занятия становятся де-

тям скучным и утомительными. Сделать весь процесс увлекательным учить музыки можно с помощью информационно-коммуникационных технологий, создав и используя в работе видео или аудио фонограммы для распевания и для исполнения песен. Эта работа аналогична караоке, но выполняет обучающую функцию.

На занятиях требуется хотя бы в минимальной мере нейтрализовать отрицательные явления возраста, использовать щадящий режим труда и отдыха, снимать утомляемость, активно менять формы деятельности. «Вести занятия по мозаичному принципу, чаще чередуя формы работы: пение, слушание музыки, подбор мелодии, импровизация, повторение» [4, с. 18].

В интернете можно найти немало подходящих фрагментов для «музыкальной минутки», которые станут постоянным помощником учителя музыки и будут способствовать организации внимания на уроке.

Младшие школьники тяготеют к стереотипным действиям и стандартам поведения, что дает учителю музыки важную неизменную последовательность в организации и проведении урока: распевание, разучивание песни, индивидуальный опрос по пению, повторение и т. п. Все содержание занятия должно быть обращено к эмоциональной сфере детей, вызывать интерес, затрагивать струны его души.

Применение компьютера для показа и разнообразных исполнений одного и того же произведения в целях создания собственной исполнительской концепции – еще один ракурс включения компьютерных инноваций в урок музыки. Для учащихся средних классов компьютерные технологии могут помочь преодолеть трудности с избытком энергии, избежать ситуаций томительного ожидания.

Тщательная подготовка учителя музыки к планированию и проведению занятия позволяет вовлекать в активную работу как можно больше детей. Информационно-коммуникационные технологии позволяют апеллировать к большому объему музыкальных произведений, предназначенных для слушания музыки, большей частью связанных с разнообразным миром человеческих чувств.

Интересы подростков важны также, как и для детей, более младшего возраста, поскольку только под влиянием интереса развивается музыкальная наблюдательность, интеллектуальная активность, обостряется работа воображения, восприятия, усиливается произвольное внимание, сосредоточенность.

Поддержанию интереса к музыкально-учебному материалу у подростков способствует параллельное разучивание академического и эстрадного материала. Жажду популярности, свойственную подросткам, возможно также удовлетворять с помощью компьютера: пение под фонограмму в вокальной группе (ансамбле) предоставляет возможность не только овладеть искусством вокала, навыками работы с текстом, фонограммой, микрофоном, звуковой аппаратурой, но и достигнуть цели включения учащихся в общий стройный ансамбль. Дети и подростки, занимающиеся ансамблевым (хоровым) пением, учатся перебарывать свой страх, стеснительность, неуверенность. В вокально-хоровом творческом коллективе они выходят на сцену как настоящие артисты, стараясь донести до слушателей основную мысль исполняемого произве-

дения. Они учатся в совместной работе достигать поставленной цели, своим трудом добиваться успеха [5, с. 3].

Ансамблевое вокальное пение предоставляет детям и подросткам возможность участвовать в эстрадных выступлениях. Крайне важно также внешнее оформление вокального эстрадного номера. Пластика, актерское мастерство, коммуникация – все эти навыки учеников успешно развиваются в вокальном коллективе.

Помимо этого, расширяется кругозор воспитанников, развиваются и совершенствуются вокальные навыки, происходит активное эстетическое развитие, прививаются волевые качества, обучающиеся вовлекаются в концертную и конкурсную деятельность.

Внедрение информационно-коммуникационных технологий в образовательный процесс на современном этапе крайне необходимо для самосовершенствования профессиональных возможностей и качеств учителя музыки, работающего с детьми в образовательном учреждении. Технический прогресс в области цифровых технологий дает возможность получить гораздо более высокие результаты в вокальной работе. Компьютер является открытой учебно-развивающей средой для творчества и самообразования детей и педагогов музыкантов.

Таким образом, обращение к новым компьютерным информационным музыкальным технологиям является одним из новых направлений деятельности учителя (преподавателя) музыки. Их внедрение в учебно-воспитательный процесс открывает перед педагогом новые возможности на основе овладения современными образовательными технологиями с учетом достижений музыкально-педагогической науки и практики.

Процессы информатизации преобразуют среду профессиональной деятельности современного педагога-музыканта, формируют новые образовательные компетенции студентов-будущих педагогов, связанные с внедрением современных музыкально-компьютерных технологий в образовательный процесс.

Литература:

1. Антонюк, В.Г. Вокальная педагогика (сольное пение): Учебник / В.Г. Антонюк. – М.: ЗАО «Випол», 2007. – 174 с.
2. Апраксина, О. Музыкальное воспитание в школе (15 выпуск): Учебник / О. Апраксина. – М.: 1982. – 156 с.
3. Беличенко В.В., Горбунова И.Б. Музыкально-компьютерные технологии в системе современного музыкального образования // Научно-технический вестник информационных технологий, механики и оптики №2 (78). – СПб, 2012 – С. 168-169
4. Стулова, Г.П. Дидактические базы обучения пению: учеб. пособие / Г.П. Стулова. – М.: МГПИ, 1988. – 69 с.
5. Стахевич, О.Г. Основы вокальной педагогики: учеб. пособие для студ. дир-хор. фак. и пед. вузов О.Г. Стахевич. – СумГПУ им. А.С.Макаренко, 2002. – 92 с.
6. Халабузарь, П.В. Методика музыкального воспитания: учеб. пособие / П.В. Халабузарь. – М.: Музыка, 1989. – 175 с.

**DEVELOPING THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE
MUSIC TEACHERS IN DESIGNING THE MUSICAL ENVIRONMENT
IN PRESCHOOL EDUCATIONAL INSTITUTIONS**

Исаева А.А.,

педагогика ғылымдарының магистрі

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ
ОРТАНЫ ЖОБАЛАУҒА БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ
КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ДАМУ**

Қазіргі таңда, бакалавриат студенттерінің мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі музыкалық ортаны жобалауға кәсіби дайындығын дамыту процесі өзекті мәселенің бірі. Жоғары кәсіптік білім беру мемлекеттік оқу орнының оқу үдерісінде қызметтің осы түріне дайындықты қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық шарттар кешенін енгізу тәжірибесін қарастырайық. Сонымен қатар, музыкалық ортаны жобалауда балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, әр баланың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған жеке тәсілдерді қолдану маңызды. Бұл педагогикалық студенттердің кәсіби біліктілігін арттырып, мектепке дейінгі білім беру саласындағы кәсіби тәжірибесін байытуға ықпал етеді. онымен қатар, музыкалық ортаны жобалауда балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, әр баланың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған жеке тәсілдерді қолдану маңызды. Бұл педагогикалық студенттердің кәсіби біліктілігін арттырып, мектепке дейінгі білім беру саласындағы кәсіби тәжірибесін байытуға ықпал етеді.

Жоғары музыкалық педагогикалық білім берудегі заманауи инновациялық тәсілдің орталығы – жалпы мәдени және кәсіптік құзыреттіліктері бар, инновациялық технологияларды меңгерген және әлеуметтік-мәдени саладағы кәсіби мәселелерді шешуге қабілетті, қызметі сындарлы, шығармашылық, мәдени-гуманитарлық, педагогтік, әлеуметтік-мәдени саладағы кәсіби мәселелерді шешуге қабілетті сапалы жаңа мамандарды дайындау. қоғам мен жеке тұлғаның музыкалық мәдениетінің шығармашылық өзара әрекеттесуі .

Жоғары музыкалық педагогикалық білім берудің теориясы мен практикасында студенттердің кәсіби іс-әрекетке дайындығын дамытудың оңтайлы жолдарын іздеу белсенді жүргізілуде.

Қазіргі заманғы қоғамның даму жағдайлары мұғалімнің кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптарды белгілейді, оған сәйкес ол музыкант, зерттеуші, тәрбиеші, жаңашыл және шығармашылықпен еркін тұлға болуы, ұйымдастырушылық және тәрбиелік жұмыс дағдыларына ие болуы керек , компьютерлік сауатты, жоғары мәдениетті, белсенді және жауапты тұлға болу, білімін үнемі байыту мен жаңартуды қажет ететін, жаңашылдыққа қабілетті [2].

Ол ең алдымен музыкалық-мәдени әлеуметтік ортада өнімді еңбек етуге қабілетті тұлға болуы керек. Әңгіме жоғары музыкалық педагогикалық білім берудің арнайы білім беру нәтижелері туралы болып отыр, оның шеңберінде білім қажетті кәсіптік білім сапасына қол жеткізу үшін қажетті, бірақ

жеткіліксіз шарт болып табылады - «кәсіби құзыреттілік» туралы, ол пәннің ақпараттылығы, бірақ пәннің практикалық саласы, оның әр түрлі қызмет салаларында туындайтын мәселелерді шешу қабілеті.

Демек, орталық өзегі музыкалық ортаны құру болып табылатын мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі музыкалық-тәрбие процесін ұйымдастырудың тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының сапасына байланысты [4].

Біз мектепке дейінгі білім беру мекемесінің музыкалық ортасын балалардың музыкалық және тыңдау мәдениетінің негіздерін қалыптастыру, музыкалық қабілеттерін, орындаушылық шеберліктерін дамытуды қамтитын жан-жақты музыкалық дамуының арнайы ұйымдастырылған жағдайлары ретінде қарастырамыз.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде музыкалық ортаны құру және жобалау жеке педагог-музыканттың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда айқындаушы фактор ретінде әрекет етеді, оның құрылымында біз мыналарды атап өтеміз:

- мотивациялық компонент (жеке тұлғаны ынталандыру, оның арнайы музыкалық кеңістік құру мақсаты туралы нақты идеялары, қызығушылық
- когнитивтік компонент (мектепке дейінгі мекемедегі музыкалық ортаның құрылымын, мазмұнын және өмір сүру формасын білу);
- белсенділік компоненті (мектепке дейінгі білім беру мекемесінің музыкалық ортасында оқу процесін ұйымдастыру технологиясын меңгеру);
- шығармашылық компонент (шығармашылық белсенділіктің көрінісі, тапқырлық және ерекшелік).

Кәсіби құзыреттіліктің басым құрылымдық құрамдас бөлігі – мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі музыкалық ортаны жобалауға дайындығы бар педагог тұлғасы.

Студенттердің музыкалық ортаны жобалауға кәсіби дайындығын дамыту арқылы біз оның басқарылатын факторлардың, мақсатты түрде жасалған жағдайлардың әсерінен қалыптасу процесін түсінеміз, олар оқыту мен тәрбиелеу [5].

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде оқушылардың музыкалық ортаны жобалауға кәсіби дайындығын қалыптастыру музыкалық педагогикалық білім беру мақсатына жету факторына айналады. Осының барлығы педагогикалық жоғары оқу орнында музыкалық студенттердің кәсіби қызметтің осы түріне бағдарлануға дайындығын дамытуда құзыреттілікке негізделген тәсілді енгізудің маңыздылығын анықтайды.

Нақты педагогикалық процестің қызмет етуі оқу мақсатына сәйкес жүзеге асырылатыны белгілі. «Бұл процесс, - деп жазады Н.И.Чинякова, - бұл арнайы реттелген, жүйеге енгізілген элементтер, олардың орналасуы, қарым-қатынасы, әрекеті және өзара әрекеті» [9, б. 41]. Демек, нәтижелі оқу және студенттердің жоғары нәтижеге жетуі үшін теориялық және практикалық тәжірибені беру ретін анықтау, яғни оқу мақсаттары мен міндеттерін сәйкестендіру маңызды.

Педагогикалық процестің қазіргі жағдайына сәйкес келетін және университет алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге байланысты дамып келе жатқан педагогикалық шарттар белгілі бір педагогикалық мақсатқа жету

үшін оқытудың мазмұндық элементтерін, әдістерін, әдістерін және формаларын мақсатты түрде таңдау, жобалау, модельдеу және қолданудың нәтижесі болып табылады. мақсаттар [6]. Мамандық қалыптастыру

Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі музыкалық ортаны жобалауға оқушылардың дайындығы белгілі бір педагогикалық шарттар жиынтығы болған жағдайда ғана нәтижелі болады.

Сонымен қатар, болашақ музыка мұғалімдерінің музыкалық оқу процесін жүзеге асыру барысындағы педагогикалық жағдайлар студенттердің кәсіби және тұлғалық қасиеттерін дамытудың оң динамикасына әсер ететін негізгі фактор болып табылады, бұл И.Е. Молостова, «...басқа тұлғалармен тұрақты мағыналы қарым-қатынасқа дайын, адам қауымының белсенді бірлігі ретінде педагог-музыкант тұлғасының қалыптасуында» өзек болып табылады [3].

Сонымен, біз студенттердің музыкалық ортаны жобалауға кәсіби дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын өзара байланысты шаралар кешені ретінде қарастырамыз.

Педагогикалық процесс, оның сақталуы студенттердің оқытылатын дайындықтың жоғары деңгейіне жетуін қамтамасыз етеді және біз мыналарды қосамыз:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқушылардың музыкалық ортаны құруға оң мотивациясын қалыптастыру;

2) оқу үдерісіне «Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы музыкалық-дамыту ортасын ұйымдастыру», «Мектепке дейінгі музыкалық білім беру негіздері» элективті пәндерді енгізу;

3) мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы білім алушылардың практикалық іс-әрекетін оқу-тәрбие процесіне қосу.

Позитивті мотивацияны қалыптастыру болашақ мұғалімнің жалпы педагогикалық іс-әрекетке ынталандырушы мәнді құрайтын кәсіби бағдарлар жүйесінде анықтаушы фактор болып табылады. Демек, студенттердің педагогикалық іс-әрекетке кәсіби дайындығының деңгейі белгілі бір қызмет түріне қызығушылықтың даму сапасына байланысты.

«Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі музыкалық даму ортасын ұйымдастыру» пәнін оқу барысында оқушының музыкалық ортаны құруға дайындығының танымдық және белсенділік құрамдас бөлігі жүзеге асырылады. Бұл элективті курстың енгізілуі «Мектепке дейінгі музыкалық білім беру негіздері» элективті курсына оқу процесінде алынған ақпаратты біріктіру және жалпылау арқылы студенттердің кәсіби дайындығын қалыптастыруда сабақтастық пен логиканы қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды [1].

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы музыкалық-дамыту ортасын ұйымдастыру» элективті курсының мазмұнының құрамдас бөліктері мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы музыкалық ортаны жобалауға оқушылардың кәсіби дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін кәсіби маңызды білім, білік және дағдылар болады. Оның құрылымы мюзиклді құру процесінің жүзеге асу логикасымен анықталды орта мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі балалардың жан-жақты музыкалық дамуының құралы

ретінде және қолданылатын әдістер барлық эксперименттік оқыту әдістерінің әдістеріне сәйкес келеді.

Курс бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру мекемесінде музыкалық ортаны құрудың маңыздылық дәрежесі туралы сұрақтарды қарастырады; психологиялық-педагогикалық ғылымдардағы экологиялық көзқарастың қалыптасу тарихын; мектепке дейінгі мекемеде дамытушылық ортаны құру ерекшеліктері; музыкалық даму ортасын құру процесіндегі музыкалық өнер мен көркемдік әрекеттің рөлі; жасалған ортадағы бала тұлғасының құндылығы; музыкалық даму ортасын құрудың тұжырымдамасы, мақсаты, міндеттері мен принциптері; қоршаған ортаны ұйымдастырудың құрылымдық құрамдас бөліктері мен нысандары; мектепке дейінгі мекемеде ұйымдасқан және реттелмейтін музыкалық даму ортасын құрудағы мұғалімнің қызметі.

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер білуі керек: педагогикалық теория мен практикадағы экологиялық көзқарастың қалыптасуы мен дамуының негіздерін; мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дамытушылық ортаны құрудың мақсаты, міндеттері және принциптері; мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі музыкалық дамыту ортасының түсінігі, құрылымы және ұйымдастыру нысандары; мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында музыкалық дамыту ортасын енгізу технологиясы[8].

Білуі керек: мектеп жасына дейінгі балалардың жас және жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемесінде музыкалық-дамыту кеңістігін құру жұмыстарын жоспарлау; балабақшадағы реттелетін және реттелмейтін музыкалық ортаны енгізудің формаларын өз бетінше әзірлеу және енгізу және олардың іс-әрекетін сыни тұрғыдан талдау;

Нәтижесінде оқушылар мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының сапалы музыкалық дамуына ықпал ететін музыкалық даму ортасын құру технологиясын меңгеруі тиіс.

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы музыкалық-дамыту ортасын ұйымдастыру» тәжірибелік-бағдарлы курсы келесідей қызмет түрлерін вариативті пайдалануды көздейді:

- ғылыми мақалаларға шолулар мен аннотациялар жазу, белгілі бір мәтіннің контурын құрастыру және конспектілеу, мәселе бойынша ақпаратты шығармашылықпен өңдеу нәтижесінде қалыптасқан өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік беретін топтық талқылаулар ұйымдастыру.

Мысалы, квазикәсіптік іс-әрекет формаларын қолдану мектепке дейінгі мекемеде балаларды музыкалық тәрбиелеу процесіне еліктеу негізінде болды. Бұл формалардың негізгі бөлігін драматизация, іскерлік дидактикалық ойын, топтық пікірталас сияқты оқыту формалары құрады.

Драмаландыру (рөлдерді ойнау) ойын түріндегі әрекет түрлерінің бірі болды.

Драмаландыру (рөлдерді ойнау) ойын түріндегі әрекет түрлерінің бірі болды. Студенттер жағдаймен танысып, оған қатысушылардың рөлдерін өзара бөлісті. Бұл жағдайда рөлдер топтың бір бөлігі арасында бөлінді (қалған оқушылар белсенді көрермен, құзыретті қазылар алқасы немесе балалар аудиториясы рөлін ойнады) немесе оқушылар ұжымдық топ рөлдерін білдіретін шағын топтарға бөлінді. Элективті курс аясында біз балалар музыкалық ертегілерінің драматизациясын, музыкалық-шығармашылық

ойындарды, рөлдік ойындарды – музыкалық-педагогикалық шағын қорғауды қолдандық.

Болашақ педагог-музыкант көзімен мектепке дейінгі білім беру мекемесінде музыкалық дамыту ортасын құру үлгісі».

Іскерлік дидактикалық ойын оқу әрекетінің бір түрі ретінде қажетті ақпарат көлемін қабылдауды және игеруді қамтамасыз етті; тиімді ынталандырушы фактор ретінде қызмет етті; мектепке дейінгі музыкалық тәрбиені дамытудың өзекті тақырыптарын оқу материалына енгізуге мүмкіндік берді; ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеуге көңіл бөлу; өзіндік жұмыс пен жалпы оқу процесінің байланысын жүзеге асыру.

Іскерлік ойынға әрбір қатысушының нақты ойын әрекеттері оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырды және барлық қатысушылардың эмоционалдық тәжірибесімен қолдау тапты, сондықтан ойындарға тұрақты қызығушылық тіркелді. Біз іскерлік ойынға қатысуды өзін-өзі көрсету тәсілі деп санадық, мұнда білім мен дағдыларды неғұрлым берік меңгерумен қатар, студент моральдық қанағаттану мен оның белсенділігін топтың мойындауына ие болды.

Топтық пікірталас - бұл тікелей қарым-қатынас процесінде жеке пікірлерді, ұстанымдарды және көзқарастарды нақтылауға мүмкіндік беретін проблемалық мәселені бірлесіп талқылау. Топтық талқылау барысында шешілген міндеттер ауқымы: маңызды мәселелер бойынша ақпарат алмасу; нақты мәселелердің шешімін табу; рефлексия мен сыни тұрғыдан ойлауға жағдай жасау. Топтық талқылауды ұйымдастыру жолдары: жалпы топта; жұппен/үштікпен; ішкі топтар. Тәжірибелік жаттығуларға дайындалу барысында студенттерге әр тақырып бойынша құрастырылған тиісті талқылау сұрақтарына жүгіну ұсынылды.

Қазіргі кезде педагогикалық ғылым мен тәжірибенің дамуы мұғалімдерден оқыту мен тәрбиелеуде өзіндік ұстанымының болуын талап етеді, бұл өз кезегінде олардың кәсіби іс-әрекеттегі тәжірибелік дағдыларының жоғары деңгейде дамуын болжайды. Демек, студенттердің «Мектепке дейінгі музыкалық білім беру негіздері» және «Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы музыкалық дамыту ортасын ұйымдастыру» элективті пәндерді оқу барысында алған теориялық білімдері мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының базасында практикалық іске асырылуы тиіс. Бұл шартты жүзеге асырудың негізгі міндеті ұйымда негізгі практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады.[7, б. 10].

Қорытындылай келе, бұл педагогикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыруды атап өтеміз. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі музыкалық ортаны тиімді жобалау студенттердің кәсіби біліктілігін арттыруға, шығармашылық ойлауын дамытуға және балалармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл процеске жаңашылдық, ынтымақтастық және тәжірибе алмасу элементтерін енгізу студенттердің кәсіби өсуіне және білім беру сапасының артуына оң әсер етеді.

Әдебиеттер:

1. Боровкова, М.В. Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі музыкалық дамыту ортасын ұйымдастыру: элективті курсқа арналған бағдарламалық және әдістемелік

- ұсыныстар / М.В. Боровкова, И.С.Кобозева // Мордов. күй пед. int. – Саранск, 2013. – 55 б.
2. Боровкова, М.В. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде оқушылардың музыкалық-шығармашылық дамытушы органы жобалауға дайындығын қалыптастыру технологиясы / М.В. Боровкова // Сібір педагогикалық журналы: Ғылыми журнал. - 2013. – No 12. - 235-237 Б
3. Молостова, И.Е. Студенттерді музыкалық-тарихи оқыту процесінде мәдени сәйкестік принципін жүзеге асыру / И.Е.Молостова // Педагогика өнер. – 2010. - No 4. – Б.1-7.
4. Винокурова, Н.В.Болашақ мұғалімнің тәжірибелік дайындығының инновациялық үлгісі / Н.В.Винокурова // Гуманитарлық және білім – 2012 – No2. – 46 – 48 б.
5. Винокурова, Н.В. Педагогикалық университеттегі білім беру ортасын ұйымдастыру / Н.В.Винокурова // Ресейдегі жоғары білім: ғылыми-педагогикалық журнал - 2012. - № 5. – Б. 85 – 88.
6. Игнатова, И.Б. Орыс және шетел студенттерінің мәдениетаралық ынтымақтастыққа дайындығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары / И.Б.Игнатова, В.Г.Бурикина // Әлеуметтік даму теориясы мен практикасы: халықаралық ғылыми журнал - 2011. - No2 - Қол жеткізу режимі: <http://www.teoria-practica.ru>.
7. Кадакин, В.В. Жоғары білім берудегі инновациялық үдерістер (М.Е.Евсеев атындағы Мордовия мемлекеттік педагогикалық институтының тәжірибесінен) / В.В.
8. Кобозева, И.С. Фортепианода ойнауды үйрену процесінде балалардың музыкалық-танымдық әрекетін белсендіру / И.С.Кобозева, Ю.Величко // Жоғары музыкалық білім берудің өзекті мәселелері. Ғылыми-аналитикалық және ғылыми-танымдық журнал. – Нижний Новгород: NNGK баспасы (академиясы). М.И.Глинка, 2012. – 5(26). – 23-27 б.9.
9. Чинякова, Н.И. Музыкалық педагогикалық білім берудегі оқу-концерттік дайындықты құрылымдау негіздері / Н.И.Чинякова // Жоғары музыкалық білім берудің өзекті мәселелері: ғылыми-аналитикалық және ғылыми-танымдық журнал. – Нижний Новгород: NNGK баспасы (академиясы). М.И.Глинка, 2012. – 5(26). – 41-45 беттер.

Chsherbotayeva Nargiza

APPLICATION OF PROJECT-BASED TECHNOLOGIES IN THE TRAINING PROCESS OF PROSPECTIVE MUSIC TEACHERS

Щерботаева Н.Д., музыкалық білім магистрі

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖОБАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Әлемдік қоғамдастықтың жаңғыруы жағдайында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде де елеулі өзгерістер орын алуда. Білімге бағдарланған жүйенің орнын студентке бағдарланған оқыту алмастыруда. Бұл студенттің мүмкіндіктеріне және оның болашақ мамандығының талаптарына сәйкес жеке білім беру траекториясы бойынша оқытуды білдіреді. Аталған өзгерістер қоғамның креативті, дербес ойлайтын, стандарттан тыс және сыни

тұрғыдан пікір қалыптастыра алатын мамандарды даярлаудағы өзекті қажеттілігімен тығыз байланысты.

Бұл жағдайда болашақ музыка мұғалімдерін даярлау үдерісінде түрлі инновациялық технологияларды қолдану, әсіресе жобалық іс-әрекет арқылы оқыту мәселесін ерекше өзекті етеді. Себебі, ғылыми тәжірибе көрсеткендей, жобалармен жұмыс жасау, жобаларды орындау студенттерге болашақ кәсіби қызметтің дағдыларын игеруге, соның ішінде сыни ойлау, өзін-өзі білімдендіру, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі жүзеге асыру дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Әлемнің түрлі елдеріндегі білім беру жүйелерінде жобалық қызмет технологиясының белсенді таралуы бірқатар себептерге байланысты және олардың тамыры тек педагогика саласында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік салада да жатыр. Олардың кейбіреулерін атап өтейік:

- студенттерге тек білім беру ғана емес, сонымен қатар бұл білімді өз бетінше игеруге, алынған білім мен дағдыларды жаңа танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін қолдана білуге үйрету қажеттілігі;

- коммуникативті дағдылар мен іскерліктерді меңгеру қажеттілігі: топтарда жұмыс істеу, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындау: көшбасшы, орындаушы, делдал және т.б.;

- адамның дамуы үшін зерттеу қызметін жүзеге асыру дағдыларының қажеттілігі: қажетті ақпаратты жинау, оларды талдай білу, гипотезалар ұсыну, қорытындылар мен тұжырымдар жасау [4].

Жобалық жұмыс әдісі ХХ ғасырдың бірінші жартысында Дж. Дьюидің прагматикалық педагогикасы негізінде жасалған [11, 2 б.].

Бұл әдіс 1918 жылы американдық педагог У. Килпатриктің «Жобалар әдісі» атты мақаласы жарық көргеннен кейін ерекше танымал болды, онда ол «жобаны» «нақты өмір жағдайындағы қандай да бір оқу тапсырмасын шешумен байланысты мақсатқа сай іс-әрекетті жоспарлау әдісі» деп анықтады [1, 2 б.].

У. Килпатрик оқытудың дәстүрлі жүйесін, оқу бағдарламаларының қажеттілігін жоққа шығарды. Оның пікірінше, мұндай жүйе оқушыларға дайын білімді олардың нақты сұраныстары мен өмірлік қажеттіліктерінен тыс беруге ғана негізделген, ал жобалық қызмет оқушылардың әлеуметтік ортадағы қызметін ұйымдастыру процесі ретінде, олардың жеке тәжірибесін байытуға бағытталған [1].

Біздің көзқарасымыз бойынша, У. Килпатриктің жобалар әдісінің теориялық негіздерінде педагог тұжырымдаған принциптер маңызды болып табылады. Оларға мыналар жатады:

- жоба тақырыптарының оқушылардың қызығушылықтарымен байланыс принципі;

- оқушылардың оқытылатын материалды анықтау принципі;

- әр жобаның келесі жобамен байланысы принципі [1, 8 б.].

Жобалық қызмет мәселесін отандық және шетелдік ғалымдар Д. Дьюи, У.Килпатрик, Э. Коллингс, С.Т. Шацкий, Е. Г. Кагаров, Е.С. Полат, Н.Л.Пелагейченко, Н.А. Берднева және т.б. көптеген еңбектерінде зерттеген [11; 1; 8; 7; 12; 11; 2].

Жобалық қызметтің мәнін әзірлеумен және талдаумен, оны практикада ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеумен И.П. Волков, Н.Ю. Пахомова, В.Г. Веселова және т.б. айналысқан [5; 10; 3].

Бүгінгі таңда көптеген ғылыми және әдеби дереккөздерді, атап айтқанда Г.К. Селевко, Е.С. Полат, М.В. Бухаркина, И.А. Дралюк, И.В. Никитина және т.б. еңбектерін талдау, жобалық технологияны білім беру процесіне енгізу мәселесі қазіргі педагогикалық теория мен практика үшін ерекше қызығушылық тудыратынын көрсетті [15; 13; 14; 6; 9].

Алайда, студенттердің жобалық қызметін ұйымдастыру әдістерін, тәсілдерін және технологияларын қолдануда келіспеушіліктер бар. Болашақ музыка мұғалімдерін даярлау процесінде бұл инновацияны ұйымдастырудың ең оңтайлы формаларын анықтау үшін «жобалар әдісі» және «жобалық қызмет» ұғымдарын түсіндіруге тоқталайық.

Е.С. Полат жобалар әдісіне педагогикалық технология ретінде келесідей түсініктеме береді: «бұл өзінің мәні бойынша шығармашылық сипатқа ие болатын зерттеу, іздеу, проблемалық әдістердің жиынтығы». [13, 72 б.].

Н.Ю. Пахомова жобалық қызметте «дидактикалық мақсатқа қол жеткізудің егжей-тегжейлі проблеманы әзірлеу (технология) арқылы жүзеге асатын тәсілін көреді, ол нақты, практикалық нәтижемен аяқталуы керек, оны белгілі бір тәсілмен ресімдеу қажет» [10, 112 б.].

Г.К. Селевко «Жобалық оқыту технологиясы (жобалар әдісі, жобалық оқыту)» ұғымын келесідей анықтайды: «проблемалық оқыту идеяларын дамыту, олар мұғалімнің бақылауымен оқушының жаңа өнімдерді әзірлеуі мен жасауына негізделген, олар субъективті немесе объективті жаңашылдыққа ие болдаы және оның практикалық маңызы бар» [15, 145 б.].

«Жобалық қызмет» ұғымы «оқу жобасы» және «оқу жобалауы» деген екі анықтамаға негізделгенін атап өткен жөн. «Оқу жобасы» – бұл «бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық немесе ойын әрекеті, ортақ мақсаты бар, келісілген әдістері, іс-әрекет тәсілдері бар, жоба қатысушылары үшін маңызды қандай да бір мәселені шешу арқылы ортақ нәтижеге жетуге бағытталған оқушы-серіктестердің бірлескен іс-әрекеті». [14, 199 б.]. Оқу жобалауы деп оқу жобасымен жұмыс істеу процесінің өзін, жоспарланған нәтижеге жету процесін түсінеді [14, 199 б.].

«Оқу жобасы» ұғымын Н.А. Бреднева өзінің «Пәнаралық интеграция жағдайындағы студенттердің жобалық қызметі» диссертациясында ең толық ашқан [2]. Зерттеушінің пікірінше, оқу жобасы – бұл «студенттің шығармашылық өзін-өзі танытуын, қазіргі заманғы маманға қажетті кәсіби қасиеттерін, дағдыларын, іскерліктерін дамытуды және еңбек нарығында сұранысқа ие болуды болжайтын өнімді жасауға бағытталған дербес қызмет» [2, 25 б.]. Яғни, болашақ музыка мұғалімінің жобалық жұмысты орындауы оны басқа қызмет түріне шығарады: білім іздеу және өңдеу, дағдыларды қалыптастыру және өзінің болашақ кәсіби қызметін жобалау арқылы дербес кәсіби қызметке.

Ф.В. Шарипов өзінің «Жобалық оқыту технологиясы» атты мақаласында жобалық оқыту технологияларына келесі белгілер тән екенін атап көрсетеді:

- оқытудағы іс-әрекетке негізделген тәсіл;
- оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсіл;

- студенттердің іс-әрекеті оқылатын пәнмен немесе пәндер тобымен байланысты жоба құруға бағытталған;
- ынтымақтастыққа негізделген оқыту (Cooperative learning);
- жобалық іс-әрекет оқылатын пәннің мазмұнынан туындайтын қандай да бір мәселені шешуге бағытталған;
- мәселені шешуден мотивация алады [17, 41 б.].

Кез келген білім беру процесінде жобалық жұмысты жүзеге асыру жобалық оқыту технологиясының белгілерін білуді ғана емес, сонымен қатар жобалық қызметті ұйымдастыру принциптерін де көздейді. Мысалы, студенттердің жобалық қызметін ұйымдастыру принциптерін И. В. Никитина өзінің «Жобалық қызмет білім беру ортасын ұйымдастыру құралы ретінде» атты еңбегінде сипаттайды [9, 6 б.].

Бұл принциптер болашақ музыка мұғалімдерін жобалық оқыту процесінде де оңтайлы қолданылады, өйткені олар мыналарды қамтиды:

- интегративтілік принципі: білім беру процесінің барлық субъектілерінің олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, бірлігі;
 - оңтайландыру принципі: гуманизация принциптерін сақтау негізінде сапалы жалпы және профильдік білім алуға оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру.
 - коммуникативтілік принципі: білім беру процесіне қатысушылардың барлығының жобалық қызмет процесіндегі өзара әрекеттесуі;
 - белсенділік принципі: танымдық қызығушылықты, өзін-өзі мотивациялау дағдыларын қалыптастыру;
 - бейімделу принципі: бейімделу және коммуникативті дағдыларды қалыптастыруды көздейді, бұл тұлғаның бәсекеге қабілетті қасиеттерін қалыптастыруға әкеледі;
 - полимәдениеттілік принципі: басқа мәдениетке түсіністік пен ашықтық негізінде толерантты өзара әрекеттесу практикасын енгізу, проблемалық жағдайларды шешу тәсілдерін оқыту;
 - креативтілік принципі: білім беру процесіне қатысушылардың әрқайсысының интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін ашу, жобалық жұмысты орындау нысандары мен құралдарын таңдауда дербес жұмыс дағдыларын қалыптастыру.
- Біз Г.А. Хусаиновамен бірлесе жазған «Болашақ музыка мұғалімінің заманауи инновациялық технологияларды қолдануы» атты жұмысымызда болашақ музыка мұғалімдерінің жобалық қызметті орындауға дайындығын шарттайтын психологиялық-педагогикалық критерийлерді қарастырдық:
- негізгі орынға болашақ музыка мұғалімінің тұлғасы, оның жеке маңызды кәсіби мәселелерді шешудегі өзіндік құндылығы қойылады;
 - оқытушы консультант ретінде әрекет етеді, ол студентке жобалық жұмысты ұйымдастыру арқылы өзінің музыкалық-педагогикалық тәжірибесін жинақтауға көмектеседі;
 - болашақ музыка мұғалімінің жобалық қызметінің бүкіл процесі оның субъективті тәжірибесіне максималды сүйену арқылы құрылады, ол оның кәсіби оқыту мазмұнымен үйлеседі [16, 76 б.].

Қорытындылай келе, болашақ музыка мұғалімдерін оқыту процесінде жобалық қызметті жүзеге асыру сыни ойлауды дамытуға; оқу ақпараттарымен

дербес жұмыс істеу және жобамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға; коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастыруға; болашақта табысты өзін-өзі таңыту үшін өзіндік музыкалық-педагогикалық тәжірибе жинақтауға әкеледі.

Әдебиеттер:

1. Kilpatric W.H. The Project Method / Teachers College Record.-1918.- P.319-334.]
2. Бреднева Н. А. Проектная деятельность студентов в условиях междисциплинарной интеграции: автореф. дис...канд. пед. наук / Н. А. Бреднева – М., 2009. – 25 с.
3. Веселова В. Г. Проектная деятельность как средство формирования профессиональной компетентности будущего учителя в условиях широкой социальной конкуренции: автореф. дис. ... канд. пед. наук / В. Г. Веселова – Армавир, - 2001.
4. Волкова Е.А. Проектная деятельность учащихся: проблемы и перспективы / Электронный научный журнал «Наука и перспективы» №4, 2015
5. Волков И.П. Цель одна – дорог много: Проектирование процессов обучения. – М.: Просвещение, 1990.
6. Дралюк И. А. Проектная деятельность как средство воспитания социальной активности студентов: автореф. дис. ... канд.пед.наук / И. А. Дралюк – Саратов, 2005.
7. Кагаров Е. Г. Метод проектов в трудовой школе / Е. Г. Кагаров. – Л. Брокгауз - Ефрон, 1926. – 88 с
8. Коллингс Э. Опыт работы американской школы по методу проектов. М.: Новая Москва, 1926.
9. Никитина. И. В. Проектная деятельность как средство организации образовательной среды: автореф. дис. ... канд.пед.наук / И. В. Никитина – М., 2007. – 6 с.
10. Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении: пособие для учителей и студентов педагогических вузов / Н. Ю. Пахомова - 3-е изд., испр. и доп. - М.: АРКТИ, 2005. - 112 с.
11. Пелагейченко Н. Л. Метод проектов история возникновения и развития Методические ориентиры № 5 (5) май 2012. – С 1-3
12. Полат, Е. С. и др. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: уч. пособие для студентов пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Е. С. Полат, М. В. Бухаркина, М. В. Моисеева, А. Е. Петров; под ред. Е. С. Полат. - М.: Изд. Центр «Академия», 2001. - 272 с.
13. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. –М: АCADEMA, 2005, с.72
14. Полат Е. С., Бухаркина М. Ю. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина, - М.: Издательский центр «Академия», 2010, С. 193-210
15. Селевко, Г. К. Альтернативные педагогические технологии / Г. К. Селевко. – М.: НИИ Школьных технологий, 2005. – 145 с.
16. Хусаинова Г. А., Щерботаева Н. Д. Применение современных инновационных технологий будущим учителям музыки: уч. пособие / Г. А. Хусаинова, Н. Д. Щерботаева – Астана, 2017. - 76 с.
17. Шарипов Ф. В. Технология проектного обучения / Ф. В. Шарипов. – Уфа: Респ. учебн.- науч. методический центр Министерства образования Респ. Башкортостан, 2010. – 41 с.

Abdinurova Aray, Alpeisova G.T.
**REFRACTIONS OF KENEN AZERBAYEV'S SONG "KÖKSHOLAK"
IN THE PIANO COLLECTION "KÖKSHOLAK ZHELISIMEN"
BY ALIBI ABDINOUROV**

*Абдинурова А.С.,
Альпеисова Г.Т., кандидат искусствоведения, профессор*
**ПРЕЛОМЛЕНИЯ ПЕСНИ КЕНЕНА АЗЕРБАЕВА «КӨКШОЛАҚ»
В ОДНОИМЕННОМ СБОРНИКЕ «КӨКШОЛАҚ ЖЕЛІСІМЕН»
АЛИБИ АБДИНУРОВА**

Фортепианный сборник «Көкшолақ желісімен» композитора А.К. Абдинурова (составитель, редактор и автор методических рекомендации – Л.В. Латышова; 2019 год выпуска) состоит из девяти самостоятельных песен.

1. «Той базар» желісімен
2. «Үкілім-ай» желісімен
3. «Гүл-гүл жайна» желісімен
4. «Жеңеше» желісімен
5. «Дударай» желісімен
6. «Көкшолақ» желісімен
7. «Ақбақай» желісімен
8. «Тау ішінде» желісімен
9. «Ақсиса» желісімен
10. Краткие комментарии к пьесам

Одной из ключевых особенностей сборника «Көкшолақ желісімен» является целенаправленное обращение автора к песенному наследию казахского фольклора, а также к творчеству представителей как устно-профессиональной традиции (в частности, Кенена Азербаяева и Жаяу Мусы), так и письменной композиторской школы, представленной такими личностями, как Сакен Сейфуллин и Шамши Калдаяков. Таким образом, сборник представляет собой многослойное художественное высказывание, в котором происходит диалог между различными историко-культурными пластами казахской музыкальной традиции.

Название сборника — «Көкшолақ желісімен» — имеет программный характер и в переводе с казахского означает «по следам», «по мотивам» песни «Көкшолақ». Для более глубокого понимания идейного замысла автора сборника представляется целесообразным обратиться к истории создания одноименной песни и биографии ее автора — народного акына Кенена Азербаяева.

Кенен Азербаяев (1884–1976) — выдающийся казахский акын, певец и композитор, народный артист Казахской ССР, признанный продолжатель устно-поэтической и музыкальной традиции. Он родился в Кордайском

районе Жамбылской области в семье народных музыкантов: отец Азербай и мать Улдар были известными исполнителями домбровой музыки и обладали певческим даром. С ранних лет Кенен оказался в насыщенной музыкальной среде, что предопределило его творческое становление. Уже в одиннадцатилетнем возрасте он начал сочинять стихи и сопровождать их собственной музыкой. Одними из первых его произведений стали песни «Бозторғай», «Көкшолақ» и «Қордай».

Акын активно участвовал в айтысах, прославляя героические образы в своих поэмах и песнях, опираясь на богатое наследие таких мастеров, как Жамбыл Жабаев, Балуан Шолақ и Шашубай. Его творчество стало важным звеном в передаче и сохранении казахской устно-профессиональной музыкально-поэтической традиции. Значительная часть песенного наследия Азербая зафиксирована и хранится в фондах Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова Национальной академии наук Республики Казахстан.

Будучи учеником и духовным преемником Жамбыла Жабаева, Кенен Азербая оставил после себя богатое наследие, включающее около 150 поэтических произведений, положенных на музыку. Обладая выдающимися вокальными данными и яркой исполнительской харизмой, он стал продолжателем лучших традиций таких выдающихся акынов, как Биржан-сал и Ахан-серэ. Основные темы его творчества — это судьба народа, образ Родины, свобода, а также глубокие личные переживания, мечты и надежды, отраженные в высокой поэтической форме.

Кенен Азербая принимал активное участие в национально-освободительном движении 1916 года, что нашло отражение в его творчестве, в частности — в песне «Бұлбұлға» («Соловей»), проникнутой гражданским пафосом и лирической выразительностью.

С раннего возраста будущий акын проявлял музыкальную и поэтическую одаренность. Особую роль в становлении его художественного мировоззрения сыграл эпизод, связанный с возвращением отца из длительного отсутствия. Накопив за годы труда средства, Азербай приобрел для семьи лошадь — невзрачную, куцехвостую, но долгожданную. Это событие стало источником вдохновения для создания одной из первых и знаковых песен Кенена — «Көкшолақ», написанной им в 16-летнем возрасте. На первый взгляд, это произведение может восприниматься как юмористическое, однако в нем заложен глубокий социальный и символический смысл. Под аккомпанемент домбры юный акын воспевае свою кобылу, которая становится для него символом достоинства и освобождения от притеснений, давая ощущение внутренней свободы и уверенности. Этот образ обретае метафорическое значение: обретенная лошадь — знак преодоления социальной уязвимости и возможности вступить в творческое соревнование (айтыс) на равных с представителями знати.

С течением времени песня «Көкшолақ» стала неотъемлемой частью устно-профессионального репертуара, символизируя преемственность традиции, народную память и силу художественного высказывания. Именно к этой песне Алиби Абдинуров обращается в своем фортепианном сборнике, выстраивая вокруг нее концептуальную структуру всего сборника. По словам

самого композитора, работа над сборником «Көкшолақ желісімен» («по следам „Көкшолақ“») была вдохновлена образом Кенена, неспешно движущегося по степи на своей лошади, вслушивающегося в пространство казахского мира, наполненное звуками природы, голосами предков, песнями, несущими вековую мудрость народа.

Таким образом, использование выражения «желісімен» — «по мотивам», «по следам» — приобретает особое смысловое значение. Оно обозначает не только формальное заимствование мелодии, но и более глубокое авторское осмысление фольклорных и индивидуально-авторских источников. Весь сборник построен на интертекстуальных связях с творчеством деятелей казахской устно-профессиональной традиции (Кенен Азербает, Жаяу Муса), народными песенными жанрами (включая кара өлең), а также с музыкой казахских композиторов XX века — Сакена Сейфуллина и Шамши Калдаякова.

Тем самым, композитор формирует многослойную звуковую ткань, в которой синтезируются национальная память, поэтический архетип и современные академические методы композиции. Сборник «Көкшолақ желісімен» становится не просто музыкальным произведением, а художественным пространством диалога времен и культур.

Исходя из этого, сквозной концептуальный замысел сборника отражен уже в его программном наименовании — «Көкшолақ желісімен», что можно интерпретировать как «по мотивам», «по следам» одноименной песни. Это словосочетание несет в себе метафору преемственности и внутреннего следования традиции. Все пьесы сборника строятся на интонационной и идейной основе произведений устно-профессионального музыкального искусства: отсылки к творчеству Кенена Азербаета и Жаяу Мусы формируют выразительное ядро сборника.

Наряду с этим, в музыкальную ткань сборника органично включаются элементы казахского фольклора — народные мелодии, жанровые особенности кара өлең, а также стилистические аллюзии на творчество казахских композиторов XX века, в частности Сакена Сейфуллина и Шамши Калдаякова. Обращение к песенному материалу в сборнике осуществляется на нескольких уровнях, охватывающих разнообразные принципы музыкального цитирования. В структуре сборника обнаруживаются различные виды цитат, такие как точные и свободные (неточные) цитирования, автоцитаты, интертекстуальные, а также оппозитивные и неопозитивные включения. Такой многоуровневый подход позволяет композитору создавать сложную художественную ткань, в которой взаимодействуют традиция и авторская интерпретация.

Особо следует подчеркнуть наличие в сборнике не только музыкальных, но и текстовых цитат: во всех девяти пьесах представлены начальные куплеты или припевы оригинальных песен, что обеспечивает краткое погружение в их поэтическое содержание и эмоционально-смысловой контекст. Это усиливает ассоциативную связь между первоисточником и новой интерпретацией, формируя у слушателя образный отклик.

Внутри сборника значительное место занимают символические образы, восходящие к мотивам традиционной казахской культуры. Так, образ народ-

ного праздника воплощен в пьесе «Той базар» желісімен, природные картины — в пьесах «Гүл-гүл жайна» желісімен и «Тау ішінде» желісімен, образ любимой снохи (в казахской культуре — жеңеше) — в пьесах «Үкілім-ай» желісімен и «Жеңеше» желісімен. Также прослеживается мотив лошади — важнейшего образа казахской ментальности — в пьесах «Көкшолақ» желісімен и «Ақбақай» желісімен. Все эти образы не только формируют поэтику сборника, но и подчеркивают его погруженность в символику и интонационную природу казахского фольклора.

Одной из ключевых художественных задач композитора в сборнике «Көкшолақ желісімен» становится стремление раскрыть красоту и богатство традиционной казахской музыки, ее мелодическое изящество, напевную выразительность и лирическую поэтику, которые сохраняют свою художественную актуальность вне зависимости от времени. Именно в фольклорных песнях, передающихся из поколения в поколение, заключено неисчерпаемое интонационное и гармоническое богатство, разнообразие тембровых красок и выразительных нюансов, способных вдохновить современного композитора на новое прочтение традиционного материала.

Обращение к цитатам из казахского народного музыкального наследия в контексте академической фортепианной стилистики позволяет автору предложить современное осмысление фольклора, при этом сохраняя его аутентичные особенности. Помимо народных песен, композитор включает в сборник отсылки к творчеству представителей устно-профессиональной традиции XIX века и к произведениям казахских композиторов XX столетия. Таким образом, сборник выполняет не только художественную, но и просветительскую функцию — он способствует популяризации национальной музыки, формирует интерес к казахской музыкальной литературе и способствует углублению понимания ее художественной специфики в образовательной и концертной практике

Ключевое произведение в сборнике является песня Кенена Азербая «Көкшолақ», так как именно эта песня является программным названием всего фортепианного сборника. Как было уже вышеизложено, композитор не случайно выбрал именно эту песню. Композитор о программном названии сборника сказал: «Я как бы иду не спеша, как Кенен на своем коне по имени "Көкшолақ", и люблюсь красотой степи, вслушиваюсь в песни богатого наследия казахского народа».

Кенен Азербай является учеником и последователем Джамбул Жабаева. В его творческий арсенал входил около 150 стихотворных произведений, переложенных на музыку.

В 1898 году отец Кенена, Азербай, собрав все свои сбережения, приобрел на базаре города Токмак, находящегося на территории кыргызского народа, голубую лошадь без гривы и хвоста. Тем самым он сделал своему сыну подарок, как бы «поставил сына на ноги», обеспечив его первым собственной лошастью, как это было принято в степной традиции. В тот же год богатый бий Бибол собрал пять волостей и устроил большой той — народное торжество. На праздник стеклись люди со всех аулов, буквально «весь род, до последнего».

Кенен, будучи подростком и пастухом, замечает группу девушек и молодых женщин. Передав отару своему другу Аянбаю, он садится на своего голубого Көкшолак и пускается рысью по дороге, называемой «Кебекбай жолы».

Так, в шестнадцать лет Кенен сочинил песню «Көкшолак» – на первый взгляд простую и шутиливую, но в действительности наполненную глубоким смыслом. Под звуки домбры юный акын рассказывает о своей лошади, благодаря которой он чувствует себя богатым и уверенным. Теперь он может появиться на свадьбе дочерей бая Бибола, где принимает участие в айтысах и быстро завоевывает славу, выходящую далеко за пределы родного Курдая.

Он нагоняет девушек и, подъехав, вступает в айтыс (поэтическое состязание) с Шәлипой, красиво одетой девушкой, сидящей верхом на плавном иноходце. Победив в этом импровизированном словесном поединке, Кенен по традиции получает от нее платок – символ признания его таланта.

Эта айтыс-композиция была записана в 1920-е годы этнографом и фольклористом А. Диваевым со слов самого Кенена. В 1930-х годах произведение было издано на грампластинке, а позднее записано в нотной транскрипции композитором Б. Ермаковым. Также в архивных фондах сохранилось исполнение этого произведения Таразским трио.

Что касается, самой песни «Көкшолак» – шутиловая, озорная по характеру, в то же время, душевная и полна радости юношества.

Форма «Көкшолак» желісімен состоит из трехчастной формы (А В А). Первая часть – это цитирование песни Кенена Азербайева «Көкшолак», которое состоит из куплета (28 т.) и припева (12 т.) в тональности С-dur.

Пример 1. «Көкшолак» желісімен. Первая часть

Шапшаң, албырт
Подвижно, задорно

Кенен Әзірбаев
өндөгөн Ә.Әбділұров

Композитор в крайних частях пьесы использует точное цитирование, практически не подвергая сильному видоизменению. Тема звучит в партии правой руки, являясь основой мелодической линии, а партия аккомпанемента изображает неспешный образ лошади «Көкшолак» (см. *пример 1*).

Пример 2. «Көкшолақ» желісімен. Средняя часть

(8)

38

mf

rit.

mp

simile

Ped

Ped

42

60

Реприза – возвращение первой части темы «Көкшөлак», где также обыгрываются куплет (27 т.) и припев (12 т.), где осуществляется точное цитирование песни Кенена Азербайева.

146

Литература:

1. Абдинуров А. Принципы формообразования и оркестрового письма в симфонических кюях композиторов Казахстана: дис. ... канд.иск.: 17.00.02. / Российская академия музыки имени Гнесиных. – М., 2016. – 206 с.
2. Гончарова Л. Народная песня в первых казахских операх // Народная музыка в Казахстане. – Алма-Ата, 1967. – С.6–23.
3. Денисов А. Музыкальные цитаты. Справочник. – Санкт-Петербург, 2013. – 224 с.
4. Джумакова У. Творчество композиторов Казахстана 1920-1980-х годов. Проблема истории, смысла и ценности. – Астана: Фолиант, 2003.
5. Затаевич А. 1000 песен казахского народа / песни и кюи. Изд. 2. – Москва, 1963. – 589 с.
6. Крылова Л. Функции цитаты в музыкальном тексте // Советская музыка. 1975. № 8. С. 92-97.
7. Кузембаева С., Егинбаева Т. Лекции по истории казахской музыки. – Алматы, 2005.
8. Недлина В.Е. Пути развития музыкальной культуры Казахстана на рубеже XX-XXI столетий: дис. ...канд.иск.: 17.00.02. / Московская государственная консерватория имени П.И. Чайковского. – М., 2017. – 344 с.
9. Сапиева М. Фортепианная музыка композиторов Казахстана на рубеже XX-XXI вв. (1980-2014 гг.): учебное пособие / М.С. Сапиева. – Костанай, 2017. – 125 с.

Aldekenova Aliya

Eginbayeva Toizhan

CHORAL WORKS OF ERKEGALI RAKHMADIYEV. THE CHORAL POEM «EVENING ON BALKHASH»

Алдекенова А.К.

Егинбаева Т.Ж. өнертану кандидаты, профессор

ЕРКЕҒАЛИ РАХМАДИЕВТІҢ ХОР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ, «БАЛҚАШТАҒЫ КЕШ» ХОР ПОЭМАСЫ

Еркеғали Рахмадиұлы Рахмадиев - Кеңес Үкіметінің және Қазақстан композиторы, педагог, қоғам қайраткері және саяси қайраткер. Қазақстанның еңбек Ері (2010), КСРО Халық әртісі (1981), республиканың халық әртісі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор, сегіз жыл Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваторияның ректор қызметін атқарды, 27 жыл Қазақстан Композиторлар Одағының тұрақты төрағасы, КСРО Композиторлар одағының хатшысы және мәдениет министрі лауазымын атқарды.

Алты Операның, оның ішінде «Қамар-сұлу» (1963 ж.), «Алпамыс» (1972 ж.), «Абылай хан» (1999 ж.), көптеген шығармалардың, соның ішінде оркестрге арналған, вокалдық-хорлық, театрлық-сахналық, камералық-аспаптық, әндер мен романстардың авторы. Музыкалық өнерді дамытудағы ерекше еңбегі үшін Е.Р. Рахмадиев 2005 жылы Жыл адамы атанды [3].

Еркеғали Рахмадиев 1930 жылғы 1 тамызда қазіргі Қауез Аягөз ауданы, Шығыс Қазақстан облысына қарасты Мәдениет ауылында дүниеге келді. 1952

жылы П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық училищесін бітірді, ал 1957 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын Е.Г. Брусиловский сыныбынан тәмамдады. 1957-1958 жылдары КСРО Композиторлар одағы жанындағы біліктілікті арттыру курстарында Г. Литинский мен Ю. Фортунатовтан дәріс алды. 1959-1961 жылдары Қазақ мемлекеттік филармониясының көркемдік жетекшісі болып жұмыс істеді; 1961-1965 жылдары Қазақстан Мәдениет министрлігінің өнер істері жөніндегі Бас басқарманың бастығы; 1966-1967 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының директоры болды; 1967-1975 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ректоры (1979 жылдан профессоры) болды. КСРО Композиторлар одағының хатшысы қызметін атқарды. 1968 жылдан бастап Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы болды, 1990-1993 жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет министрі қызметін атқарды, кейін шығармашылық және педагогикалық қызметпен айналысты.

Еркеғали Рахмадиев белсенді қоғамдық қызметкер болды - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 7, 8, 9, 10, 11 шақырылым депутаттығына сайланды, сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты (1989-1991) болды. 1971 жылдан бастап Қазақстан КП Орталық комитетінің мүшелігіне кандидат болды.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде қазақ музыка өнерінде жарқын із қалдырған қазақ композиторларының «Могучая кучкасының» соңғы өкілі деп атайды. Бұл бірлестікке Құддыс Қожамьяров, Ғазиза Жұбанова, Сыдық Мұхамеджанов, Еркеғали Рахмадиев кірді. Олар өздерінің ұстаздары - Евгений Брусиловский, Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Мұқан Төлебаевтардың биік шығармашылық рухын, кәсіби талапшылығы мен шеберлік дәстүрін лайықты түрде жалғастырды.

Ұлттық опера өнерінің дамуына қосқан үлесінен басқа, Е. Рахмадиевтың жаңашылдығы қазақ музыка дәстүріне «Симфониялық күй» жанрын алып келуі. Осы жанрдағы оның «Дайрабай» және «Құдаша-думан» атты оркестрлік туындыларын музыкатанушылар тек композитордың ғана емес, жалпы Қазақстан музыка өнерінің ең биік жетістіктерінің қатарына жатқызады.

Қазақстан тарихында тұңғыш рет қазақ композиторының музыкасы шетелде 1973 жылы шырқалды: Лондонның BBC радио симфониялық оркестрі Е. Рахмадиевтің «Құдаша думан» симфониялық күйін орындады. Маэстроның әртүрлі жанрларда, ірі және шағын формадағы жазған шығармаларының көптілігі таңқалдырады. Бүгінде композиторлар шығармашылығында бұлайша көп жазу сирек құбылыс. Бұл ретте шабытқа толы «Құдаша-думан» мен «Дайрабай» күйлерін, сахнадан түспей келе жатқан «Қамар сұлу» мен «Алпамыс» операларын, әйгілі «Хоралды», Мұхтар Әуезовтің рухына арналған лирикалық поэма-реквиемді, Жамбылдың сөзіне жазылған «Конституция туралы поэмасын», ақынның 150 жылдығында Мәскеуде Шахмардан Әбілов орындаған [1].

Өз кезегінде Рахмадиевтің вокалдық-симфониялық және хорлық шығармаларында оның операларымен ұқсастықтар кездеседі. Мысалы,

әйелдер хорына арналған «Көктемгі дауыстар» поэмасы тыныштық пен нәзіктікті еске алады. Көктем, махаббат, жастық туралы музыка. Ерлер хорына арналған «Жас механизаторлар» поэмасында колхоз алаңдарындағы еңбек суреті бейнеленген.

«Конституция туралы поэма» «Поэма о конституции» композитордың кемел шағындағы шығармаларының қатарына жатқызуға болады. Е. Рахмадиевтің шығармашылығын зерттеушілердің бірі, профессор С. Күзембаеваның пікірінше, "Конституция туралы поэманы" шығармасын жаза отырып, композитор республиканың кәсіби музыкалық өнерінің дамуына елеулі үлес қосты, өйткені вокалдық-симфониялық жанрдың дәстүрлерін шебер дамытып, азаматтық дыбыстың үлкен тақырыбын іске асыруда жаңа жолдар тапты. Публицистика мен икемділік, кеңдік пен ауқым, композитордың шын жүректен шыққан музыкасы поэмада сенімді көрініс алды. Поэма алғаш рет 1977 жылы қазан айында КСРО Үлкен театрының сахнасынан, Свешниковтың академиялық хорының, Бүкілодақтық радионың Лаптев балалар хорының, Бүкілодақтық радионың академиялық симфониялық оркестрінің, солистер М.Мұсабаевтың, Әнуарбек Молдабековтың орындауында жаңа Конституция қабылданған күні шығарылды. Поэма КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросының тапсырысы бойынша жазылған.

Хорға арналған шығармалар тізімі:

1.1961ж. - «Балқаштағы кеш», А.Байғожаев сөзіне жазылған

2.1968ж. - «Аястан»

3.1968ж. - «Пробуждённая земля» «Оянған жер»

4.1970ж. «Торжественная кантата» «Мерекелік кантата» (солистке, балалар хоры мен аралас хорға арналған)

5.1970ж. - «Мухтар Аға», М. Әуезовті еске алуға арналған, солистке, хор және оркестрге арналған поэма рекем

6. 1970ж. - «Конституция туралы поэма» «Поэма о конституции» Жамбылдың сөзіне жазылған. Жыршыға, солистке, балалар хоры мен аралас хорға, симфониялық оркестрге арналған

7.1971ж. - «Ода партии» «Партия одасы»

8.1976ж. - «Мы славим партию» «Біз партияны мадақтаймыз»

9.1977ж. - «Молодые механизаторы» «Жас механизаторлар».

К.Мырзалиев мәтініне ерлер дауыстарына арналған хор поэмасы

10.1977ж. - «Весенние голоса» «Көктемгі үндер» К.Мырзалиев мәтініне әйел дауыстарына арналған хор поэмасы

11.1993ж. - кантата «Туған елім» Н.А. Нахарбаев, Т. Молдағалиев сөзіне жазылған

12.2013 ж. - оратория «Жаса Қазақстан - Жаса Нұрсұлтан» [5].

Еркеғали Рахмадиевтің «Балқаштағы кеш хор поэмасы» 1961 жылы жазылған. Бұл туынды композитордың хор музыкасы саласындағы ізденістерінің жемісі және қазақ хор өнеріндегі шоқтығы биік шығармалардың бірі болып саналады. Поэманың мәтінін ақын А. Байғожаев жазған. Өлең жолдарында Балқаш көлінің табиғаты, адам сезімі мен татулық тақырыптары шебер өрілген.

1962 жылы Мәскеу қаласында өткен жас композиторлар байқауында «Балқаштағы кеш» хор поэмасы бірінші орын лауреаттыққа ие болды. Естелік марапаттарды жас композиторлерге табыстаған әйгілі совет композиторы А.И.Хачатурян болды. Бұл шығарма 1964жылдың 9 сәуірінде өткен Жамбыл атындағы Казгосфилармония сахнасында Е.Рахмадиевтің алғашқы авторлық концертінде орындалды.

Шығарманы музыкалық-теориялық талдау. Шығарма хор поэмасы жанрында жазылған. *Andante cantabile* темпінде жазылған, яғни баяу, әндетіп басталады, лирикалық сипатқа ие.

Поэма 4/4 өлшемде басталғанымен, өлшемдер жиі ауысып отырады: 4/4, 2/4, 3/4 және 5/4 өлшемдері шығармада кездеседі.. Бұл табиғат көрінісі мен көңіл-күйдің құбылмалылығын, еркін тынысын көрсетеді.

Ритмде созылыңқы ноталар, ферматалар және *ritardando* жиі кездеседі, бұл кешкі тыныштық пен тебіреністі суреттейді.

Шығарманың динамикасына келетін болсақ, өте нәзік *pp* басталып, ортасына қарай және *ff* дейін көтеріледі. Соңы қайтадан *ppp* тыныштықпен аяқталады.

Вокалдық-хор талдау. Шығарма аралас хорға арналып жазылған. Сопрано, альт, тенор, баритон-бас партияларына арналған. Кейбір тұстарда дауыстар бөлініп *divisi* көрінеді, көп дауыстылықтың күрделі фактурасын құрайды.

Сопрано партиясы негізгі әуендік желіні орындайды және шығарманың жоғарғы колоритін қалыптастырады. Шығарма басында *Andante cantabile* қарқынында *pp* динамикасымен өте нәзік басталып, жоғарғы регистрдегі дыбыстардың тазалығын талап етеді. Шығарма соңында *ppp* динамикасында «а...» вокализімен жоғарғы ноталарды созып, біртіндеп сөну *morendo* әдісін қолдануы қажет. Шығарманың негізгі әуенің көбіней сопрано партиясы орындағандықтан, интонациялық тазалықты сақтау қажет. Партия ішіндегі ансамбль сақталуы қажет. Тесситура жағынан қиындық орын алуы мүмкін, себебі ең жоғары нота екінші октаваның «си» нотасын барынша жұмсақ, қиналмай айтуға тырысу қажет.

Альт партиясы ортаңғы дауыс ретінде гармониялық толықтырушы қызметін атқарады және кейде сопраномен параллельді қозғалады. «Ай қабақ, алтын кірпік...» бөлімінде негізгі мәтінді айта отырып, әуенге тереңдік береді. Төменгі және ортаңғы регистрдегі дыбыстардың жинақы әрі жұмсақ шығуын бақылауы тиіс. Альт партиясы шығармада өзінің тембрімен, төменгі регистрлерін қолдануы керек.

Тенор партиясы - еркек дауыстарының жоғарғы шебі ретінде шығармаға ерекше лирикалық реңк қосады. «Ха-ля-ля» тектінде тенорлар белсенді ырғақтық фигураларды орындап, шығарманың серпінділігін арттырады. Жоғарғы тесситурада *mf* және *f* динамикасында еркін айтуды талап ететін тұстары бар. Тесситуралық жағынан тенор партиясына қолайсыздық келтіруі мүмкін, себебі жоғарғы нота бірінші октаваның «ля» нотасын құрайды.

Бас партиясы бүкіл хордың іргетасы-фундаменті. Шығарманың гармониялық негізін ұстап тұрады. Көбінесе ұзақ созылған ноталар органдық пункт арқылы кешкі тыныштық пен Балқаштың кеңдігін суреттейді. Шығарманың кульминациялық сәттерінде мысалы, «араз еткен қай ант ұрған» тұсында қу-

атты дыбысталууды қамтамасыз етеді. Шығарманы толық орындау үшін, бас партиясының төменгі дауыстары октависттер орындау қажет. 50 тактіде контроктава мен большая октава арасында «ля бемоль» нотасын ұстау керек. Келесі ең соңғы 4 тактіде октаваны құрайтын, контроктавамен большая октава арасында «си» нотасы ұзақ ұсталып тұрады.

Шығарма орындау барысындағы барлық дауыстарға басты талап, дауыстар арасындағы және дауыс ішінде ансамбльді ұстау. Барлық партиялар *ritardando* және *fermata* белгілерінде дирижердің қимылына барынша назар аударуы қажет. Барлық дауыстарға ұзын фразалар мен вокализдерде «тізбекті тыныс алу» әдісін қолдану маңызды.

Как показано во втором примере, виолончели даётся *mp espressivo*, преимущественно по шагам, а склонность С. Барбера к линейному гармоническому движению заметна в аккордовом сопровождении фортепиано. Начало в ми-бемоль мажоре: антецедентная фраза (первая фраза, задающая вопрос, незавершённая) охватывает такты 1–3, за ней следует konsekventная фраза (вторая фраза, дающая ответ, завершённая) в тактах 4–7 с каденцией на субдоминанте ля-бемоль. Затем идёт трёхтактовое расширение и переход к аккорду до-мажор в такте 10 [4, с. 40].

Из спокойной тишины аккорда до-мажор начинается вторая часть, представляющая собой значительный контраст. Лёгкая, *scherzando*-проработка письма безусловно соотносится со стилем XIX века, особенно Мендельсона — сходство, также отмеченное Орландо Коулом.

Хотя движение обозначено как *Presto*, музыка звучит лишь умеренно быстро, с метрономной отметкой 160 на пунктирную четверть (для сравнения: пропорциональная отметка для стандартного исполнения увертюры к «Сну в летнюю ночь» Мендельсона может быть 180–190). В рукописной копии партитуры С. Барбер записал эту секцию в размере 12/4 (вместо опубликованного 12/8). Хотя С. Барбер любил свою «красивую цепочку четвертных нот», Коул смог убедить его, что восьмые ноты будут легче для чтения.

Несмотря на краткость, эту секцию можно анализировать как сонатную форму. Начальная тема представлена виолончелью в тактах 11–13, при этом в такте 12 встречается особенно сложный ритм триолей внутри триоли. Сразу после этого в тактах 14–15 появляется вторая тематическая идея в партии фортепиано; обе идеи чередуются по мере продвижения музыки к до-мажору.

Пример 2

В третьей части *Allegro appassionato*, С. Барбер завершает сонату самым обширным и контрастным движением, снова используя сонатную форму, но при этом применяя несколько более современных приёмов. Снова присутствует обширная вариация и разработка тем, уже знакомых по предыдущим движениям, включая ритмическое удлинение и мелодическую фрагментацию; более удивительным является быстрота смены и контраста между темами.

«Кроме того, С. Барбер использует тональные соотношения эффектным образом, особенно в первой теме, делая отсылку к первой части неожиданным образом, что тонко повышает целостность произведения. Эти два аспекта помогают придать более современный баланс тому, что часто воспринимается как очень романтическое произведение» [4, с. 46].



Соната для виолончели и фортепиано Op. 6 С. Барбера представляет собой уникальное сочетание традиционной сонатной формы и ярко выраженных личностных художественных особенностей композитора. В каждом из трёх движений — от выразительного *Adagio* первого движения до энергичного и контрастного *Allegro appassionato* третьего — прослеживается мастерское использование гармонии, ритмики и мелодической линии, создающее богатую драматическую палитру.

Таким образом, соната Op. 6 не только отражает индивидуальный стиль С. Барбера и его подход к инструментальной драматургии, но и остаётся значимым примером американской камерной музыки первой половины XX века, объединяя в себе традицию и инновацию, драму и лиризм.

Литература:

1. Кривцова А. С. Сэмюэл Барбер — американский наследник музыкальной романтической традиции // *Вестник музыкальной науки*. — 2020. — Т. 8, № 3. — С. 74. — DOI: 10.24411/2308-1031-2020-10047.
2. Saines J. *The rough guide to classical music*. L., N.Y.: Rough Guides, 2010., 674 p.
3. Кривцова А. С. Музыкальное эссе в творчестве Сэмюэла Барбера: генезис и специфика жанра // *Opera musicologica*. — 2021. — Т. 13, № 2. — DOI: 10.26156/OM.2021.13.2.002.
4. Vest P. J. *A practical study of Samuel Barber's Sonata for Cello and Piano, Op. 6: [dissertation]* / Paul Joseph Vest. — Memphis: The University of Memphis, 2014. — Doctor of Musical Arts. — 137 p.
5. Adrienne M. Mascho *The Romantic American: Research and Analysis of Samuel Barber's Cello Sonata, op. 6* - Seoul NU, 2024, 84 p.
6. Barbara B. Heyman *Samuel Barber: The Composer and His music* - Oxford University Press, 2020, 664 p., p. 110.

7. Diehnelt, Kim. Barber: Sonata for violoncello and piano, Op. 6-Coaching Notes [Электронный ресурс] / Kim Diehnelt. — 4стр. — Режим доступа: https://www.academia.edu/22606678/Barber_Sonata_for_violoncello_and_piano_Op_6_Coaching_Notes

Saut Zhandos
Bekmoldinov Nartay Sagmbekuly
Kurmangazy Kazakh National Conservatory, PhD, Almaty, Kazakhstan *Nurmoldin*
Syrim Zhumabekovich
T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan
**THE TIMBRE CAPABILITIES OF THE BAYAN AND
THEIR IMPACT ON THEATRE MUSIC**

Сауыт Ж.,
Бекмолдинов Н.С.,
Құрманғазы атындағы
Қазақ ұлттық консерваториясы, PhD
Нурмолдин С.Ж.,
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
**БАЯННЫҢ ТЕМБРЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ТЕАТР МУЗЫКАСЫНА ЫҚПАЛЫ**

Соңғы онжылдықтарда әлемдік музыкалық өнерде тембрлік ойлаудың белсенді дамуы байқалып, композиторлар мен орындаушылар дәстүрлі аспаптардың жаңа дыбыстық қырларын ашуға ұмтылуда. Бұл үрдіс Қазақстанның кәсіби музыка мәдениетіне де тән, әсіресе камералық-инструменталдық шығармалар мен сахналық жанрларда тембр музыка драматургиясының жетекші компоненттерінің біріне айналып келеді. Қазіргі баян өнері де дәл осындай ізденістер аясында қарастырылып, баянның тембрлік палитрасы, регистрлік, фактуралық және артикуляциялық мүмкіндіктері кеңейтілген экспрессивтік құралдар жүйесі ретінде сипатталады. Зерттеушілер баянның халықтық-аспаптық интонациялармен, академиялық және эстрадалық стильдермен, түрлі ансамбльдік құрамдармен еркін тоғыса алатын универсалдық мүмкіндігін атап өтеді. Театр өнері контекстінде баянда жүзеге асатын тембрлік шешімдер ерекше мәнге ие, өйткені сахналық музыкада дыбыс тек әуендік-ырғақтық құрылым ретінде ғана емес, кеңістік пен уақытты, кейіпкер психологиясын, символдық-мағыналық өрісті бейнелеудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді. Қазақ театр музыкасының дамуында халықтық ән-күй интонациялары, домбыра, қобыз, сырнай секілді аспаптардың дыбыстық бейнесі жетекші рөл атқарып келгенімен, баянның да ұлттық колоритті заманауи театр тіліне көшіругегі үлесі біртіндеп айқындала түсуде. Осы тұрғыдан алғанда, баян тембрінің театр музыкасы жүйесіндегі орнын анықтау, оның сахналық көркемдік-бейнелік қызметін талдау, отандық театр тәжірибесіндегі қолданылу үлгілерін сипаттау – қазіргі музыкалық өнер мен өнертану ғылымы үшін өзекті

мәселелердің бірі болып саналады. Зерттеудің мақсаты – баянның тембрлік мүмкіндіктерін театр музыкасының драматургиялық құрылымымен байланыстыра қарастырып, оның эмоциялық, символикалық және стильдік функцияларын кешенді түрде айқындау. [1, 14-б.].

Баян қазіргі кәсіби музыка кеңістігінде тембрлік палитрасы аса бай, құрылымдық тұрғыдан икемді, орындаушылық мүмкіндіктері кең аспаптардың бірі ретінде қарастырылады. Заманауи баян-аккордеонның регистрлік жүйесі дыбыс биіктігі мен қалыңдығын, тембрлік бояуын, динамикалық деңгейін нәзік саралап басқаруға мүмкіндік береді, осының нәтижесінде аспап бір мезгілде әрі мелодиялық, әрі гармониялық, әрі фактуралық орталық қызметін атқара алады. [3, 110-б.]. Тембрлік жағынан баян акустикалық табиғаты бойынша тілшелі-құймалы дыбыс алу механизміне сүйенеді, бұл оның дыбысын «дем алатын», интонациялық тұрғыдан «әндететін» сипатқа ие етеді. Баян дыбысының ерекше «дауысқа ұқсастығы» әртүрлі регистрлік комбинациялар арқылы сопрано, альт, тенор, бас тембрлерін модельдеуге, хор фактурасын елестетуге, сондай-ақ халықтық аспаптар мен оркестрлік топтардың бояуын инодарлауға мүмкіндік береді. Орындаушылық техника тұрғысынан алғанда, баянға тән басты ерекшеліктердің бірі – мех жүргізу арқылы дыбыстың динамикасы мен фразалық дамуын үздіксіз қалыптастыру мүмкіндігі. [5, 65-б.]. Мехтің ашылып-жабылуы тек күш-қуат пен дыбыс күшін реттеп қана қоймай, фразаның «тынысын», кульминациялық өрлеу мен бәсеңдеуді, ішкі психологиялық шиеленісті бейнелеудің жетекші құралына айналады. Сонымен қатар, заманауи баян техникасында түрлі мехтік эффектілер – тремоло, вибрато, рикшет, глиссандо, акценттелген итермелі қозғалыстар кеңінен қолданылады, бұл аспаптың тембрлік-шумдық аясын айтарлықтай кеңейтеді.

Баян фактурасының көпқырлылығы да оның орындаушылық мүмкіндіктерін айқындайды: аспап бір мезгілде көпдауысты полифонияны, аккордтық фактураны, бас-сүйемел үлгілерін, остинатолық құрылымдарды, фигурациялық өрнектерді еркін біріктіре алады. Бұл қасиет баянды жеке соло аспап ретінде де, камералық ансамбль құрамында да, оркестрлік текстурадағы жетекші немесе қосымша дауыс ретінде де тиімді пайдалануға жағдай жасайды. [2, 103-б.]. Театр музыкасы үшін баянның аталған тембрлік және орындаушылық қасиеттері ерекше мәнге ие. Баян дыбысының жұмсақ та қанық бояуы лирикалық, психологиялық терең сахналарда кейіпкердің ішкі монологын, мұң-наласын, сағыныш сезімін беруге қолайлы болса, ашық, энергиясы жоғары регистрлік-динамикалық режимдер комедиялық, би элементтері басым, мерекелік көріністердің көңіл күйін күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, баян фактурасындағы халықтық әуен-ырғақ үлгілерін, ұлттық интонацияларды қолдану арқылы қазақтың дәстүрлі музыкасына тән кең тынысты күйлік ойлауды, әншілік әуезділікті сахналық кеңістікке көшіруге болады. Осылайша, баянның тембрлік-регистрлік құрылымы, мех жүргізу пластикасы, фактуралық-текстуралық байлығы оны театр музыкасы жүйесінде әмбебап әрі жоғары экспрессивтік әлеуетке ие аспап ретінде танытады. [3, 100-б.]. Бұл әлеуетті саналы түрде пайдалану композитор мен режиссерге сахналық әрекетті музыкалық-дыбыстық деңгейде тереңдетуге, ал

орындаушы-баяншыға кейіпкер психологиясын, сахналық кеңістік пен уақытты дыбыстық бейнелер арқылы әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді.

Театр музыкасы кеңістігінде тембр ұғымы тек дыбыстың сыртқы бояуы ғана емес, сахналық уақыт пен кеңістікті, кейіпкер психологиясын, драматургиялық шиеленісті ұйымдастыратын мағыналық категория ретінде қабылданады. [3, 107-б.]. Заманауи зерттеулерде тембрлік шешімдер музыкалық драматургияның құрылымдық негіздерінің біріне айналып, образдық-семантикалық өрісті қалыптастыруда жетекші рөл атқаратыны атап өтіледі. Қазақтың қазіргі академиялық және театрлық музыкасында тембрлік драматургияға ерекше назар аудару үрдісі айқын байқалады, мұнда ұлттық дүниетаным мен мифопоэтикалық бейнелер көбіне нақты дыбыстық-тембрлік кешендер арқылы көрініс табады. Д.Бержапраковтың «Umai», «Камлание» сияқты камералық шығармаларын талдауға арналған еңбектерде тембр-модуляциялық кеңістік сакральды уақыт пен архаикалық ритуалдық әрекетті музыкалық тұрғыда «қайта жаңғыртатын» басты драматургиялық фактор ретінде көрсетіледі. [4, 101-б.]. Театр сахнасындағы баян тембрі дәл осындай тембрлік драматургия логикасына табиғи түрде кірігеді. Лирикалық көріністерде баянның жұмсақ, орта және жоғары регистрлердегі «әндеткіш» дыбысы кейіпкердің ішкі монологын, психологиялық толғанысын, нәзік сезім иірімдерін жеткізудің пәрменді құралы бола алады. Мехтің икемді жүргізілуі арқылы ұзын тынысты фразалар, динамикалық «толқындар», кульминациялық өрлеулер сахналық әрекеттің эмоционалдық өрісін кеңейтеді, көрерменді кейіпкер күйіне тереңірек енгізуге итермелейді. Естелік, өткенге оралу, қашық кеңістік әсерін тудыратын эпизодтарда баян көбіне сахна сыртындағы (оффстейдж) дыбыс ретінде, не әлді-әлсіз естілетін «алыстан жеткен үні» ролінде қолданыла алады. Мұндай шешімдерде баянның түсірілген динамикасы, тар регистрлік аумақ, жеңіл вибрато мен кенеттен бәсеңдейтін фразалар эстетикалық-акустикалық тұрғыда «жуылған», бұлыңғыр естелік бейнесін қалыптастырады. Тембрлік жағынан бұл – дыбыстың нақты орнықты тембрінен гөрі, естеліктің, сағыныштың, уақытпен алшақтаудың символдық дыбыстық нышаны. Халықтық орта, жәрмеңкелік немесе ауылдық кеңістікке қатысты сахналарда баянның халықтық-би әуендерімен, марштық-ойындық ырғақтармен, домбыра немесе қобыз әуенімен имитациялық диалог құруы арқылы ұлттық колорит айқындалады. Мұнда баян тембрі көбіне халық аспаптары тобына жақындастырылып, фактурада күйлік остинато, қарапайым гармониялық айнымалылық, синкопаланған ырғақтар, «жыр-терме» сипатындағы мелодика қолданылады. Нәтижесінде баян ұлттық аспаптармен қатар, қазақы тұрмыс пен ортаға тән көңіл күйді, мерекелік немесе тұрмыстық ахуалды жеткізетін маңызды экспрессивтік құрал ретінде көрінеді. [2, 110-б.].

Мистикалық, сакральды сипаттағы сахналарда баян тембрі эксперименттік тәсілдер арқылы қолданылуы мүмкін: диссонанттық интервалдар, кластерлік құрылымдар, мехтің үздік-үздік «тынысы», регистрлердің кенет ауысуы, шумдық эффектілер (шыңылдата тарту, флажолетке ұқсас бояулар) дыбыстық «ритуалды кеңістік» жасайды. Мұндай тембрлік шешімдер Бержапраковтың «Umai» шығармасындағыдай, архаикалық мифологиялық бейнелерді, уақыттан тыс кеңістікті, «дыбыстық трансты» елестету үшін қолданылатын тәсілдермен типологиялық тұрғыда

сабақтас келеді. Театр музыкасы контексінде баян тембрінің негізгі функцияларын бірнеше бағытта жүйелеуге болады:

- эмоциялық-психологиялық функция – кейіпкер күйін, сахналық ахуалды, ішкі монологты бейнелеу;
- кеңістік-уақыттық функция – естелік, алыстағы дыбыс, сахна сыртындағы әрекет, тарихи немесе мифологиялық кеңістік әсерін жасау;
- ұлттық-стильдік функция – қазақтың дәстүрлі интонацияларын, халықтық орта мен тұрмысқа тән бояуды сахнада тембрлік деңгейде қайта құру;
- символикалық-ритуалдық функция – мистикалық, сакральды көріністерде архаикалық бейнелер мен ритуалдық ойлауды заманауи тембрлік тіл арқылы жеткізу.

Баянның жоғарыда аталған тембрлік функциялары композитор мен режиссерге спектакльдің музыкалық драматургиясын тереңдетіп, дыбыстың өзі арқылы мағыналық-семантикалық қабатты байытуға мүмкіндік береді, ал орындаушы-баяншыға сахналық образдың белсенді әріптесіне айналу кеңістігін ашады. Отандық театр тәжірибесінде баян көбіне драмалық спектакльдердің музыкалық көркемдеуінде, поэтикалық композицияларда, музыкалық-пластикалық қойылымдарда қолданылады. Бірқатар репертуарлық спектакльдерде баян сахнада тірі орындау құралы ретінде актерлермен тікелей әрекеттесіп, кейіпкер образының «музыкалық дауысына» айналады, кей жағдайда ол жекелеген кейіпкердің тұрақты лейтмотивін жүргізетін аспаптық сыңар рөлін атқарады. Театрлық қойылымдарда жиі кездесетін модельдердің бірі – баянды пролог және эпилог эпизодтарында қолдану үлгісі. Мұндай жағдайда баянда орындалатын қысқа әуендік-тембрлік формула спектакльдің негізгі идеялық эмоциялық өзегін тұспалдап, көрерменді алдағы сахналық әрекетке дайындайды, ал финалда сол формуланың өзгерістермен қайталануы драматургиялық доғаны тұйықтап, болмыс-оқиғаға авторлық көзқарасты білдіреді. Тағы бір үлгі – баянның би, ойын, халықтық көрініс эпизодтарын сүйемелдеуіндегі рөлі, мұнда аспап ұлттық-тұрмыстық ортаға тән көңіл күй мен динамикалық қозғалысты тембрлік-ырғақтық деңгейде бекітеді. Қазіргі тәжірибеде баян кейде мультимедиялық проекциялармен, жарық драматургиясымен және пластикалық шешімдермен тығыз байланыста қолданылады. Бұл жағдайда баян тембрі тек дербес дыбыстық қабат ретінде емес, бейнежазба, мәтін, хореографиямен біріге отырып, интегративті көркем кеңістік жасайды; дыбыс пен жарықтың, қозғалыстың синхронды дамуы арқылы сахналық уақыттың ішкі ырғағы айқындалады.

Баян аспабының тембрлік және орындаушылық мүмкіндіктері оны заманауи театр музыкасының әмбебап әрі жоғары экспрессивтік әлеуетке ие құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Регистрлік-динамикалық ауқымның кеңдігі, мех жүргізудің пластикасы, фактуралық-текстуралық байлық пен ұлттық интонациялармен табиғи үйлесімділік баян тембріні сахналық лирикадан бастап, халықтық орта, мистикалық-ритуалдық көріністерге дейінгі әртүрлі драматургиялық жағдайларда тиімді қолдануға жағдай жасайды. Театр музыкасы контексінде баян тембрі

эмоциялық-психологиялық, кеңістік-уақыттық, ұлттық-стильдік және символикалық-ритуалдық функцияларды атқара отырып, спектакльдің музыкалық драматургиясын тереңдетуге, кейіпкер бейнесін ішкі-дыбыстық деңгейде даралауға қызмет етеді. Осы әлеуетті шығармашылық және педагогикалық практикада жүйелі жүзеге асыру отандық театр музыкасының тембрлік мәдениетін байытып, қазақтың ұлттық музыкалық дәстүрі мен заманауи сахналық өнер арасындағы сабақтастықты нығайтуға ықпал етеді

Әдебиеттер:

1. Бержапраков Д. Тембр как средство реконструкции древнего ритуального действия в камерной музыке Казахстана XXI века («Камлание»).
2. Berzhaprakov D., Dzhumalieva T. The Role of Timbre-Modulation Space in «Umai». Cajas Journal.
3. Stylistic Directions of Accordion-Bayan Music in Modern Art. Linguistics and Culture Review, 2023.
4. Music in context: an exploration of music and dramaturgy.
5. Kazakh Traditional Musical Culture: Worldview Universals.

Khairulla Aibek

Kuzbakova Gulnara

**«MACBETH. SCACCO AL RE»: ENGAGING CHILDREN'S
AUDIENCES IN OPERA
(THE CASE OF TEATRO REGIO DI PARMA)**

Хайрулла А.Б.

Кузбакова Г.Ж., өнертану кандидаты, доцент

**«MACBETH. SCACCO AL RE»: БАЛАЛАР АУДИТОРИЯСЫН
ОПЕРА ӨНЕРІНЕ ТARTY ТӘЖІРИБЕСІ
(ПАРМА КОРОЛЬДІК ТЕАТРЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)**

XXI ғасырдың алғашқы ширегінде опера өнері өзінің төрт ғасырлық тарихындағы ең маңызды трансформациялық кезеңді бастан кешуде. Бұл өзгерістердің негізгі драйверлерінің бірі — жаңа аудиторияны, әсіресе жас ұрпақты тарту қажеттілігі. Дәстүрлі опера аудиториясының орташа жасы жоғарылап келеді, ал жастар бұл жанрға қызығушылық танытпайды. OPERA America ұйымының 2024 жылғы зерттеуіне сәйкес, опера театрларының негізгі аудиториясының орташа жасы 60 жасты құрайды, бұл жанрдың болашағы туралы маңызды сұрақтар туғызады [10, б. 12].

Опера өнерінің қазіргі жағдайы күрделі және көп қырлы. Бір жағынан, бұл жанр әлемдік мәдени мұраның ажырамас бөлігі ретінде өз маңыздылығын сақтап отыр. Әлемнің ірі опера театрлары — Ла Скала, Метрополитен-опера, Вена мемлекеттік операсы, Ковент-Гарден — жыл сайын миллиондаған көрермендерді қабылдайды. Екінші жағынан, цифрлық технологиялар дәуірінде өскен жас ұрпақ үшін дәстүрлі опера форматы тым статикалық және қол жетімсіз болып көрінуі мүмкін.

Бұл мәселенің өзектілігі бірнеше факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, опера — синтетикалық өнер түрі, ол музыканы, драматургияны, сценографияны, хореографияны біріктіреді. Балаларды операмен таныстыру — оларды кешенді эстетикалық қабылдауға баулудың тиімді жолы. Екіншіден, көптеген зерттеулер музыкалық білімнің балалардың когнитивті дамуына, эмоционалдық интеллектіне және әлеуметтік дағдыларына оң әсер ететінін дәлелдейді. Үшіншіден, жас көрермендерді тарту — опера театрларының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етудің стратегиялық міндеті.

Еуропалық опера театрлары бұл мәселені шешуде әртүрлі тәсілдерді қолданады: балаларға арналған арнайы қойылымдар, білім беру бағдарламалары, интерактивті экскурсиялар, мектептермен серіктестік. Алайда бұл бастамалардың ішінде Парма Корольдік театрының тәжірибесі ерекше орын алады. Театр Джузеппе Вердидің туған жері — Парма қаласында орналасқан, сондықтан ол композитордың мұрасын насихаттауда ерекше жауапкершілік сезінеді.

Верди фестивалі (Festival Verdi) — 2001 жылдан бастап жыл сайын өтетін халықаралық іс-шара, ол Вердидің операларын қоюға және зерттеуге арналған. Фестиваль аясында балаларға арналған арнайы жобалар іске асырылады, олардың ішінде «Macbeth. Scacco al Re» ерекше орын алады. Бұл жоба Вердидің ең драматикалық операларының бірін — «Макбетті» — балаларға түсінікті тілде, ойын форматында ұсынады.

Зерттеудің өзектілігі сонымен қатар Қазақстан контекстінде де маңызды. Отандық опера театрлары — Астана Опера, Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры — жас көрермендерді тарту мәселесімен бетпе-бет келуде. Шетелдік тәжірибені зерделеу және бейімдеу отандық опера өнерінің дамуына үлес қоса алады.

Зерттеудің мақсаты — Парма Корольдік театрының балаларға арналған опера жобаларының педагогикалық және театрлық ерекшеліктерін талдау, олардың опера өнерін демократияландыру контекстіндегі маңызын анықтау. Зерттеу материалы ретінде Парма Корольдік театрының ресми құжаттары, бағдарлама буклеттері, фестиваль баспасөз релиздері және театр әкімшілігінің интервьюлері пайдаланылды. Зерттеу әдістері: салыстырмалы талдау, кейс-стади және контент-анализ.

Теориялық негіз ретінде мәдени демократияландыру концепциясы қолданылды. Х. Бахши мен Д. Тросбидің пікірінше: «Innovation in audience reach is one of the main categories of innovation among cultural institutions» [Аудиторияға қол жеткізудегі инновация — мәдени мекемелер арасындағы инновацияның негізгі санаттарының бірі] [1, б. 2078].

Балаларға арналған опера өнерінің тарихы XVII ғасырдан басталады. Ең алғашқы ағылшын операларының бірі — Генри Перселлдің «Дидона және Эней» (1689) — Лондонның Челси ауданындағы қыздар интернатының оқушыларымен орындалған. Алайда балаларға арнайы жазылған операларды заманауи түсінікте XX ғасырда ғана көруге болады.

XXI ғасырда бұл бағыт жаңа серпін алды. 2019 жылы Санта-Фе операсы басқарған жеті американдық компания «Opera for All Voices» консорциумын құрды. R. Rinaldi жазғандай: «The consortium aims at commissioning composers to create new material for audiences of all ages» [Консорциум барлық жастағы

аудиторияға арналған жаңа материал жасау үшін композиторларға тапсырыс беруге бағытталған] [8, б. 25]. Бұл консорциумның негізгі идеясы — балаларға «сұйылтылған» өнер емес, толыққанды көркем туындылар ұсыну.

«Macbeth. Scacco al Re» (итальян тілінен аударғанда «Макбет. Патшаға шах») — Дж. Вердидің «Макбет» операсы негізінде жасалған интерактивті балалар спектаклі. Спектакль Парманың Герцогтық сарайында (Palazzo Ducale) өтіп, 7 жастан асқан балаларға арналған. Жобаның авторы және режиссері — Джакомо Наппини, музыкалық жетекшісі — Тройан Накаде.

Спектакльдің концепциясы Шекспир трагедиясын командалық ойынға айналдыруға негізделген. Театрдың сипаттамасына сәйкес: «I personaggi dell'opera si tramutano nei pezzi di un'enorme partita di scacchi» [Опера кейіпкерлері алып шахмат ойынының фигураларына айналады] [9]. Бұл тәсіл бірнеше педагогикалық принципті біріктіреді: ойын арқылы оқыту, иммерсивті тәжірибе және конструктивистік білім беру теориясы.

Вердидің «Макбет» операсының негізгі қойылымы мен «Macbeth. Scacco al Re» балалар спектаклі арасында елеулі айырмашылықтар бар. Негізгі опера 2,5-3 сағатқа созылып, опера театрының үлкен залында 1000-нан астам көрерменге арналса, балалар спектаклі 60-90 минутқа созылып, Герцогтық сарайда шағын топтарға арналған. Драматургиялық тұрғыдан негізгі операда Вердидің толық партитурасы (4 акт), барлық ариялар, дуэттер, хор сахналары, күрделі психологиялық тартыс, қараңғы трагедиялық атмосфера, кісі өлтіру және есінен адасу сахналары бар. Балалар спектаклінде музыканың таңдамалы үзінділері ғана пайдаланылып, сюжет шахмат ойыны арқылы жеңілдетілген, ал қорқынышты сахналар алынып тасталған немесе символикалық түрде берілген.

Көрермен қатысуы тұрғысынан да айырмашылықтар айқын. Негізгі операда көрермен пассивті түрде орындықта отырып көреді, сахна мен зал арасында қашықтық сақталады. Балалар спектаклінде керісінше, балалар командаларға бөлініп, арнайы карталар мен тапсырмалар алады, жасырылған фигураларды тауып, ойын барысын өзгертуге мүмкіндік алады, алып шахмат тақтасында қозғалады. Шахмат метафорасы күрделі кейіпкерлерді балаларға түсінікті етеді: Патша Макбет — шектеулі қозғалыс пен әлсіздік символы, Ханшайым Леди Макбет — билік пен манипуляция символы, Банко — адал дос пен қорғаушы фигура, ал сиқыршылар — ойын ережелерін өзгертетін күштер ретінде бейнеленеді.

Парма Корольдік театры балалар мен жасөспірімдерге арналған кешенді білім беру бағдарламасын — RegioYoung жобасын іске асырады. Бұл бағдарлама театрдың аудитория дамыту стратегиясының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және жас көрермендерді опера өнерімен таныстырудың көп деңгейлі жүйесін ұсынады.

RegioYoung бағдарламасы бірнеше бағытты қамтиды.

Біріншіден, жыл сайынғы арнайы тапсырыс берілген опера қойылымдары. Театр жас аудиторияға бағытталған түпнұсқа шығармалар жасау үшін композиторлар мен режиссерлерге тапсырыс береді.

Екіншіден, Верди фестивалі аясындағы балалар жобалары. «Macbeth. Scacco al Re» осындай жобалардың бірі болып табылады.

Үшіншіден, мектептермен серіктестік бағдарламалары. Театр жергілікті және аймақтық білім беру мекемелерімен ынтымақтастық орнатып, оқушыларға арналған арнайы көрсетілімдер ұйымдастырады.

Төртіншіден, отбасылық іс-шаралар. RegioYoung отбасылардың бірге қатысуына арналған арнайы форматтарды ұсынады.

Кесте — Жас көрермендерге арналған қойылымдар үлесі

Театр / Модель	Жас аудитория %	Ел/Аймақ
LA Opera	25%	АҚШ
Teatro Regio di Parma	23.4%	Италия
Royal Opera House	18%	Ұлыбритания
Opera Europa орташа	15.4%	Еуропа
Metropolitan Opera	15%	АҚШ
Фестивальдар орташа	6.3%	Еуропа

Ескертпе: Opera Europa деректері негізінде [6]

Заманауи опера өнерінің маңызды тенденцияларының бірі — иммерсивті театр элементтерін пайдалану. Иммерсивті театр дәстүрлі сахналық кеңістікті жояды және көрермендерді спектакльдің өзіне батырады. Көрермендер актерлермен өзара әрекеттеседі және қоршаған ортамен байланысады. Л. Ченг пен Б.В. Леунгтің зерттеуі көрсеткендей: «Immersive media was found to be more interactive and motivational than the conventional approach» [Иммерсивті медиа дәстүрлі тәсілге қарағанда интерактивті және ынталандырушы екені анықталды] [2, б. 190].

Опера өнері тарихи тұрғыдан элитарлық мәдениетпен байланыстырылған. Қымбат билеттер, формалды киім коды, күрделі сюжеттер — осының бәрі көптеген адамдарды операдан алшақтатады. Алайда қазіргі кезде бұл стереотиптерді жоюға бағытталған көптеген бастамалар бар. Верди фестивалі осындай бастамалардың бірі. 2016 жылдан бастап фестиваль «Verdi Off» бағдарламасын іске қосты — бұл жүзден астам тегін іс-шаралар. Visit Emilia ресурсында атап өтілгендей: «Verdi Off addresses citizens and visitors, families, young people and children, hospices and hospital patients, prisoners» [11].

Парма Корольдік театрының «Macbeth. Scacco al Re» жобасы дәстүр мен инновацияның үйлесімділігінің мүмкін екендігін көрсетеді. Бұл спектакль классикалық опера мұрасын — Вердидің «Макбет» операсын — жас аудиторияға қызықты және түсінікті формада жеткізеді. А. Sutherland атап өткендей: «Opera companies wishing to expand their audience base are likely to see children's programmes as integral to their outreach» [Өз аудиториясын кеңейткісі келетін опера компаниялары балалар бағдарламаларын ақпараттық жұмыстың ажырамас бөлігі ретінде қарастырады] [3, б. 245].

Зерттеу нәтижелері келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. «Macbeth. Scacco al Re» жобасы классикалық опера мұрасын жас аудиторияға жеткізудің тиімді моделі болып табылады. Шахмат метафорасы күрделі драматургияны балаларға түсінікті етеді.

2. Иммерсивті театр мен геймификация элементтерінің біріктірілуі балалардың операға деген қызығушылығын арттырады. Иммерсивті нарық 2030 жылға \$473.9 млрд-қа жетеді [5].

3. Верди — әлемде ең көп қойылатын опера композиторы (21.5% нарық үлесі). Оның шығармалары балаларға арналған бағдарламалар үшін идеал материал [7].

4. Еуропалық театрлар пандемиядан қалпына келуде. Жас аудиторияға арналған бағдарламалар осы қалпына келуге үлес қосуда [6].

5. Бұл тәжірибе Қазақстан опера театрлары үшін де үлгі бола алады.

Әдебиеттер:

1. Bakhshi H., Throsby D. Innovation in Arts and Cultural Organisations // Structural Change and Economic Dynamics. — 2012. — Vol. 23, No. 4. — P. 2067–2090.
2. Cheng L., Leung B.W. Exploring the Use of Immersive Virtual Reality for Cantonese Opera Education // Music Education Research. — 2023. — Vol. 25, No. 2. — P. 180–195.
3. Sutherland A. The Role of Children's Choruses in Opera Companies // British Journal of Music Education. — 2010. — Vol. 27, No. 3. — P. 245–260.
4. Metropolitan Opera. HD Live in Schools [Electronic resource]. — URL: <https://www.metopera.org/discover/education/hd-live-in-schools/> (accessed: 22.01.2024).
5. Mordor Intelligence. Immersive Entertainment Market Report 2024–2030. — 2024.
6. Opera Europa. Annual Survey 2024 [Electronic resource]. — URL: <https://opera-europa.org/> (accessed: 01.01.2026).
7. Operabase. Global Opera Statistics [Electronic resource]. — URL: <https://www.operabase.com/statistics/en> (accessed: 01.01.2026).
8. Rinaldi R. Opera for All Voices // OPERA America Magazine. — 2019. — P. 24–27.
9. Teatro Regio di Parma. Macbeth. Scacco al Re [Electronic resource]. — URL: <https://teatregioparma.it/en/opera/macbeth-scacco-al-re/> (accessed: 15.01.2024).
10. Understanding Opera's New Audiences. — OPERA America, 2024. — 60 p.
11. Visit Emilia. Festival Verdi [Electronic resource]. — URL: <https://www.visitemilia.com/en/festival-verdi/> (accessed: 18.01.2024).

Sharmanova SerikguL,

Yeginbayeva Toizhan

SHABAL BEISEKOVA AS A STUDENT OF THE KAZAKH OPERA STUDIO AT THE MOSCOW CONSERVATORY (1936–1941): AN ARCHIVAL STUDY

Шарманова С.Т.,

Егинбаева Т.Ж., өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор

ШАБАЛ БЕЙСЕКОВА — МӘСКЕУ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ОПЕРА СТУДИЯСЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫСЫ РЕТІНДЕ (1936–1941): АРХИВТІК ЗЕРТТЕУ

Қазақ опера өнерінің кәсіби деңгейде қалыптасуы ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы мәдени-саяси өзгерістермен және ұлттық кадрларды арнайы даярлау жүйесінің құрылуымен тікелей байланысты. Осы кезеңде

Мәскеу консерваториясы жанындағы Қазақ опера студиясының қызметі қазақ ұлттық опера мектебінің қалыптасуына шешуші ықпал еткен маңызды тарихи-мәдени құбылыс ретінде бағаланады. Аталған студия қазақ даласынан дарынды жастарды іріктеп, оларды еуропалық академиялық вокал мектебінің талаптарына сай кәсіби даярлауға бағытталған бірегей орталық болды. Бұл студияның жұмысы 1936 жылы бастау алады. Мәскеу консерваториясының архивінен алынған тізімдемеге сүйенсек, Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ опера студиясында келесі студенттер білім алғанын көруге болады: Абдулина Кашифы Калды (26 мамыр 1935 - 23 қазан 1940), Абдуллин Муслим (01 қараша 1937 – 15 наурыз 1939), Абдуллин Ришат (03 қазан 1937 – 25 қараша 1939), Акатов Жуматай (15 қыркүйек 1936 – 15 сәуір 1939), Альшеров Рахия (19 наурыз 1936 – 18 ақпан 1937), Ахимбеков Риза Бесеуч (31 желтоқсан 1937 – 16 қазан 1938), Байтекеева Айша (1937 – 17 маусым 1939), Бейсекова Шабал (01 қыркүйек 1938 – 2 ақпан 1940), Давлетова Насиха (01 қыркүйек 1936 – 28 желтоқсан 1936), Джетписбаева Фатима (1937 – 16 наурыз 1939), Есенгулов Агадай (1938 – 28 қазан 1939), Карахаджаева Сафура (1937 – 01 қыркүйек 1939), Кошкумбаев Магавия (1936 – 26 ақпан 1940), Кулукбаев Манаш (1937 – 20 наурыз 1940), Мактагулов Мусабай (01 қыркүйек 1937 – 01 қараша 1940), Мусабенкова Айкен (13 тамыз 1935 – 16 ақпан 1937), Омарова Галлия (қыркүйек 1935 - 1940), Рамазанова Галья (19 сәуір 1936 - 1940), Рафикова Динарзада Насыровна (01 қыркүйек 1938 – 29 шілде 1940), Рыскалиев Таным (26 шілде 1937 – 27 наурыз 1938), Тагаев Кашиф (01 қыркүйек 1938 – 09 шілде 1940), Темирбеков Абдул (11 қыркүйек 1937 – 15 қараша 1937), Укежанова Зулъгиря (1936 – 05 июль 1940), Уралбекова Бадарья (1937 – 05 қаңтар 1940), Юнусова Разия (1936 – 15 шілде 1940), Бикчентаева Магмура Галеевна (-), Газиев Шариф (26 қыркүйек 1940 -), Кулатаев Ибабий (- 29 қараша 1937), бұл қатарда Байғали Досымжанов және Кәукен Кенжетаев те болу керек, бірақ архив қызметкерлерінің айтуынша Кәукен Кенжетаевтың жеке құжаттары жоғалып кеткен, Байғал Досымжановқа қатысты ол кісі бұл тізімдемеде жоқ, бірақ жеке құжаттары сақталған. Осы орайда әлі бір талай студенттердің есімдері аталмай қалды деген болжам жасай аламыз. Бұл есімдердің көбін қазақ мәдениетіне үлесін қосқан жандар деп айта алмаймыз. Мәскеу консерваториясы жанындағы Қазақ опера студиясына қабылданған студенттердің оқу траекториясын талдау олардың басым көпшілігі толық бесжылдық оқу мерзімін аяқтай алмағанын көрсетеді. Студияның оқу бағдарламасы бес жылға жоспарланғанымен, архивтік құжаттарда студенттердің бір бөлігінің оқуын ерте тоқтатқаны немесе мерзімінен бұрын елге қайтарылғаны анық байқалады. Оған бірнеше факторды келтіріледі: ауа райының ауысуына байланысты студенттердің денсаулығына қатысты бейімделе алмауы, тілдік барьер, белгісіз себептерге байланысты жастардың елге оралмауы. Сонымен қатар, студияда білім алған студенттерді Қазақстан тарапынан қаржыландыру жүйелі түрде жүргізілгеніне қарамастан, бұл үдерістің нәтижелілігі күткендей болмағаны байқалады. Материалдық қолдаудың бар болуына қарамастан, жоғарыда аталған әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық және тілдік факторлар студенттердің оқуын толық аяқтауына кедергі келтіріп, нәтижесінде дайындалған кәсіби кадрлар саны жоспарлағандай нәтиже

бермеді. Бұл деректер Е. Брусиловскийдің «Пять тетрадей» еңбегінде келтіріледі.

Аталмыш студияда 1938 – 1940 жылдар аралығында білім алған, қазақ опера өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың бірі – Қазақстанның халық әртісі, көрнекті опера әншісі Шабал Бейсекова. Алайда оның Мәскеу консерваториясы жанындағы Қазақ опера студиясындағы оқу кезеңі мен кәсіби қалыптасу жолы отандық музыкатану ғылымында арнайы архивтік құжаттар негізінде жүйелі түрде зерттелмеген.

Мақаланың өзектілігі Мәскеу консерваториясының архивінен алынған, бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген бірегей дереккөздерге – жеке парак, жеке ісі құжаты, үлгерім ведомстволары мен мінездемелерге сүйене отырып, Шабал Бейсекованың кәсіби қалыптасу жолын жаңаша ғылыми тұрғыда пайымдауда жатыр. Бұл архивтік материалдар әншінің небәрі бір жарым жылдық оқу мерзімі ішінде жоғары кәсіби деңгейге жеткенін және Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына ерте шақырылуының нақты себептерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мәскеу консерваториясы жанындағы Қазақ опера студиясының меңгерушісі Берманның 1939 жылы жазған ресми хаты архивте сақталған. Бұл хат Шабал Бейсекованың оқу барысындағы кәсіби деңгейін, жеке қасиеттерін және ерте кәсіби мойындалуын нақты көрсететін құнды дерек болып табылады.

Хатта Берман атап өткендей, Шабал Бейсекова бір жарым жыл көлемінде ғана білім алса да, оның дауысы, музыкалық ойлауы және сахналық мәдениеті жоғары кәсіби талаптарға толық сай келген. Атап өтетін жайт Шабал Бейсекова опера студиясына түсер алдында Алматы қаласындағы музыкалық училищенісін тәмәмдаған болатын. Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ опера студиясының меңгерушісі Берманның ҚазақССР мәдениет басқарма басшысына жолдаған хатының толық нұсқасын ұсынамыз: «Осеню 1938/39 учебного года на Казахское отделение московской Государственной Консерватории была зачислена тов. Бейсекова Шабаль. Иstekший учебный год показал, что в лице Бейсековой Казахское отделение имеет певицу с большим будущим. Великолепный голос, незаурядное актерское дарование, прекрасное отношение к работе, дисциплинированность и прилежание, - уже с первых месяцев учебы обратили на себя внимание дирекции консерватории. К началу нынешнего 1939 - 40 уч.года Бейсекова по невыясненной причине не приехала в Москву и не приступила к занятиям. Я считаю своим долгом и долгом Управления по делам Искусств Каз.ССР принять все необходимые меры для направления Бейсековой в Москву и продолжения ею музыкального образования. Мне неизвестны причины, по которым она прекратила занятия - они могут быть выяснены только Вами на месте. Однако, я убежден, что интересы Казахского Музыкального Искусства требуют создания Бейсековой соответствующих условия для продолжения учебы. Обращаюсь к Вам по поручению Дирекции Московской Государственной Консерватории с настоятельной просьбой принять все зависящие от Вас меры для возвращения в Москву студентки Бейсековой, которая будет, мы в этом убеждены, достойным украшением Казахского оперного театра». Бұл хатқа жауап ретінде Қазақ ССР тарапы

Мәскеу консерватория басшылығы Гольденвейзер мырзаға былай жауап береді: «Бейсекова до конца сезона остается в театре».

Бұл мәлімет Шабал Бейсекованың оқу процесіндегі қысқа мерзім оның кәсіби әлеуетінің төмендігінен емес, керісінше, ерекше дарындылығы мен өндірістік сахнаға тартылу қажеттілігінен туындағанын айғақтайды.

Архивтік хаттағы тағы бір маңызды тұсы – Бейсекованың педагогтар тарапынан ерекше бағаланғаны және оның оқу бағдарламасын тез меңгеру қабілеті. Берман атап өткендей, студенттің дисциплинасы, сахналық қозғалысқа икемділігі және музыкалық интерпретацияға талпынысы оның болашақ опера орындаушысы ретінде тез қалыптасуына мүмкіндік берген.

Берман хатына сүйене отырып, Шабал Бейсекованың қазақ опера өнеріндегі ерте кәсіби мойындалуының феномені анық көрінеді. Бұл феномен тек жеке дара таланттың айқын көрінісі ғана емес, сонымен қатар, Мәскеу консерваториясы жанындағы Қазақ опера студиясының кәсіби дайындық жүйесінің тиімділігін де дәлелдейді. Студия мен Берманның ресми бағасы Шабал Бейсекованың өнері мен кәсіби деңгейін институционалдық тұрғыда мойындаудың тарихи дәлелі ретінде ғылыми айналымға енгізілген.

Мәскеу консерваториясы жанындағы Қазақ опера студиясының архивтік құжаттары Шабал Бейсекованың кәсіби қалыптасуы мен қазақ опера өнеріндегі орны туралы маңызды ғылыми деректерді береді. Архивтік материалдар – личный листок, личное дело, үлгерім ведомстволары және Берманның ресми хаты – оның оқуын бір жарым жылда аяқтағанына қарамастан кәсіби деңгейінің жоғары екенін, оқуын жалғастырмауының кәсіби жетіспеушіліктен емес, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына нақты рөлге ерте шақырылғандықтан болғанын дәлелдейді.

Шабал Бейсекова Мәскеу вокалдық мектебінен алған академиялық білімін ұлттық музыкалық дәстүрмен үйлестіріп, сахналық мәдениеті мен орындаушылық қабілетін ерте көрсете білді. Оның педагогтар мен студия меңгерушісі Берман тарапынан берілген мінездемелері кәсіби даралығын, музыкалық талғамын және сахналық бейімділігін толық мойындағанын айғақтайды. Бұл деректер Шабал Бейсекованы қазақ опера өнеріндегі «ерте кәсіби мойындалған феномен» ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мақалада қарастырылған архивтік деректер Шабал Бейсекованың кәсіби дамуы мен орындаушылық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда талдауға, сондай-ақ қазақ операсының алғашқы кәсіби буынының қалыптасуын түсінуге мүмкіндік береді. Шабал Бейсекова ұлттық опера өнерін дамытуда шешуші рөл атқарған, және оның сахналық қызметі мен кәсіби деңгейі бүгінгі қазақ операсының тарихында ерекше орын алады.

Осы зерттеу қазақ опера өнерінің тарихын архивтік деректер негізінде қайта қарастыруға, сондай-ақ XX ғасырдың 30–40 жылдарындағы кәсіби вокалдық даярлық жүйесінің тиімділігін ғылыми дәлелдермен көрсетуге мүмкіндік береді. Шабал Бейсекованың феномені тек жеке таланттың айқын көрінісі емес, сонымен бірге ұлттық опера өнерінің кәсіби қалыптасуының тарихи-мәдени факторы ретінде маңызды болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Жұбанов А. К. Өн-күй сапары. Алматы: Ғылым, 1976
2. Гаитбаева Г.А. Башкирская оперная студия при Московской государственной консерватории (1932–1949): опыт исторической реконструкции. Автореф. дис. канд. искусствоведения. Уфа, 2021
3. Брусиловский Е. Г. Пять тетрадей. Воспоминания. Простор, 1997. №10. 6.86-113
4. Порфирьева Е. В. Национальные национальные оперные студии при Московской консерватории и их место в советской музыкальной культуре. Учебное пособие, Казань, 2016
5. ММК архиві. Опись личных дел студентов Казахского отделения, 1935-1940
6. ММК архиві. Шабал Бейсекованың жеке парағы, жеке іс құжаты, анықтамалар, бағалау тізімдемесі
7. ММК архиві. Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ опера студиясының меңгерушісі Берманның Қазақ ССР-ның мәдениет бөлімінің басшысына жазған хаты

III СЕКЦИЯ

ТЕАТР ЖӘНЕ КӨРЕРМЕНДІК-САХНАЛЫҚ ӨНЕР. ТЕАТР И ЗРЕЛИЩНО-СЦЕНИЧЕСКИЕ ИСКУССТВА

*Bakhty Botagoz
Yeshmuratova Anar*

DIRECTORIAL CONCEPT AND ACTING PERFORMANCE ISSUES IN THE PRODUCTION “YOUNG ABAI”

*Бахты Б.Е.
Ешмуратова А.К. PhD доктор*

“ЖАС АБАЙ” ҚОЙЫЛЫМЫНДАҒЫ РЕЖИССЕРЛІК КОНЦЕПЦИЯ МЕН АКТЕРЛІК ОРЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абай Құнанбайұлы – философиялық толғамдары мен ой пайымдауының тереңдігімен тарихта қалған ұлы тұлғалардың бірі. Оның рухани мұрасы мен қоғамдық ойға қосқан үлесі қазақ халқының мәдени-эстетикалық санасының қалыптасуымен тығыз байланысты. Сондықтан, Абай бейнесін сахналық кеңістікте жасау – тек бір тарихи тұлғаны бейнелеу емес, белгілі бір дәуірдің әлеуметтік, рухани болмысын көркемдік тұрғыда қайта пайымдау болып табылады. «Барлық театрлардың илегені бір терінің пұшпағы – ақын тақырыбы болғанымен, көркемдік нәтижелері сан қилы» [1, 506] – деген пікір тақырыптың өміршең екенін дәлелдейді. Абай Құнанбайұлының сахналық бейнесін жасау үрдісінде қазіргі таңда режиссерлер түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, ақын болмысын жан-жақты ашуға ұмтылуда. Қазақ театр өнерінде ақынның бейнесін кескіндеу мәдени-тарихи маңыздылыққа ие, күрделі шығармашылық үрдіс болып саналады.

Осы көркемдік ізденістер аясында, Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры сахналаған «Жас Абай» қойылымы өзіндік идеялық мазмұнымен ерекшеленді. Қоюшы режиссері – Нұрлан Жұманиязов. Қойылымда Абайдың балалықтан рухани парасаттылыққа өту кезеңі негізгі драматургиялық арқауға айналған. Н.Жұманиязов қойылымның жаңалығын былай деп көрсетті: «Абайдың жас кезі, 16-17 жас шағындағы әлемі әлі сахналанбаған сияқты. 70 жылдары музыкалық бағытта қойылғаны бар. Опера театрында қойылғаны, Семей театрында қойылғаны. Бірақ одан кейінгі Жас Абай деген соңғы жылдары болған жоқ. Ерекшелігі сол шығар» [2]. Бұл режиссерлік шешім Абай тұлғасының қалыптасу эволюциясын, оның ішкі дүниесіндегі күрделі өзгерістерді көрсетуге бағытталған. Көркемдік тәсілдердің дәстүрлі түрде қойылу себебін – өткен заманды өзгеріссіз, сол қалпында бедерлеу мақсатынан туған деп есептейміз.

Қойылымның өте қарқынды, дүрбелеңге толы басталуы – Абай өмір сүрген ортаның күрделі, әрі қақтығыстарға толы болғанын бейнелейді. Қодар мен Қамқаның оқиғасы, жер дауы, Бөжей мен Құнанбай арасындағы тартыс, жалпы қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар – барлығы жас Абайдың санасында терең із қалдырған оқиғалар ретінде көрініс табады. Бұл сахналар кейіпкердің балалық аңғалдығынан ересектікке өту үдерісін, өмір

шындығымен бетпе-бет келуін айқындайды. Режиссер оқиғаларды хронологиялық баяндаудан гөрі, олардың кейіпкер санасына тигізген психологиялық әсеріне мән береді.

Жылжымалы декорациялардың қолданылуы оқиға орны мен уақыттың ауысуын шартты түрде белгілеумен қатар, сахналық әрекеттің динамикасын күшейтеді. Театртанушы М.Жаксылықова: «Тарихи тақырыптың аясын, эпикалық ауқымын беру мақсатымен қазақтың кең даласын перспективалық шешіммен ұсынып, сахнадағы айналмалы шеңберге Шыңғыс тауының бір жотасын бейнелепті. Ал оның төбесіне орналасқан қақпаны суретші үлкен оймен жасағанын байқадық. Ол қақпа – Құнанбайдай қажы мен Абайдың түрлі белестерден өтіп, өрге, қияға жеткен нұрлы жолы. Осылай суретші Е.Тұяқов сахнадағы декорацияны тек өтіп жатқан оқиғаның фоны ретінде қарамай, көркемдік мазмұнын да ашуға ден қойған» [3, 246] - деп атап өтеді. Бұл сценографиялық шешім қойылымның философиялық астарын тереңдетіп, кеңістік пен уақытты символдық деңгейде ұштастырады.

Көпшілік актерлердің ойыны оқиғаның өрбуін, қоғамның тыныс-тіршілігін жинақталған бейнеде жеткізе алды. Актерлік ансамбль сахналық тұтастықты сақтап, әлеуметтік орта мен жеке тұлға арасындағы байланыстарды айқын көрсетті. Әсіресе, билер кеңісі, жер дауы сынды сахналардың тартысты өтуі мен динамикалық дамуына ұмтылды.

Абай рөлін – актер Ахай Жұмамұрат орындады. Қойылым басында актер поэзияны көтеріңкі көңіл күймен, жұмсақ үнмен орындауы арқылы елге, туған жерге деген сағыныш пен қуанышты айқын сездірді. Ол Абайды – ойынпоз, әзілқой етіп кескіндеп, еркін қимыл-қозғалысымен жастық жалынды нанымды жеткізе білді. Әжесіне еркелік қылықтары кейіпкер жасына сай, әрі психологиялық тұрғыдан дәл шықты. Бұл сахналар Абай болмысының адамдық, табиғи қырын ашып, көрерменге жақындата түсті.

Тоғжанға деген қарым-қатынасында актер ынтық ғашықтық сезімді бейнелеуге ұмтылды. Бұл сахнаға әннің қосылуы – ғашықтардың сезімін көркем түрде жеткізу үшін қолданылған режиссерлік шешімдердің бірі. Ән – тек эстетикалық құрал ғана емес, екі кейіпкер арасындағы ішкі диалогты білдіретін элемент ретінде көрінеді. Дегенмен, қойылымдағы лирикалық желі толық ашыла алмады. Абай мен Тоғжан арасындағы махаббат драмасы терең психологиялық деңгейге жете қоймай, сыртқы көрініс аясында қалып қойды. Осы тұрғыда «Актрисалардың сахнадағы біркелкі жүріс-тұрысы, сезімдерді құр жүгіруімен, таптауырын болған «классицистік» ым-ишарамен жеткізуі бүгінгі театр үшін аздық ететінін ескерген жөн» [3, 236] - деген пікір орынды. Әннен кейінгі Тоғжан кейіпкерінің зарлы үнмен, сахнада жүйесіз қозғалыста болуы сезім нәзіктігін толық ашуға кедергі келтірді.

Зере бейнесі – актриса Жансүгірова Нұржібектің орындауында мейірімді, көңілі кең әже ретінде есте қалды. Немересіне деген аналық махаббат пен уайым қатар өріліп, актрисаның ішкі психологиялық дәлдігі арқылы көрінді. Еркелетумен қатар ақыл айтуы, көңілінің босап кетуі – кейіпкер бойындағы терең толғанысты аша алды. Бұл бейне қазақ сахнасындағы әже образдарының жинақталған, көркем үлгісіне айналды.

Ұлжан бейнесін орындаған актриса Гүлнәр Базарбаева кейіпкерін салмақты, байыпты, жарқын жүзді етіп көрсетуге ұмтылды. Серіктестерінің

іс-әрекетін мұқият бақылап, әр сөзін қалт жібермей тыңдауы – аналық сабыр мен парасаттылықты жеткізді. Бұл образ Абайдың рухани қалыптасуындағы тағы бір маңызды тірек ретінде көрінді.

Құнанбай рөліндегі – актер Б.Қияқбай кейіпкердің түр-тұлғасын байсалды, сенімді етіп кескіндеді. Оның қимыл-қозғалысы еркін, сөзі нық, әрі мығым. Ел бастаған Құнанбайға тән болмыс-мінезді актердің психофизикалық әрекеттерінен аңғаруға болады. Е.Готовский: «Тело словно уничтожается, сжигается, и перед зрителями предстает только серия зримых импульсов» [4, 8 б] - деп, актердің физикасын жанның көрінісі деп қарастырған. Қодар мен Қамқаға шығарылған үкімнің Құнанбайға оңай түспегенін, ел арасындағы өсек пен қаңқу сөздің оны есеңгіретіп, ішкі күйзеліске ұшырауын – актер орнында тұра алмай, тынысының тарылуы арқылы, яғни жоғары да атаған психофизикалық тәсілді қолдану арқылы орындағанын аңғарамыз. Одан кейінгі сөздерінен сөгу сипат алып, үкімді шорт кесіп, өктем әміршінің бейнесін жеткізді.

Өкесінің қатал шешімі Абай жанына ауыр соққы болып тигенін актердің жанұшыра әрекет етуінен байқаймыз. Өкесінің аяғына жығылуы – жас кейіпкердің әділетке деген үмітінің соңғы талпынысы ретінде қабылданады. Келесі сахнада Абайдың ауруының асқынуы, өң мен түстің арасындағы арпалыс күйі кейіпкердің жаны мен тәнін шартты түрде бөлу арқылы көрсетіледі. Энн Богарт: «In the articulation begins a new organization of the inherited landscape» [5, 26] , «I like to think of staging, or blocking, as a vehicle in which the actors can move and grow» [5, 45б] - деп, сахналық мизансценаны көркемдік мақсатта ғана емес, белгілі бір мағынаны жеткізетін алаң ретінде қарастырған. Яғни, актер ойынында мизансцена қозғаушы құрал екенін ескерсек, бұл тәсіл рухани дағдарысты, ішкі қайшылықты терең жеткізуге бағытталған. Абайды емдеуге жырауды шақыртып, қобызбен жыр орындату – символдық мәнге ие көркемдік шешім. Жырды тыңдау барысында кейіпкердің өзге әлемге енуі оның тус күйге ауысқанын білдіреді. Сол арқылы Абай үшін шығармашылықтың орны ерекше екендігін, ішкі жан дүниесі өнермен үндесіп жатқанын жеткізеді.

Бұл оқиғадан кейін әке мен баланың диалогының берілуі драматургиялық тұрғыдан орынды. Құнанбайдың сырттай қатал болғанымен, баласына деген алаңдаушылығы мен ішкі жылулығы сөз саптауынан аңғарылады. Абай да өз кезегінде ішкі күйін ашық жеткізіп, әке мен бала арасындағы қақтығыс түсіністікке ұласады. Шапан жабу әрекеті екі жақтың рухани жақындасуын, мейірім мен сыйластықты символдық тұрғыда көрсетті.

Құнанбай мен Бөжей арасындағы араздық қойылымның шарықтау шегіне айналады. Бөжеймен шиеленіскен сахнада Б.Киекбаев Құнанбайдың қаһарына мінген, азулы, сұсты күйін бедерлеуге ұмтылды. Әр сөзін шегелей орындап, «Соқ!» - деп бұйыруы және сол үрдісті салқын, міз бақпай бақылауы Құнанбайдың қатқыл мінезін аша түсті. Бұл дауды Абайдың тоқтатуы – кейіпкердің парасат биігіне көтерілгенін айқындайды. Үлкендердің Абай сөзіне құлақ асуының да философиялық мәнге ие екенін аңғарамыз. Әкенің балаға сенімі ұрпақтар сабақтастығын, дәуірдің ауысын білдірді. «Қалың елім, қазағым» поэзиясы арқылы Абайдың мұрат-мақсаты, халыққа деген жанашырлығы анық көрініс табады. «Эстетикалық шындықпен бейнеленген

көрнекті адамның іс-әрекеті, күрес жолы идеялық нысаны, әсіресе жас ұрпақ, кейінгі толқынға үлгі, өнеге» [6] – деген пікір, бұл қойылымның көркемдік-идеялық мағынасымен астасып жатыр. Абай орындаған жалынды сөздер ақынның жастарға, болашаққа артқан үмітін жеткізеді.

Ендігі кезекте, дизайнер Нұржамал Нұрпейісова салтанатты кеш жиынтықтарында айна тылқы, бархат, велюр маталарынан камзол, бешпет, шапандардың өңіріне моншақ тастармен әшекейлеген кестелерге назар аударуға болады. Одан бөлек, қарапайым көрінгенмен, құрылымы жағынан әсем пішімдегі топтамаларын қарастыра аламыз. Бұл топтамалар әр түрлі пішімдерде орындалса да, қазақи нақыштарға жасалған стилизацияларды байқауға болады [2]. Мысалы, киім үлгілеріндегі қосымша қабат ретінде қолданылған шілтер матасы, бұйымның төгіліп тұруына әсер ететін жеңілділікті бейнелейді. Бұйымдар сұлбасында таза қазақи белгілер байқалмағанымен, стилизация арқылы киімнің пішу үлгілері, ұсақ бөлшектермен жұмыста қазақылыққа берілетін екпіндерге көңіл бөлінген. Бұл сала аясында біршама тер төккен, жұмысқа ат салысқан жобалардың жемісін, кішігірім кәсіптен үлкен цех ашуға дейінгі уақыт төңірегінде байқалады.

Екінші қарастырылатын бренд - «Tarbiya» (2-сурет). Негізін қалаушысы - Тарбия Айдымбаева. Өзінің кәсібін 1990 жылдардың соңында шағын кәсіркерліктен бастаған. Уақыт өте келе сақтардың көне мұраларына қызығушылық танытып, өз коллекциясын бұқара халыққа ұсынады. Кейінірек, дайын бұйымдарға негізделген бутиктер желісін ашады. Брендтің

негізгі екпіні сырт киімдерге артылған. Ер және әйел адамдарға арналған киімдер жиынтығы қарастырылады. Салтанатты іс-шараларға топтамасымен Қазақстан атынан ұлттық киім үлгілдерімен сән төптамаларын ұйымдастыруға жауапты болды. 2025 жылдың үшінші ширегінде Корея Республикасында Қазақстан елшілігі бастауымыз жоспарланған іс-шарада өз туындыларын таныстырды.



2-сурет - «Тарбиға» брендінің киім топтамасы

Брендтің киім үлгілерін шет елден келген меймандарға сый ретінде тарту жасайтынын әлеуметтік желілерде байқауға болады. 2025 жылдың қарашасында Эстонияның бірінші ханымы сән үйіге қонақ болғаны белгілі болды. Қарапайым халыққа да қол жетімді ассортимент арқасында тұтынушылардың саны артуда [3]. Бренд ұстанымы қазақ ұлтына тән нышандарды өз туындылары төңірегінде қоғамға ұсыну негізінде қарастырылады. Дәстүрлі пішімдердің жиынтықтарына заманауи үлгілерді таныстырып жатыр. Яғни, қолданысына сай ашық түстер үйлесім қолдана отыра, жаңа сарындағы киімдерді көрсету сән үйінің басты қағидасы болып келеді. Қазақ ұлттық киім үлгілерін жаңа интерпретацияда ұсыну арқылы заманауи материалдарды тәжірибеден өткізіп жатыр.

Қосымша айта кетерлік, киім топтамаларынан бөлек, тақияның бірнеше үлгілерін табуға болады. Аса қатты көңіл бөлінетін жайт, олар бізге үйреншікті велюр маталарынан емес, заманауи үлгідегі маталарды қолданады.

Ал күнделікті тұтынуға болатын ер адамдар шапандарының үлгілерінде ашық және қою түстердің үйлесімдер қарастырылады. Бұл топтамалардан қазақтарда жиі кездесетін жиектемелі өрнектер мен қою түсті қолдану ерекшеліктерін аңғаруға болады. Шапандар ұзартылған тік жаға мен орташа ұзындықтағы бұйым өлшемі заманауи үлгідегі киімдер екенін көруге болады.

Үшінші таңдалған шебер ол – Тілек Сұлтан атты дизайнер. ЮНЕСКО қауымдастығының төрелігінен өткен маман. Ескі қазақ ұлттық материалдық мәдениетті дәріптейтін маман. Бастапқы аталған дизайнерлерден айырмашылығы – өз шығармашылығын ескі бұйымдардың дайындалу технологиясын дәлме-дәл қайталап, оны сақтауға ұмтылады. Бұрынғы үлгілер негізінде бұйымның көшірмесін жасай алады. Өзінің қайта жандандырған нұсқаларына сүйене отырып, әртүрлі мәдени іс-шараларда дәстүрлі бұйымдарды таныстырып келе жатыр.

Өз кезегінде Тілек Сұлтанға әйел және ер адам киім үлгілеріне жеке тапсырыс жасау арқылы қажет бұйымның түріне қол жеткізе аласыз. Жеке семинар жиындарында аталмыш бұйымдарды көзбе-көз тамашалауға мүмкіндік береді. Кестелеу өнерін де шебер өз қолымен әзірлейді. Бұл үрдіс мата қиындысын арнайы қалыпқа керу арқылы орындалады. Кейін оны тігу технологиясына сәйкес дайындайды. Киім-кешектен бөлек, арнайы кестеленген тақия үлгілерімен таныса аласыз [4].



3-сурет - Тілек Сұлтан әзірлеген қазақтың ұлттық киімдері

Бұл соңғы өткен мәдени іс-шара таныстырылған қыз-келіншектер мен әйелдерге арналған киім үлгілері. Бұл жиынтықтар соңғы XVIII-XIX ғасырлар төңірегінде қолданыста болған костюм жиынтықтарын Түркістанда таныстырған болатын. Атап айтатын болсақ, костюмдер жиынтығы мен қолданыста болған өңірлер жайлы ақпаратпен бөлісті. Осыған ұқсас шеберлік сағаттарын өзге мамандармен бірігіп, зерттеу мақсатында көршілес мемлекеттерде салыстыру жүргізеді (3-сурет).

Қазіргі уақытта сұранысқа ие болып жүрген брендтердің бірі – «Кункей» (4-сурет). Оның негізін қалаушы – Наурзалина Сабина. 2022 жылы алғашқы сән үйін Ақтөбе қаласында ашқан. Шет елдерге өзінің топтамасымен сән көрсетілімдерін ұйымдастырып келеді. Киім үлгілері екі санатта қарастырылады. Біріншісі – күнделікті, екінші салтанатты жиындарға арналған. Әйел адамдар киім ассортиментімен ерекшеленеді. Сән үйі жеңіл киімнен бөлек сырт киім топтамасын қарастырады. Нақтырақ тоқталсақ, сырылған шапандар мен көкірекшелер, әйелдерге арналған камзол дар мен жилеттер жиынтығына бай болып келеді. Бренд Қазақстанда өткізілетін әр іс-шарада жаңа үлгідегі туындыларын көрерменге таныстырып келеді. Сұраныс белсенділігін ескере отыра, аталмыш дизайнердің сұранысқа ие екенін байқауға болады [5]. Күнделікті киім ассортиментінен мысал ретінде жеңіл матадан өңделген сәнді әрленген жейде қарастырылады. Яғни, қарапайым жейденің пішімін күрделендіру арқылы жаңа бейнеде қолдану мүмкіндігі бар екеніне көзімізді жеткізуге болады. Бұл бұйымда сұранысқа ие заманауи үлгіде стилизация жасалған. Киім топтамаларының көбеюі сұраныстың өзектілігіне дәлел бола алады.



4-сурет – «Кункей» сән үйінің киім үлгілері

Сән үйлерінің жиынтықтары қазіргі таңда атаулы сайыстардың көркі ретінде таныстырылып жүр. Бірнеше жыл ішінде өз бастамаларының шыңына жеткен адамдардың басты тірегі ұлттық колорит аясында жаңа сарындардың тамырын жайған кезең болмақ.

Қорыта келе, аталмыш қолөнер иелерінің туындыларын қарастыра отыра мәдени мұрамыздың жаңа бағыттарда дәріптеу жұмыстарының қарқынды жүзеге асырылуын байқай аламыз. Әр ұста өз туындыларын таныстыруда, ұлттық нышандырды жеке шығармашылығында қолданып келеді. Қазақ ұлттық киімдердің күнделікті өмірдегі қолданысы өскелең ұрпақтың мәдени мұрамызға деген жаңашыл көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік беретін айтуға болады. Заманауи үлгідегі киім сұраныстарды талдау арқылы қазіргі

қоғамдағы адамдардың талғамына пысықтау жасалды. Қазақтың ұлттық киімін дәріптейтін дизайнерлерінің нарықтағы белсенділігін болашақтағы сән саласының жаңа туындыларына талдау нарықтағы киім сұранысының маңыздылығын көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Гофман А. Б. // Мода и люди. – Москва: Наука, 1994. – 8 с.
2. «NurShah» сән үйінің ресми сайты. URL: <https://nurshah.kz/>
3. «Tarbiya» сән үйінің ресми парақшасы.
URL: https://www.instagram.com/tarbiya_brandkz?utm_source=ig_web_button_share_sheet&igsh=ZDNlZDc0MzIxNw==
4. Тілек Сұлтан ресми парақшасы.
URL: https://www.instagram.com/sultan.tilek_kz?utm_source=ig_web_button_share_sheet&igsh=ZDNlZDc0MzIxNw==
5. «Кункей» сән үйінің ресми парақшасы.
URL: https://www.instagram.com/kunkei_sabina?utm_source=ig_web_button_share_sheet&igsh=ZDNlZDc0MzIxNw==

*Myrzanbetova Ramilya,
Izhanov Baikonyr*

**THE USE OF TEXTILES AND HIGH-TECH MATERIALS IN
THE AESTHETICS OF THE HIGH-TECH STYLE**

Мырзанбетова Р.,

Ижсанов Б.И., кандидат педагогических наук, профессор

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕКСТИЛЯ И ВЫСОКОТЕХНОЛОГИЧНЫХ
МАТЕРИАЛОВ В ЭСТЕТИКЕ СТИЛЯ ХАЙ-ТЕК**

В данной работе утверждается, что ткани и современные материалы играют ключевую роль в определении эстетики архитектуры хай-тека. Это достигается посредством анализа их практических функций и влияния на визуальную выразительность стиля. Норман Фостер, знаковая фигура в архитектуре, придал новый импульс хай-теку за счет использования передовых материалов, сделав его более привлекательным как для промышленных, так и для общественных проектов. Хай-тек создал новое художественное направление, превратив технологию в основополагающий творческий принцип своего подхода к проектированию.

Методология исследования основана на анализе научных трудов по архитектуре, дизайну и материаловедению, а также на сравнительном изучении реализованных архитектурных и художественных объектов, выполненных в стиле хай-тек. В работе применён междисциплинарный подход, объединяющий теоретические положения архитектуры, инженерии и искусствоведения. Используются методы систематизации, классификации и анализа современных текстильных и высокотехнологичных материалов.

Архитектура хай-тека зародилась в конце XX века, став важной вехой в архитектурном дизайне и художественном творчестве. Этот стиль требует де-

монстрации передовых технологий через открытые конструктивные элементы, промышленные материалы и функциональный дизайн. Сочетание традиционных текстильных материалов с современными в рамках этого стиля порождает новые технические и визуальные аспекты, которые, по мнению экспертов, заслуживают тщательного изучения.

Термин «хай-тек» изначально появился в журналистском контексте, но позже был формализован как концепция британскими историками архитектуры Д. Уоткином и Ч. Дженксом. Согласно Чарльзу Дженксу, эстетика хай-тека представляет технологические компоненты как художественные элементы; эту концепцию он раскрывает в своей книге «Архитектура прыгающей Вселенной» (1995).[1] Он предположил, что в архитектуре хай-тека технология становится видимой, трансформируясь в элементы художественного дизайна.

Норман Фостер и Ричард Роджерс, наряду с Ренцо Пиано, являются одними из важнейших архитекторов, использовавших новейшие материалы для создания современных промышленных и гражданских зданий.

Стиль сформировался под влиянием модернизма, конструктивизма и инженерной архитектуры. Однако именно хай-тек первым возвел технологию в ранг художественного принципа.

Основные используемые материалы: алюминий и нержавеющая сталь; высокопрочное стекло; поликарбонат и композитные панели; полимерные покрытия; технический текстиль.

Р. Роджерс выдвинул тезис о том, что создание эстетики будущего требует одновременного развития материалов (Rogers R., Architecture. A Modern View, 1983). [2] Эта идея легла в основу выбора как жестких, так и гибких материалов, таких как ткани, мембраны и сетки, которые демонстрировали превосходные инженерные свойства.

Критерии выбора материалов: Прочность; Химическая стойкость; Легкость; Способность принимать сложные формы.

Роджерс представил этот принцип как «функциональную артикуляцию материала».

В середине XX века значительно выросло производство нескольких новых типов волокон: полиэстер, нейлон, неопрен, кевлар, стекловолокно, тефлоновые покрытия (PTFE).

Исследователь Р. Хемминг отмечает: «Текстильные мембраны стали важнейшей инновацией, положившей начало революции в архитектуре после 1960-х годов». [3]

Отличительные свойства этих материалов: сверхлегкость; высокая прочность на разрыв; огнестойкость; устойчивость к погодным условиям; пластичность.

В хай-теке текстильные материалы стали использоваться как основной конструктивный компонент, отходя от традиционного применения в декоративных целях. Мембранная архитектура стала примером технологического прогресса.

Наиболее часто используемые материалы: стеклоткань с покрытием PTFE (тефлон + стекловолокно); ETFE (этилтетрафторэтилен). Используется в виде пневматических «подушек» (объемных пленочных конструкций). При-

мер: Проект «Эдем»; ПВХ-мембраны. Эти материалы используются как временные решения для возведения павильонов и навесов. Весь спектр текстильных материалов соответствует требованиям стиля; использование текстиля в интерьерах ограничивается его практическими функциями.

Применяемые ткани: Trevira CS (огнестойкий полиэстер) — используется для штор, панелей и офисных перегородок; Сетчатые технические ткани — для обивки мебели и эргономичных кресел; Неопрен — для элементов мягкой мебели; Акустические панели из микрофибры — для звукоизоляции студий.

Дж. Хескетт указывает, что «синтетические материалы превратили текстиль из декоративного материала в инженерный» (Heskett J., Industrial Design, 1980) [4].

Влияние хай-тека за пределами архитектуры: Арт-инсталляции. Художники используют: светопроводящие волокна; мембранные оболочки; флуоресцентные ткани; 3D-текстиль. Особенно известны текстильные инсталляции, вдохновленные исследованиями Фрая Отто, где текстиль работает как “организм” — натянутая структура, реагирующая на свет и форму [5].

Мода и дизайн. Дизайнеры Айрис ван Херпен и Хуссейн Чалаян создают коллекции из: Термопластичных тканей; Материалов лазерной обработки; Композитных текстильных структур. Хотя это область моды, но она так же отражает художественную философию: материал — носитель технологий.

Р. Роджерс заявлял: «Честная демонстрация конструктивных элементов в сочетании с применением материалов создает красоту» [6].

Текстиль в хай-теке воплощает эту концепцию: Он не скрывает структуру; Подчеркивает технологические качества формы; С помощью этих материалов решаются инженерные задачи (защита, акустика, терморегуляция, регулирование света).

В результате текстиль становится ключевой частью концепции высокоэффективного дизайна (high-performance design), ориентированного на максимальную производительность.

В эстетике хай-тека текстиль занимает особое место, превратившись из декоративного элемента в инженерный материал, способный решать сложные технические задачи. Развитие синтетических тканей, а также мембранных структур и композитных волокон открыло новые дизайнерские возможности для архитектурных и художественных творений в рамках этого стиля.

Современный хай-тек всё чаще ориентируется на экологически устойчивые решения. Высокотехнологичный текстиль используется для создания адаптивных фасадов, солнцезащитных систем и энергоэффективных оболочек зданий. Инновационные «умные» материалы способны регулировать освещённость, теплопроводность и акустические характеристики пространства, что делает текстиль важным инструментом не только эстетического, но и экологического проектирования.

Хай-тек утвердил новый основополагающий принцип: материал должен служить главным смысловым элементом произведения, а не быть скрытым от глаз. Развитие технического текстиля, мембран и передовых волокон привело к значительным изменениям в архитектуре, дизайне интерьера и искусстве XXI века.

В XXI веке развитие цифровых технологий проектирования, таких как BIM-моделирование и параметрический дизайн, существенно расширило возможности применения текстильных и мембранных материалов в архитектуре хай-тека. Компьютерные расчёты позволяют прогнозировать поведение гибких конструкций, оптимизировать форму и снизить материальные затраты. В результате стиль хай-тек становится частью концепции устойчивой архитектуры, где высокие технологии сочетаются с энергоэффективностью и рациональным использованием ресурсов.

Таким образом, использование текстиля и высокотехнологичных материалов в эстетике стиля хай-тек является одним из ключевых факторов формирования его художественного и инженерного облика. Текстиль утратил исключительно декоративную функцию и превратился в полноценный конструктивный и функциональный элемент архитектуры и дизайна. Развитие мембранных структур, композитных волокон и синтетических тканей открыло новые возможности для создания выразительных, технологичных и устойчивых пространств. Стиль хай-тек утвердил принцип, согласно которому материал становится носителем смысла и визуального образа, отражая синтез науки, технологии и искусства.

Литература:

1. Hemming R. Fabric Structures in Architecture. – Oxford, 2012.
2. Heskett J. Industrial Design. – London: Thames & Hudson, 1980.
3. High-Tech Architecture: Modernity and Innovation // Architectural Review. – 1985.
4. Jencks Ch. The Architecture of the Jumping Universe. – London, 1995.
5. Otto F. Tensile Structures. – Cambridge, 1973.
6. Rogers R. Architecture. A Modern View. – London, 1983.

Khamitova Darina,

Dadyrova A.A.

A RESEARCH OF MONUMENTAL PAINTING IN THE VEIN OF THE LEGEND OF «DANCING BIRCHES» FROM BURABAY

Хамитова Д.А.,

*Дадырова А.А., философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор (доцент)*

БУРАБАЙДЫҢ «БИШІ ҚАЙЫҢДАР» АҢЫЗЫ ЖЕЛІСІНДЕГІ МОНУМЕНТАЛДЫ КЕСКІНДЕМЕГЕ ЗЕРТТЕУ

Барлық дәуірлерде мифтер мен аңыздар халық мәдениетінің маңызды бөлігі болып келген. Олар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, өткеннің естелігін сақтауға, дүниетанымды қалыптастыруға және қоғамның құндылықтарын бейнелеуге көмектескен.

Соңғы жылдары өткенге қатысты туындыларға қызығушылық арта түсті. Бұл заңдылық, өйткені өнердегі бағыттар өзгермелі болғанымен, өткенді, өз тамырын тануға деген ұмтылыс әрдайым адамды баурап келген. Ал туған

өлке тарихын өнер арқылы тану – ерекше қызығушылық тудырады және осы зерттеудің негізі болып табылады.

Өнер үшін мұндай сюжеттер әрдайым шабыт көзі саналады, себебі оларда нақты табиғат көріністері мен символдық бейнелер тоғысады және оларды кескіндеме тілі арқылы ашуға болады. Бүгінгі таңда мәдениет жаһандану жағдайында дамып келе жатқандықтан, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде.

Халық аңыздары мен мифтері тек рухани мұраның бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар жаңа көркем ізденістерге негіз болып отыр. Оларды заманауи өнерде қайта пайымдау дәстүрді сақтауға және сонымен бірге оған өзекті мән беруге мүмкіндік береді.

«Биші қайыңдар» аңызы – Қазақстанның мәдени жадында ерекше орын алатын туынды. Оның мазмұнында табиғат сұлулығы, мифологиялық дүниетаным және адамдық сезімдердің нәзік иірімдері көрініс табады. Біз үшін бұл тақырып айрықша маңызды, өйткені мен Көкшетау өңірінің тумасымын, ал Бурабай – туған өлкемнің ажырамас бөлігі.

Сол себепті «Биші қайыңдар» аңызы менің дипломдық жобамның негізіне айналды, өйткені ол жеке және ұлттық бастауларды біріктіріп, көркемдік тұрғыдан кең мүмкіндіктер ашады.

Қазіргі заманда ұлттық тамырларға қайта оралу, халық аңыздары мен мифтеріне деген қызығушылықтың арту үрдісі байқалады. Бұл ауызша шығармашылық түрлері ата-бабаларымыздың дүниетанымын ғана емес, олардың рухани құндылықтарын, өткеннің естеліктерін де сақтайды.

Жаһандану жағдайында мәдени түп-тамырға жүгіну – ұлттық бірегейлікті және ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырудың маңызды тетігі.

Бурабай шипажайының «Биші қайыңдары» аңызы қазақ мәдени мұрасының ерекше бөлігі болып табылады. Онда табиғаттың мифологиялық қабылдануы, сұлулыққа деген көзқарас және адам сезімдерінің драматизмі тоғысады. Бұл сюжетке көркем тұрғыдан жүгіну бүгінгі күні өзекті, себебі ол халық аңызын сақтап қана қоймай, оны қазіргі бейнелеу өнерінде жаңа тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мифтер мен аңыздарға арналған шығармалар әр халықта өзіне тән ерекшелігімен, қайталанбас көркемдік өрнегімен қызықты. Сол сияқты «Биші қайыңдары» аңызы да өзінің әсемдігімен, мазмұндылығымен және көркемдік қуатымен дараланады.

Осылайша, аңыздарды көркем шабыт көзі ретінде зерттеу және қазақ аңызына негізделген көркем туынды жасау дәстүрді сақтауға және оны жаңа көркем деңгейде қайта пайымдауға жол ашады.

Қазақ фольклоры мен табиғат бейнелері бейнелеу және қолданбалы өнерде кеңінен көрініс тапқанымен, Бурабайдың «Биші қайыңдары» аңызы монументалды композицияларда сирек қолданылады.

Тақырыпқа қатысты зерттеулер үзінді түрінде ғана қарастырылған және қазіргі монументалды өнерде толық көркем интерпретациясы жоқ. Осыған байланысты жоба тың әрі өзекті болып табылады.

Кез келген халықтың мәдениетінде аңыздар мен мифтер ерекше орын алады. Олар халықтың дүниетанымын, рухани құндылықтарын және адамның табиғатқа деген қарым-қатынасын бейнелейді. Ғасырлар бойы аңыздар

халықтың бейнелі жадын сақтап, әлемді поэтикалық тұрғыда қабылдауын жеткізіп, суретшілерге, жазушылар мен әншілерге сарқылмас шабыт көзіне айналған.

Аңыз тек қана халық ертегісі емес, сонымен бірге табиғи құбылыстар мен адам өмірінің мәнін түсіндіретін ерекше таным тәсілі болып табылады. Онда табиғатқа жан бітеді, ал пейзаждар символдық мазмұнға толы тірі бейнелерге айналады.

Осындай халық жадында сақталған аңыздардың бірі — Қазақстанның солтүстігіндегі көрікті өлке Бурабайда орналасқан «Биші қайыңдар» туралы хикая. Бұл аймақты жиі «даланың інжу-маржаны» деп атайды: ұлан-ғайыр жазықтар арасынан кенеттен таулы жоталар, мөлдір көлдер мен қарағайлы-қайыңды ормандар көрінеді.

Сол табиғи ғажайыптардың ішінде ерекше көзге түсетіні — діндері иіліп, қозғалысты елестететін қайыңдар тоғайы. Сырт көзге олар билеп тұрғандай әсер қалдырады.

Аңыз бойынша, көктем келгенде көл жағасына жастар жиналып, мерекелік ойын-сауық ұйымдастырған екен. Қыз-жігіттер әсем би билеп, өмір қуанышын білдіріп тұрған сәтте, бұл көріністі алыстан бақылап тұрған өңірдің ханы олардың шаттығына тәнті болып, өзін танытпау үшін қарапайым киім киіп, халық арасына араласқан.

Алайда би ортасында жүргенде, қыздар оның хан екенін танып қойып, қорқыныштан сілейіп қатып қалған деседі. Сол сәтте олар ақ дінді, сұлу қайыңдарға айналып кетеді. Осылайша «Биші қайыңдар» — сұлулықтың, ұяңдық пен тазалықтың нышанына айналған.

С. Мұқанов өз еңбектерінде қазақ аңыздарының табиғи нысандармен байланысын ерекше атап өтеді. Ол Бурабай өңірінің табиғатын «поэзия мен сырға толы ғажайып аймақ» деп сипаттай отырып, әр төбе мен көлдің, әр тастың артында халықтың жүрегінен шыққан бір тарих, бір тағдыр бар екенін айтады.

Ал А. Сейдімбек Бурабай өңірінің топонимдік аңыздарын зерттей келе, мұндай әңгімелердің қазақ руханияты үшін мәнін былай деп сипаттайды: «Аңыз – ұлттың жаны, ол халықтың рухани дүниетанымының айнасы». Осы тұрғыдан «Биші қайыңдар» тек жергілікті ерекшелігі бар хикая емес, ол жалпы қазақ дүниетанымындағы табиғат пен адам бірлігінің көркем символына айналған [1].

«Биші қайыңдар» аңызы — нақты табиғи нысанның шығу тегін түсіндіретін топонимдік хикаялардың бірі. Мұндай сюжеттер қазақ фольклорына тән, мұнда табиғат пен адамның сезімі, тағдыры өзара тығыз байланысты. Қазақ мифологиясында тау, көл, ағаш пен тастар — бәрі де адам өмірінің куәсі әрі қатысушысы [2]. Осылайша адам мен табиғат арасындағы киелі байланыс орнайды. Бұл көшпелі мәдениет үшін аса маңызды, себебі табиғат тірі жаратылыс, жад пен сезім иесі ретінде қабылданады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, бұл табиғи құбылыстың географиялық және экологиялық түсіндірмесі бар. Қайыңдардың иілуі қатты жел мен қалың қардың әсерінен болған: жас көшеттер қардың салмағынан иіліп, көктемде күнге қарай бой түзеген. Уақыт өте келе олардың діндері иіліп, ерекше пішінге енген. Сондай-ақ, жер қабатының қозғалысына байланысты басқа да болжамдар бар.

Алайда халықтық дүниетаным үшін мұндай ғылыми түсініктемелер табиғаттың сиқырлы мәнін жоймайды. Керісінше, шынайылық пен мифтің үйлесімі Бурабайды ғылымды, мифологияны және өнерді біріктіретін ерекше құбылысқа айналдырады.

Густав Климт (Gustav Klimt, 1862–1918) — Австрия символизмінің ең көрнекті өкілдерінің бірі, Еуропадағы модерн стилінің басты тұлғаларының бірі болып есептеледі. Ол өз шығармашылығында әйел бейнесі, табиғат, миф, символ және декоративтік эстетиканы бір арнаға тоғыстырып, өнердегі жаңа бағыттардың дамуында үлкен рөл атқарды. Климттің өмір жолы Венаның көпқырлы мәдени ортасымен тығыз байланысты болды. Әкесі алтын қыштаушы болғандықтан, жас Климттің эстетикалық талғамында алтын жалатылған декоративтік орнаменттердің ықпалы айқын байқалды. Бұл әсер кейіннен оның «Алтын кезеңін» қалыптастырды.

Мифтер мен аңыздарды бейнелеу өнері тұрғысынан зерттеу — бұл тек тарихи немесе әдеби қызығушылық ғана емес, ол халықтық дүниетанымды жаңа қырынан танып-білуге мүмкіндік береді. Мұндай зерттеу ұлттық мәдени мұраны сақтап қана қоймай, заманауи көркемдік ойлау жүйесін дамытуға да ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандардың мәні мынада: миф пен аңыз – өнердің терең тамыры мен шығармашылық қуатының қайнар көзі болып табылады.

Ал баяндалғандарға сүйене отырып, атап өту қажет, қазақ бейнелеу өнерінде мифологиялық және аңыздық тақырыптарды игеру арқылы ұлттық эстетикалық ой-сананың дамуы мен халықтық рухани мұраның жаңғыруы жүзеге асады.

Сонымен қатар, қазіргі суретшілер мен зерттеушілер бұл тақырыпты әртүрлі тұрғыдан зерттейді: философиялық, психологиялық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін біріктіре отырып, миф пен шынайылықтың үйлесімін көрсете алады. Бұл «Биші қайындар» аңызын заманауи мәдени талдаудың да бір құралына айналдырады.

Қорытындылай келе, атап өткен жөн, «Биші қайындар» сияқты аңыздар өнер адамдарына тек сюжет емес, сонымен бірге философиялық мән мен эмоционалдық тереңдік беретін көркемдік ресурс болып табылады.

Осындай аңыздар ұлттық мәдениетке деген құрметті қалыптастырып, табиғатты бағалауға, оны сақтауға және келешек ұрпаққа жеткізуге ынталандырады. Бурабайдағы «Биші қайындар» табиғат пен өнердің үйлесімін, халық даналығы мен рухани байлықты сақтайтын символ ретінде ерекше маңызға ие.

Г.Климт Вена көркемсурет мектебінде академиялық білім алғанымен, уақыт өте келе классикалық дәстүрден алшақтап, батысеуропалық модерннің жетекші өкілдерінің біріне айналды. Оның шығармашылығындағы ең маңызды кезеңдердің бірі — 1897 жылы құрылған «Вена сецессионы» қозғалысы. Бұл қозғалыс австриялық жас суретшілердің классикалық академизмге қарсы тұруы ретінде пайда болды. Климт қозғалыстың көшбасшысы ретінде мифологиялық сюжеттерді жаңаша интерпретациялап, символикалық әлемді қалыптастырды [3].

Оның мифологияға деген қызығушылығы жай ғана сюжеттерді көшірумен шектелмеді. Климт мифтерді адамның ішкі әлемін ашудың

психологиялық коды ретінде қарастырды. Мифтік кейіпкерлер — адам мінезінің, эмоциясының, қоғамдағы құндылықтардың метафорасына айналады. Климттің көптеген туындыларында әйел бейнесі — өмір, өлім, махаббат, құпия күштердің символы ретінде көрсетіледі. Ол табиғатты адам жанының метафорасы ретінде бейнелеп, орманды — тыныштық пен сырлы әлемнің символы етіп сипаттады.

Ағаш діндерінің тік вертикал сызықтары композицияға монументалдылық берсе, жердегі жапырақтардың қызыл-қоңыр түстері тыныштық пен философиялық тереңдік тудырады.

Климт осы картинада орманды адам санасындағы қорғаныс пен жалғыздық, рухани тыныштық пен белгісіздік ұғымдарымен байланыстырады. Ағаштар арасындағы кеңістіктің терең перспективаға ие болмауы — көрерменді орман ішіне кіріп кеткендей сезімге бөлейді. Дәл осы тәсіл картинаны декоративті, бірақ сонымен бірге ойлы етеді.

Түстер палитрасы жұмсақ, табиғи, бірақ күрделі. Қызыл-қоңыр жапырақтар жерге жайылып, белгілі бір поэтикалық көңіл күй қалыптастырады. Бұл көрініс Австрия ормандарының күзгі табиғатын ғана емес, сонымен қатар мәңгілік қозғалыс, уақыттың өтуі, табиғаттың мифтік тынысы сияқты идеяларды меңзейді.

Ассоль Сас — қазіргі замандық иллюстрация өнеріндегі өзіндік стилімен танылған қазақстандық суретші. Оның жұмыстары миф, ертегі, сиқырлы реализм элементтерін біріктіріп, көрерменге ерекше атмосфера сыйлайды. Сас көбіне әйел бейнесін, табиғат элементтерін, орманды, жануарларды символдық образ деңгейінде қолданады.

Ассоль Сас шығармашылығының басты ерекшелігі — поэтикалық визуалдық тіл. Оның иллюстрацияларында нақты оқиғадан гөрі эмоциялық-астарлы мағына басым. Суретші мифологиялық образдарды қазіргі адам жанының күйін ашатын тәсіл ретінде қолданады.

Сас орманды — тылсым әлем, әйел табиғатының символы, қорғаныс пен сыр әлемі ретінде жиі бейнелейді. Ағаштар оның шығармаларында қозғалыс пен тыныштықтың бірлігін, өмір мен өзгерістің циклдік сипатын білдіреді. Бұл тұрғыда оның жұмыстары Климттің табиғи-мифтік эстетикасымен де үндеседі.

Ассоль Састың иллюстрациялары қазіргі заманда аңыздық ойлаудың жаңа формасын қалыптастыра отырып, дәстүрлі қазақ мифтерін де заманауи визуалды тілде қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Ол бейнелер арқылы табиғат пен адамның рухани байланысын көрсетеді [4].

Густав Климт, және Ассоль Сас — әр дәуірдің өкілдері болса да, олардың барлығын мифологиялық ойлауға негізделген шығармашылық тәсіл біріктіреді.

- Карраччи классикалық мифтерді моральдық-философиялық деңгейде қайта жандандырды,

- Ассоль Сас заманауи иллюстрацияда мифтерді эмоционалдық-психологиялық бейнелер арқылы интерпретациялайды.

Екі суретшінің дүниетанымындағы ортақтық — мифтің көркемдік тіл ретіндегі әмбебаптығын мойындау. Миф олардың қолында эстетикалық образға, рухани кодқа, философиялық идеяға айналады. Бұл тәжірибелер мону-

менталды өнерде сюжет таңдауда, композиция құруда, символдық кеңістік жасауда маңызды бағыт болып табылады.

«Биші қайыңдар» аңызы желісіндегі монументалды композицияны жасау барысында шығармашылық ізденіс бірнеше кезеңді қамтыды. Әр кезеңде мен композицияның мазмұнын терең түсінуге, кейіпкерлердің бейнесін нақтылауға және жалпы көркемдік құрылымды анықтауға бағытталған жұмыстар атқардым. Бұл процесс тек техникалық емес, сонымен қатар мазмұндық тұрғыда да маңызды болды, себебі аңыздың поэтикалық табиғатын монументалды кескіндеме тіліне көшіру үшін күрделі дайындық пен зерттеу қажет болды.

Ең алдымен мен композициядағы кейіпкерлердің сыртқы бейнесін айқындау мақсатында түрлі дереккөздерден костюмдік референстер жинауға кірістім. Қазақ мәдениеті мен дәстүріндегі киім үлгілерін тереңірек түсіну үшін тарихи кітаптарды, этнографиялық суреттерді қарастырып, костюм тәжірибесіне қатысты материалдарды зерттедім.

Сонымен бірге заманауи сахналық костюмдерден де шабыт алып, кітаптардағы иллюстрациялар мен қойылымдардың фотокұжаттарын пайдаландым. Осы зерттеулер кейіпкерлердің образын нақтылауға және тарихи-мифологиялық нақышты дұрыс беруге мүмкіндік берді.

Композициядағы қозғалыс пластикасын нанымды беру үшін мен актёрлермен тікелей жұмыс жасадым.

Театр актерлеріне жүгініп, олардың қажетті қалыптарға енуін сұрадым. Олармен бірге аңыздағы қыздардың би қимылдарына ұқсас пластикалық позаларды іздеп, әртүрлі нұсқаларды сынап көрдік. Осы сәттерді фототүсірілімге түсіріп, кейін сол фотосуреттерді нобай жасау кезінде негізгі референс ретінде қолдандым.

Шығармашылық процестің бөлігі ретінде мен Бурабайға барып, табиғаты тікелей бақылап, пейзаждық этюдтер жасадым. Аңыздың оқиғасы дәл осы табиғи ортада өрбитіндіктен, мен композицияның артқы фонында Бурабайдың көгілдір көлдері мен қайың ормандарының нәзік реңктерін бейнелеуге тырыстым. Табиғаттың нақты түстерін, жарықтың өзгеруін, ағаштардың ырғақты орналасуын бақылау — монументалды композицияның кеңістік шешіміне үлкен әсер етті.

Нәтижесінде барлық жиналған визуалды материалдар, актерлермен жұмыс жасаған фотосессиялар, этюдтер мен әдеби зерттеулер композицияның толыққанды қалыптасуына негіз болды. Эскиздер біртіндеп нақтыланып, «Биші қайыңдар» аңызының мазмұнына сай келетін, кеңістіктік жағынан тұтасқан монументалды композиция дүниеге келді.

Әдебиеттер:

1. А. К. Казбеков Бурабай накануне XXI века [Текст] / А. К. Казбеков. – Астана: Полиграфия, 1998. – 232 С.
2. Е. Тұрсынов Дүниетаным және фольклор. – Алматы: Ғылым, 1990.
3. Klimt [Текст] / ағылшын тілінен ауд. Charity Scott Stokes. – Кёльн: TASCHEN GmbH, 2022. – 96 б. – ISBN 978-3-8365-5807-5. – Словакияда басылған.
4. Қазақ аңыздары [Мәтін] / суретші Ассоль Сас. – Алматы: Аруна, 2008. – 48 б.: сур.

*Zeinulla Diana
Abenov Ergali, PhD*

ISSUES OF MANAGING POPULAR MUSIC ART IN THE CONTEXT OF DIGITAL TECHNOLOGIES

*Зейнулла Д.
Әбенев Е.М. PhD доктор*

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭСТРАДАЛЫҚ ӨНЕРДІ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Эстрадалық өнер – қоғамдағы мәдени коммуникацияның ең жылдам дамитын және аудиторияға тікелей әсер ететін түрі. ХХІ ғасырда бұл сала цифрлық трансформация үдерісін бастан өткеріп, дәстүрлі продюсерлік және менеджмент үлгілері жаңа форматқа өтті.

Бүгінгі таңда TikTok, YouTube, Spotify, Apple Music сияқты платформалар эстрадалық әртістер мен продюсерлердің басты жұмыс алаңына айналды. Осыған байланысты арт-менеджмент ұғымы тек концерт ұйымдастырумен шектелмей, цифрлық контентті өндіру, бренд қалыптастыру және желідегі аудиториямен тұрақты байланыс орнату сияқты жаңа міндеттерді қамтиды[1].

Бұл зерттеу цифрлық технология жағдайындағы эстрадалық өнер менеджментінің құрылымын, негізгі компоненттерін және тиімді тәжірибелерін талдауға бағытталған.

Эстрадалық өнер менеджменті – бұл музыкалық өнімді (ән, бейнеклип, концерт) өндіру, тарату және нарыққа шығару үдерісін ұйымдастыратын кәсіби басқару жүйесі. Оның негізгі функциялары төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Эстрадалық өнер менеджментінің құрылымдық компоненттері

Компонент	Мазмұны	Мақсаты
Продюсерлік менеджмент	Өртіс имиджін қалыптастыру, контент өндіру	Нарыққа бағытталған шығармашылық өнім жасау
Цифрлық маркетинг	YouTube, TikTok, Instagram арқылы жарнама	Аудиторияны кеңейту және көрерменмен тікелей байланыс
Қаржылық менеджмент	Концерт, стриминг, бренд ллаборациялардан табыс алу	Өнер жобасының экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету
PR және коммуникация	БАҚ, әлеуметтік желілер, фан-база басқару	Өртіс беделін арттыру, мәдени имидж қалыптастыру
Аналитика және big data	Контент тұтыну деректерін талдау	Стратегиялық шешімдерді дәлелдеу
<i>Ескертпе: автор тарапынан құрастырылған.</i>		

Кестеде көрсетілгендей, эстрадалық өнер менеджментінің құрылымдық компоненттері үлкен бес бөліктен тұрады. Әрқайсысының толыққанды мазмұны мен мақсаты бар екенін көре аламыз.

Цифрлық дәуірде менеджменттің басты құралы — интерактивті контент пен алгоритмдер арқылы аудиторияны тарту. Мысалы, Q-pop тобы Ninety One өз фан-базасын әлеуметтік желілерде дербес брендке айналдырып, менеджменттің жаңа үлгісін ұсынды[4].

Эстрада саласында цифрлық менеджмент үш негізгі бағытта дамуда[2]:

1. Контенттің цифрлануы:

Өндер мен клиптердің онлайн таралуы Spotify, Apple Music, YouTube Music арқылы жүреді.

→ Бұл дәстүрлі продюсерлік модельді өзгертті: енді әртістер өз контентін дербес шығарып, табыс таба алады.

2. Жасанды интеллект пен big data қолдану:

Алгоритмдер тыңдармандардың талғамын болжайды, бұл менеджерлерге маркетингті дәл жоспарлауға мүмкіндік береді.

Мысалы, Tynda.kz платформасы қазақстандық орындаушылардың онлайн статистикасын талдап, продюсерлерге аналитикалық деректер ұсынады[6].

3. Виртуалды концерттер мен цифрлық сахна[5]:

Dimash Digital Show (2021) және JuzzQazaq Online форматындағы концерттер қазақстандық өнерді халықаралық аудиторияға танытудың жаңа үлгісін көрсетті.

Осы ақпараттар негізінде, төмендегі кестеде цифрлық арт-менеджменттің табысты үлгілеріне шолу жасайық.

Кесте 2 – Цифрлық арт-менеджменттің табысты үлгілері

Жоба	Платформа / Орын	Ерекшелігі
Dimash Digital Show	YouTube, Online Event	100 елден астам көрермен қамтылған халықаралық онлайн концерт
Q-pop қозғалысы (Ninety One, Juzz Entertainment)	TikTok, Spotify	Фан-маркетинг пен цифрлық бренд қалыптастырудың табысты үлгісі
JuzzQazaq фестивалі	Online Streaming / QazaqConcert	Қазақ эстрадасын халықаралық деңгейге шығару, гибрид форматтағы менеджмент
Tynda.kz платформасы	Мобильдік қосымша	Музыкалық дистрибуция мен монетизацияның отандық цифрлық алаңы
<i>Ескертпе: автор тарапынан дереккөздер негізінде құрастырылған</i>		

Жоғарыдағы кестеде цифрлық арт-менеджменттің табысты үлгілерін байқай аламыз. Белгілі бір жобаның платформасын, орнын және ерекшелігін көре аламыз.

Бұл жобалар эстрададағы арт-менеджменттің тек сахналық емес, сонымен қатар цифрлық маркетингтік құрал екенін дәлелдейді [3].

Төмендегі кестеде эстрадалық өнер менеджментіндегі өзекті мәселелерді көреміз. Мәселелер мен сипаттамаларына қарай біз нақты қандай проблема туындап тұрғанын байқай аламыз.

Кесте 3 – Эстрадалық өнер менеджментіндегі өзекті мәселелер

№	Мәселе	Сипаттамасы
1	Цифрлық құқық пен авторлық қорғау	Музыкалық контенттің онлайн көшірмелері көп
2	Кадр тапшылығы	Продюсерлік және SMM-менеджерлердің кәсіби даярлығы төмен
3	Инфрақұрылымның орталықтануы	Негізгі студиялар мен лейблдер тек Алматы мен Астанада
4	Қаржыландыру тапшылығы	Жеке инвестициялар аз, краудфандинг мәдениеті дамымаған
5	Тілдік және контенттік асимметрия	Қазақ тіліндегі эстрадалық контенттің үлесі төмен

Бұл кесте өте маңызды болып табылады. Себебі бұл кестеде эстрадалық өнер менеджментіндегі өзекті мәселелерге тоқталып өттім. Мәселелер мен олардың сипаттамаларын анықтай отыра, біз процесс үстіндегі өзекті сұрақтарды көре аламыз.

Осындай аталмыш өзекті мәселелерді шешу жолдарын ұсынғым келеді.

1. Креативті білім беру:

Музыкалық және арт-менеджмент мамандықтарына “Digital Music Production”, “Online Art Management” модульдерін енгізу.

2. Меценаттық және инвестиция тарту:

Онлайн концерттер мен музыкалық стартаптарға краудфандинг жүйесін дамыту.

3. Авторлық құқықты қорғау тетіктерін жетілдіру:

Цифрлық лицензиялау жүйесін енгізу (NFT-формат, blockchain).

4. Ұлттық музыкалық платформалар құру:

Spotify баламасы ретінде отандық экожүйе (мысалы, QazMusic Hub) қалыптастыру.

5. Халықаралық кооперация:

Корея, Жапония және Түркиядағы музыкалық менеджмент үлгілерін бейімдеу.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, цифрлық технологиялар эстрадалық өнерді басқару жүйесін түбегейлі өзгертті. Арт-менеджмент енді тек

сахнадағы ұйымдастыру емес, цифрлық маркетинг пен медиа-коммуникацияны біріктіретін креативті процесске айналды.

Қазақстанда Q-pop, Dimash Digital, JuzzQazaq сияқты жобалар бұл үдерістің нақты нәтижесін көрсетті.

Болашақта эстрадалық өнерді басқарудағы негізгі басымдықтар мыналар болмақ:

- цифрлық продюсерлік экожүйе құру;
- халықаралық нарыққа бағытталған музыкалық брендтер қалыптастыру;
- жастардың медиа-аудиториясына бейімделген контент стратегияларын

дамыту.

Қорытындылай келе, біздің заманымыз күннен күнге дамып, әртүрлі өзгерістер мен жаңартуларға толуда. Күнделікті жаңа дүниелер мен идеялар, туындылар пайда болып, өмірдің барлық саласын ерекше және креативті етуде екені сөзсіз. Әрине, бұл көркемдіктің барлығы өнер саласында әсіресе ерекше әрі керемет орын алады. Эстрадалық өнер де соған жатады. Нақты біздің тақырыбымыздағы цифрлық технология жағдайындағы эстрадалық өнер – бұл бүгінгі уақытта өзекті тақырып болып табылады. Ал оны басқарудағы мәселелер – бұл мақалада толықтай ашылып, зерттелді деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Креативті индустриялар туралы заң жобасы 2024. -2 с.
2. UNESCO. Creative Economy Outlook Report 2023. – 9с.
3. OECD. Digital Transformation in Cultural Industries 2022. -12с.
4. Juz Entertainment ресми сайты – www.juzent.com 2025.
5. Dimash Digital Show ресми парағы – www.dimashdigital.com 2025.
6. Tynda.kz платформасы 2024.

Kaudyrova A., Tleubekova B., Dukembay G.

SOCIAL ISSUES IN A LITERARY WORK

Каудырова А.О., филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Тлеубекова Б.Т., филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Дукембай Г.Н., филология ғылымдарының кандидаты, доцент

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ

Дулат Исабеков өз шығармаларында қазіргі заманның тыныс-тіршілігі мен адамдардың ұғым түсініктеріндегі өзгерістерді терең зерттейді. Ол жаңа дәуірдің, яғни XX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі кезеңнің адамдар психологиясына, мінез-құлқына әсерін баяндай келе, екі түрлі типтік мінез-құлықтың айырмашылығын айқындайды. Бұл айырмашылықтар тек жеке адамның өмірінде ғана емес, қоғамдағы жалпы мәдени өзгерістер мен даму үдерістерінде де байқалады.

Исабековтің шығармаларында заманауи жаңалықтардың адамдар психологиясына тигізетін әсері біркелкі болмайтыны туралы ойы айрықша

маңызды. Заман ағымына сәйкес, жаңалықтар мен өзгерістер кеңістікте әртүрлі қабылданады, түрлі жерлерде әртүрлі әсер етеді. Осыдан келіп, техногендік дамудың әсері қала тұрғындарының психологиясында айқын байқалады. Қала адамдарының мінезі мен сезімдерінде заманауи өзгерістер мен жаңа технологиялардың ықпалы күшті болса, ауыл адамдары табиғи түрде анағұрлым аз өзгерістерге ұшырайды. Бұл айырмашылық, әсіресе, олардың темпераменті мен мінезінде айқын көрінеді.

Қалаға қарағанда ауыл адамдарында мінез-құлықтың тұрақтылығы басым, себебі ауылда адамдардың өмірі көбінесе дәстүр мен табиғатпен байланысты. Ауыл тұрғындарының рухани әлемі мен ішкі әлемі табиғи, таза қалпында сақталады. Табиғатқа жақын болу олардың психологиясына ерекше әсер етіп, оларды өмірдің қарапайым құндылықтары мен ұлттық дәстүрлерге бейімдейді. Қала мен ауыл арасындағы осы ерекшеліктер, әрине, мінез-құлық пен адамгершілік сапалардың айырмашылығын да көрсетеді.

Ауыл туралы айтқанда, көптеген адамдар үшін табиғат – ана мен жердің, ата-бабаның белгісі. Елдің көпшілігі ауылды елестеткенде, сол жерде қалыптасқан мінез-құлық пен ұлттық салт-дәстүрлерді ұсынады. Бұл ұлттық белгі ретінде түсініледі. Себебі ауыл өмірі өзара қарым-қатынастардың қалыптасуына, адамдардың бір-біріне деген құрметі мен жауапкершілігіне негізделген. Ал қалада бұл қарым-қатынастар көбінесе механикалық, әлеуметтік жағдайлар мен жеке өмірге негізделеді.

Сонымен бірге, халықтың өміріндегі тарихи өзгерістер көбінесе ауылға енген жаңалықтармен байланысты. Жаңалықтар ауылда қабылданғанда, олар бірден халықтың мәдениеті мен өмір салтына ене бастайды. Бұл өзгерістер ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге әсер етеді. Ауылдағы әрбір жаңалық пен өзгеріс халықтың өміріне, оның рухани әлеміне, ұлттық болмысына әсер етеді. Бұл процесс ауыл мәдениетіндегі ұлттың дәстүрлі тұрмысын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Дулат Исабековтің шығармашылығында әдебиеттің шағын жанрларының, әсіресе әңгіме мен повестің дамуы ерекше орын алады. Өйткені осы жанрлар қоғам өміріндегі маңызды мәселелерді қарастыруда үлкен рөл атқарған. Бұл жанрлар романға қарағанда, өзіне тән қысқалық пен жинақылыққа ие болғанымен, терең ойлы, адамгершілік құндылықтар мен ұлттық болмыс туралы терең толғаныстарға толы. Әңгіме мен повестің дамуын ғалымдар түрліше түсіндіреді. Бірқатар зерттеушілер бұл жанрлардың дамуының себебін қоғамдағы қарқынды өзгерістер мен адамдардың өміріне терең еніп жатқан жаңалықтармен байланыстырады.

Әңгіме мен повестің өркендеуі көбінесе қоғамның тез өзгеріп жатқан жағдайларына жауап ретінде туындады. Осы шағын жанрлардағы шығармалар халықтың әлеуметтік өміріндегі өзгерістер мен қиындықтарды бейнелеп, өз оқырманын терең ойлануға, өткен тарихқа үңілуге шақырады. Қазіргі кезеңде әңгіме мен повестің өркендеуі қоғамдағы рухани ізденістер мен адамның ішкі әлемін зерттеуге бағытталған шығармалар ретінде көрінеді.

Сонымен, Дулат Исабеков шығармашылығында қалалық және ауылдық өмірдің арасындағы ерекшеліктерді терең талдай отырып, жаңа дәуірдің өзгерістерінің адамдар мінезі мен психологиясына қалай әсер ететінін зерттейді. Бұл шығармалар, әсіресе әңгіме мен повесть жанрлары арқылы,

оқырмандарды өз өмірін қайта бағалауға, ұлттық болмысты тереңірек түсінуге шақырады.

«Роман көп жағдайда бүкіл әдебиеттің даму болашағын айқындай алады» [1, 135-б.], - деп М.Бахтин айтқандай, романның адам мен жаратылыс қарым-қатынасын бейнелеуде зор мүмкіндік иеленуі, көркемдік-шығармашылық ізденістерінің сан алуан бағытта тармақтала, тереңдей өрістеуі, әдебиет дүниесінде жетекші жанрға айналуы осы XIX ғасырдан басталғаны хақ.

Адамзаттың тарихи жадында аса күрделілігімен, дүниетанымдық карама-қайшылықтарының тереңдей тарамдалуымен, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-идеологиялық күрес-тартыстарының молдығымен және алуан бағыттылығымен, жалпы адамзаттық проблемаларының үстемелене көбеюімен сақталатын XX ғасыр әдебиеттің тарихында да идеологиялық-саяси қайшылықтарымен, соған сәйкес, бірде өзара үндесе, енді бірде бірін бірі түбегейлі жоққа шығаруға ұмтыла дамыған ерекшелігімен қалды. Ғасыр әдебиетіне тән идеологиялық және көркемдік сипаттардың барлығы бұл кезеңде әдебиеттің көшбасшы жанрына айналып үлгерген романда толығымен көрініс тапты.

С.Чуприниннің ойына сүйенсек : «...западное общество круто развернулось в сторону пуританской морали, вернуло приоритет фундаментальным, то есть традиционным, нравственным ценностям; в почете заново оказалось все то, что и у «нас» и «у них» было принято называть «буржуазными», «мещанскими» добродетелями; любознательность по отношению к разного рода моральной, умственной, поведенческой «экзотике» сменилась устойчивым культом дома, семьи, здорового образа жизни и вообще нормы» [6, 29-б.].

Міне, осылайша XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап-ақ мазмұндық-пішіндік жағынан ілгерілеудің жаңа өрістерін іздеп, әр түрлі көркемдік-эстетикалық бағыттарға бой ұрғанымен, бұл жылдардағы батыс романында сыншыл реализм өз тұғырын босата қойған жоқ. Жекелеген көркем эксперименттік элементтер ұшырасса да, бұл жылдардағы шетел романында сыншыл реализмнің жетекші әдіс болғанын Р.Олдингтон, А.Моравиа, Ф.С.Фицджеральд, Э.Хемингуэй, К.Чапек, Ч.Сноу, Г.Грин, Г.Белль, Дж.Стейнбек шығармаларынан айқын көреміз. XX ғасырдағы батыс романына жаңа сипаттар дарытқан жазушылардың бірі неміс Т.Манн «Будденброктар», «Сиқырлы тау», «Иосиф және оның бауырлары» т.с.с. шығармалары арқылы роман әлеміне көркем баяндаудың түрлі стильдерін шебер ұштастыру, эпикалық үлгідегі ирония, мифті пайдалану сияқты тосын тәсілдер қосса, романдардан цикл-саға туындатқан америкалық У.Фолкнер сюжет өрбітуде символдарды қолдану, трагикомедиялық шегіністер жасау, оқиғаны түрлі қырынан қарастыра суреттеу тәрізді соны ізденістер жасады. «Патриарх күзі», «Оба кезіндегі махаббат», «Жүз жылдық жалғыздық» секілді романдар тобын туындатқан колумбиялық Г.Гарсиа Маркес әдебиет сыншылары тарапынан «магиялық реализм» деген атау иеленген шындықты тылсым сырлы бояумен бейнелеу тәсілін әкелді.

«Адам болмысы дегенде оның табиғаттан шығу тегі, қоғамдық өмірі және жеке даму туралы мәселелер жиынтығы еске түседі. Бұл мәселелер

өмірдің өзі тәрізді әрі көне, әрі жаңа. Ұрпақтар үздіксіз өзгереді, ал әрбір тарихи заман қоғамдық өмірдің мән-мағынасын өз ұғымымен болашаққа жеткізеді. Әр дәуірдің өкілдері мынадай маңызды да, мәңгі сұрақтарға жауап беруге тырысады: адам дегеніміз не? Оның басқа адамдармен және табиғатпен байланысы қандай? Адам не істей алады? Ол не істеуге керек? Не үшін өмір сүреді? » [3, 22-б.].

Адамның болмысы мен жаратылыс сырын терең түсінуге бағытталған және соның негізінде адамның қоғамдағы орнын, адамгершілік мәнін, жалпы адамзаттық құндылықтарды жаңа тұрғыдан көрсетуге ұмтылған Дж.Джойс пен Ф.Кафка шығармалары батыс әдебиетінде жаңа форма мен мазмұндағы модернистік романдардың таралуына үлкен ықпал етті. Бұл авторлардың туындылары ішкі мазмұн мен сыртқы пішін жағынан да ерекше болды. Сонымен қатар, экзистенциализм философиясы, әсіресе Ж.-П. Сартр, А. Камю, Кобо Абэ, Дж. Джонс сияқты жазушылардың шығармалары әдебиетте психологиялық және философиялық жаңа көзқарастарды енгізіп, адам болмысына қатысты терең сұрақтар көтерді. Олардың романдары әдебиетке тың тыныс беріп, шығармашылықтың жаңа мүмкіндіктерін ашты.

Батыс әдебиетінде «жаңа роман» ағымы да маңызды орын алады. Бұл жанрда реализм мен шарттылық, «ой ағысы» әдісі, шындық пен миф, символика мен аңыздардың еркін тоғысуы байқалады. У. Голдингтің «Шыбындар әміршісі», «Шпиль», «Көрінетін қараңғылық», «Қағаз адамдар» сияқты шығармалары, Веркордың «Адамдар ма, хайуандар ма?», «Ыза», «Сильва», «Медуза ұрығы» романдары мен М. Фриштің «Юрг Райнхарт», «Қиын адамдар», «Штиллер», «Гомо Фабер» туындылары жаңа романдардың композициялық құрылымындағы өзгерістерді айқын көрсетеді.

Бұл кезеңде кеңестік кеңістіктегі романдардың дамуында ұлттар әдебиетінің арасында қарым-қатынастар мен шығармашылық тәжірибе алмасулар маңызды рөл атқарды. Әдеби байланыстар арқылы романдардың мазмұндық тереңдігі артты, кейіпкерлердің ішкі әлеміндегі түрлі құбылыстар шынайы және әсерлі түрде бейнеленді. Ұлттар әдебиетінде қол жеткізілген көркемдік жетістіктер романдардың жанрлық әрі мазмұндық дамуына зор ықпал етті. XX ғасырдың 20-80 жылдар аралығында кеңестік кезеңде жарық көрген романдар өзара әсерлесіп, ықпалдасып, жанрлық және мазмұндық тұрғыдан дамыды. Бұл үдеріс ұлттар әдебиетіндегі бірқатар шығармалар арқылы жүзеге асты.

Мысалы, орыс әдебиетінде И. Эренбургтің «Париждің құлауы», «Дауыл», «Тоғызыншы вал» романдары, И. Ильф пен Е. Петровтың «Он екі орындық», «Алтын баспақ» шығармалары белгілі бір кезеңнің рухын бейнелейді. Украин әдебиетіндегі О. Гончардың «Тронка», «Сенің арайың», М. Стельмахтың «Адамның қаны – су емес», «Үлкен әулет» шығармалары өз кезеңінің адамгершілік құндылықтары мен әлеуметтік мәселелерін көтерді. Латыш жазушыларының шығармалары, атап айтқанда В. Лацисің «Қанатсыз құстар», «Балықшының баласы», А. Упиттің «Ғасырлар тоғысында», «Ян Робежниектің оралуы», «Ян Робежниектің өлімі» романдары да сол заманның маңызды әдеби үлгілері болып саналады.

Литван Й. Авижюстің «Жоғалған қан», «Хамелеон бояулары», М. Слуцкистің «Аспан баспалдағы», «Күн батарда», эстон П. Куусбергтің «Бір түн»,

5. Современный веб-сериал: что это такое [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://moviestart.ru/2021/07/21/sovremennyj-veb-serial-cto-eto-takoe>, свободный. – Загл. с экрана.

*Maulen Hundez,
Mukusheva Nazira*

THE IMAGE OF THE KAZAKH PEOPLE IN A CHINESE DOCUMENTARY FILM

Мәулен Құндыз

Мұқышева Н.Р. өнертану кандидаты, профессор

ҚЫТАЙ ДЕРЕКТІ КИНОСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

Қытай Халық Республикасы – көп-ұлтты мемлекет, оның құрамында ресми түрде 56 этнос өкілі өмір сүреді. Осы этностардың ішінде қазақ халқы Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданында тарихи тұрғыда қалыптасқан ірі ұлттық қауымдастықтардың бірі болып табылады. Қазақ этносының бұл өңірде ұзақ уақыт бойы тұрақты өмір сүруі оның мәдениеті мен дәстүрлі тұрмыс салтының сақталуына, сондай-ақ этникалық болмысының үздіксіз дамуына мүмкіндік берді. Осы себепті қытай деректі киносында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен рухани әлемін бейнелеу елдің көп ұлтты мәдени кеңістігін танытатын маңызды тақырыптардың біріне айналды.

Қытай деректі киносының даму эволюциясын талдай келе, зерттеуші Ван Хуа аз ұлттар тақырыбының қалыптасуына ерекше мән береді. Ол «中国少数民族题材纪录片概念建构与考察价值» («Қытай этникалық азшылықтары туралы деректі фильмдердің концептуалды құрылысы және зерттеушілік мәні») атта еңбегінде былай дейді: «XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қытай деректі киносының даму тарихында аз ұлттар тақырыбы біртіндеп дербес зерттеу нысанына айналып, Шыңжаң өңіріне арналған фильмдерде қазақ, ұйғыр, қырғыз сияқты этностардың тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік өмірі кеңінен бейнелене бастады» [1, 88-89 бб].

Қазақ халқының мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір салтымен, табиғатпен үйлесімге негізделген дүниетанымымен және тұрмыс пен руханияттың біртұтас жүйесі ретінде дамыған құндылықтарымен сипатталады. Көшпелі өмірге бейімделген бұл мәдениетте еңбек, әлеуметтік қатынастар, салт-дәстүр, отбасы құрылымы және табиғи кеңістік өзара тығыз байланыста дамыған. Мал шаруашылығына негізделген тіршілік үлгісі, маусымдық көші-қон, жайлау мен қыстау арасындағы қозғалыс қазақ халқының ұлттық болмысының басты белгілері ретінде көрініс табады. Деректі кино дәл осы ерекшеліктерді өмірдің табиғи ағынында көрсету арқылы қазақ халқының этномәдени бейнесін экранда шынайы түрде қалыптастырады.

Деректі кино – мәдени мұраны сақтаудың және оны көрерменге жеткізудің маңызды аудиовизуалды құралы. Қытай деректі фильмдерінде қазақ халқының бейнесін жасау барысында көбіне бақылаушы камера, табиғи жарық, синхронды дыбыс, баяу монтаж сияқты тәсілдер қолданылады. Бұл көркемдік әдістер кейіпкерлер өмірін жасандылықсыз көрсетуге мүмкіндік беріп, деректі фильмнің басты қағидаты саналатын шынайылық принципін күшейтеді. Қытай деректі кино зерттеуші Ли Руйкин «新疆题材纪录片《天山脚下》的跨文化传播研» («Шыңжаң тақырыбына

арналған «Тянь-Шань етегінде» деректі фильмінің мәдениетаралық байланысын зерттеу») атты еңбегінде «Шыңжаң тақырыбындағы деректі фильмдердің этностарды тек этнографиялық нысан ретінде емес, әлеуметтік-мәдени кеңістіктің белсенді субъектісі ретінде көрсетуге ұмтылатынын» деп атап көрсетеді [2, 21 б]. Бұл тұжырым қытай деректі киносындағы қазақ халқы бейнесінің қалыптасу ерекшелігін ғылыми тұрғыда негіздейді.

«天山脚下» («Тянь-Шань етегінде», 2016, реж. Чжу Юн) деректі фильмі қытай деректі киносындағы қазақ халқының бейнесін ашатын көрнекті туындылардың бірі болып саналады. Фильмнің басты ерекшелігі – көшпелі қазақ халқының өмірін жекелеген этнографиялық эпизодтар арқылы емес, кеңістік пен уақыттың тұтас жүйесі ретінде көрсетуінде. Режиссер қазақтардың маусымдық көші-қонын, табиғи ортаға тәуелді тіршілік ырғағын, жайлау мен қыстау арасындағы қозғалысты ұзақ пландар мен панорамалық кадрлар арқылы бейнелей отырып, көшпелі өмір салтының ішкі логикасын визуалды тілмен ашады. Мұндай көркемдік шешім қазақ халқының өмір салтын баяндаудан көрі, оны көрерменге сезімдік деңгейде ұғынуға мүмкіндік береді.

Фильмде қазақтардың күнделікті тұрмысы – мал бағу, қоныс аудару, отбасы мүшелерінің күнделікті еңбегі әсірелеусіз, қарапайым бақылаушының көзімен беріледі. Камера кейіпкерлердің өміріне сырттай бақылаушы ретінде қатысып, авторлық бағалауды барынша азайтады. Зерттеуші Ли Руйкиннің пікірінше, «Тянь-Шань етегінде» фильмінде көшпелі этностардың өмірі табиғи кеңістікпен бірге көрсетіліп, мәдени болмыс визуалды орта арқылы ашылады» [2, 31 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, фильм қазақ халқының көшпелі мәдениетін деректі кино тілінде толыққанды визуалды мәтін ретінде қабылдауға жағдай жасайды.

Фильмнің айрықша қырларының бірі – оны қазақ ұлтынан емес, басқа этникалық ортадан шыққан режиссердің түсіруі. Бұл жағдай туындыны мәдениетаралық зерттеу тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді. Режиссер Чжу Юн қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін экзотикалық нысан ретінде көрсетуге ұмтылмай, оны дербес мәдени жүйе, өзіндік өмір философиясы мен уақыттық ырғағы бар қауым ретінде танытады. Фильмде сыртқы бақылаушы көзқарас сақталғанымен, ол үстірт пайымдауға емес, мәдени құбылысты терең түсінуге бағытталған зерттеушілік ұстаныммен ұштасады.

Режиссердің этностық тұрғыдан «сыртқы» позицияда болуы фильмнің көркемдік табиғатын әлсіретпей, керісінше, жан-жақты бақылау әдісін күшейтеді. Камера кейіпкерлердің өмір салтына араласпай, олардың күнделікті тіршілігін табиғи қалпында бейнелейді. Қазақ мәдениеті фильмде алдын ала берілген түсіндірмелер арқылы емес, өмірдің өз ағысы, қозғалыс, кеңістік пен уақыт арқылы ашылады. Бұл тәсіл қазақ халқының мәдени болмысын сыртқы бағалау емес, ішкі логикасы арқылы тануға мүмкіндік береді.

Осылайша, «Тянь-Шань етегінде» деректі фильмі басқа ұлт өкілінің режиссерлік көзқарасы арқылы қазақ халқының мәдениетін зерттеудің сәтті үлгісін көрсетеді. Фильм қазақ бейнесін этнографиялық нысан деңгейінде шектемей, оны тарихи жады, табиғатпен үйлесімі және рухани тәжірибе тоғысқан жанды мәдени субъект ретінде ұсынады. Бұл туынды қытай деректі

киносындағы қазақ халқының бейнесін көркемдік әрі ғылыми тұрғыда тереңдеткен маңызды еңбек ретінде бағалануға лайық.

Қытай деректі киносындағы қазақ бейнесін қалыптастыруда кейіпкер тұлғасы ерекше мәнге ие. Қазақ халқы туралы деректі фильмдер көбіне тұлғалық деректі кино принциптеріне сүйенеді, яғни жеке адамның тағдыры, өмір жолы, күнделікті әрекеті арқылы тұтас этностың өмір салты мен дүние танымын ашуға ұмтылады. Мұндай тәсілде кейіпкер белгілі бір әлеуметтік типтің өкілі ғана емес, нақты тарихи-мәдени кеңістікте өмір сүріп отырған адам ретінде ұсынылады. Осы арқылы деректі фильм абстрактілі ұғымдардан гөрі, адам тағдыры арқылы ұлттық болмысты айшықтауға бағытталады.

Қытай зерттеушісі Лю Лю «人物纪录片的人物形象塑造研究—以《旧书守护者》为例》 («Деректі фильмдердегі кейіпкерлер бейнесін зерттеу. «Ескі кітап мұрасының сақтаушысы») атты еңбегінде деректі фильмдегі кейіпкер бейнесі әлеуметтік шындықты ашудың негізгі тетігі екенін атап өтеді [3, 23 б.]. Зерттеушінің пікірінше, кейіпкердің ішкі әлемі, күнделікті еңбегі мен өмірлік ұстанымдары арқылы қоғамның құндылықтар жүйесі, мәдени бағдарлары мен тарихи тәжірибесі көрініс табады. Бұл тұжырым қазақ халқы туралы деректі фильмдерге де толық сәйкес келеді.

Қазақ тақырыбындағы қытай деректі фильмдерінде кейіпкерлер көбіне малшы, шопан, отбасы ұйытқысы, қолөнер шебері немесе дәстүрді жалғастырушы аға буын өкілі ретінде көрсетіледі. Алайда олардың бейнесі тек кәсібі немесе күнделікті тұрмыс-тіршілігі аясында шектелмей, ұлттық мәдени кодтардың тасымалдаушысы ретінде көрініс табады. Кейіпкердің табиғатпен қарым-қатынасы, еңбекке көзқарасы, отбасындағы орны мен ұрпақ тәрбиесіне қатысы арқылы қазақ халқының дүниетанымдық ерекшеліктері айқындалады.

Тұлғалық деректі киноға тән тағы бір маңызды белгі – кейіпкерді идеалдандырмай, өмірдің табиғи қалпында көрсету. Қытай деректі фильмдерінде қазақ кейіпкерлері көбіне күрделі әлеуметтік жағдайларда, табиғи ортаға тәуелді тіршілік барысында бейнеленеді. Камера олардың күнделікті әрекеттерін бақылайды, сыртқы бағалаудан гөрі ішкі мазмұнды ашуға ұмтылады. Мұндай тәсіл көрерменге кейіпкермен эмоциялық байланыс орнатуға, оның өмірлік тәжірибесін тереңірек сезінуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, кейіпкер тұлғасы қытай деректі киносындағы қазақ бейнесін қалыптастырудың негізгі көркемдік және мағыналық өзегіне айналады. Жеке адамның өмірі арқылы ұлттық мәдениет, әлеуметтік тәжірибе және рухани құндылықтар жүйесі көрініс тауып, қазақ халқының бейнесі этнографиялық сипат шеңберінен шығып, әлеуметтік-мәдени субъект деңгейінде ұсынылады. Бұл тәсіл қытай деректі киносындағы қазақ тақырыбының мазмұндық әрі көркемдік тереңдігін арттырады.

Қазақ халқы туралы деректі фильмдерде ұлттық болмыс көбіне күнделікті еңбек, тұрмыстық әрекеттер және отбасы ішіндегі қарым-қатынастар арқылы ашылады. Қытай этностар зерттеушісі Ху Руи «少数民族题材纪录片《放牧骆驼的哈萨克族人》的叙事分析» («Қазақ түйешілері» деректі фильмін талдау (Аз ұлттар туралы деректі фильм) еңбегінде қазақ кейіпкерлерінің қарапайым еңбегі мен табиғи өмір ырғағы

арқылы ұлттық мінез бен мәдени тұрақтылықтың бейнеленетінін атап көрсетеді [4, 10 б.]. Мұндай фильмдердің басты ерекшелігі – кейіпкерді табиғи ортасынан ажыратпай көрсетуінде. Түйе бағу, мал бағу, көшпелі тұрмыс көріністері қазақ мәдениетінің ішкі логикасын ашатын көркемдік элементтер ретінде ұсынылады.

Сонымен қатар Қытайдағы аз ұлттар тақырыбындағы деректі фильмдер кроссмәдени коммуникацияның маңызды құралы ретінде қызмет атқарады. Мұндай фильмдер бір жағынан ұлттық мәдениеттің өзіндік болмысын сақтауға бағытталса, екінші жағынан оны әртүрлі мәдени ортадағы көрерменге түсінікті әрі қабылдауға жеңіл формада жеткізуді мақсат етеді. Қытай зерттеушісі Ху Диң «中国少数民族纪录片研究» («Қытай аз ұлттар туралы деректі фильмдерді зерттеу») еңбегінде аз ұлттар туралы деректі киноның «бір мезгілде әрі ұлттық ерекшелікті сақтауға, әрі оны кең аудиторияға түсінікті формада жеткізуге бағытталатынын» атап көрсетеді [5, 5 б.]. Бұл тұжырым қытай деректі киносындағы этностық бейнелеудің стратегиялық бағытын айқындайды.

Қазақ халқының бейнесі де осы ұстанымға сәйкес кроссмәдени мәнге ие сипатта ұсынылады. Деректі фильмдерде қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері (көшпелі өмір салты, табиғатпен етене байланыс, дәстүрлі еңбек түрлері, т.б.) сақтала отырып, олар жалпыадамзаттық құндылықтармен астастырыла бейнеленеді. Мұндай тәсіл көрерменге қазақ мәдениетін «бөгде» немесе «экзотикалық» құбылыс ретінде емес, адамзатқа ортақ рухани тәжірибенің бір бөлігі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар еңбекке құрмет пен отбасы бірлігі тақырыптары деректі фильмдердің маңызды идеялық өзегіне айналады. Қазақ кейіпкерлерінің күнделікті еңбегі (мал бағу, көшіп-қону, тұрмыс-тіршілік, т.б.) тек экономикалық қажеттілік ретінде емес, өмір салты мен рухани құндылықтың көрінісі ретінде ұсынылады. Ал отбасы ішіндегі қарым-қатынас, ұрпақ тәрбиесі, аға буынның өмірлік тәжірибесін кейінгі ұрпаққа жеткізуі ұлттық мәдениеттің сабақтастығын көрсететін маңызды көркемдік элементтер ретінде маңызды. Ұрпақтар сабақтастығы мәселесі деректі фильмдерде мәдени жадты сақтаудың негізгі тетігі ретінде көрініс табады. Ақсақалдар мен жастар арасындағы байланыс, дәстүрлі білімнің берілуі, еңбек арқылы тәрбиелеу көріністері қазақ халқының мәдени болмысын уақыт пен кеңістік шеңберінде үздіксіз дамып отырған жүйе ретінде көрсетеді. Бұл қырынан алғанда, қытай деректі фильмдеріндегі қазақ бейнесі тек ұлттық ерекшелікті ғана емес, мәдениеттің жалпыадамзаттық маңызын да айқындайды.

Қытайда түсірілген аз ұлттар тақырыбындағы деректі фильмдердің ішінде қазақ халқының бейнесін арқау еткен туындылар кроссмәдени коммуникацияның тиімді формасына айналады. Олар ұлттық мәдениетті сақтау мен оны жаһандық мәдени кеңістікке енгізу арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, қазақ халқының өмір салты мен рухани құндылықтарын кең аудиторияға түсінікті әрі мәнді түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, қытай деректі киносындағы қазақ халқының бейнесі тек этнографиялық сипатта шектелмей, ұлттық мәдениеттің терең әлеуметтік, рухани және дүниетанымдық қырларын ашатын күрделі репрезентациялық

жүйе ретінде қалыптасқанын аңғаруға болады. Қазақ халқының көшпелі өмір салты, табиғатпен үйлесімге негізделген тіршілігі, еңбек пен отбасыға қатысты құндылықтары деректі кино тілінде кеңістік пен уақыттың табиғи ағысында бейнеленеді. Мұндай көркемдік ұстаным қазақ бейнесін статикалық мәдени нысан емес, үнемі қозғалыстағы, дамушы мәдени құбылыс ретінде танытады.

Қытай деректі фильмдерінде кейіпкер тұлғасының алдыңғы қатарға шығуы қазақ халқының бейнесін нақты адам тағдыры арқылы ашуға мүмкіндік береді. Жеке кейіпкердің күнделікті еңбегі, өмірлік тәжірибесі мен әлеуметтік ортасы арқылы ұлттық болмыстың тұтас жүйесі көрініс табады. Бұл тәсіл деректі киноның шынайылық табиғатын күшейтіп, көрерменнің қазақ мәдениетін эмоциялық әрі мағыналық деңгейде қабылдауына жағдай жасайды.

Сонымен бірге қазақ халқының бейнесі қытай деректі киносында кроссмәдени коммуникация тұрғысынан да маңызды мәнге ие. Ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, оларды жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтастыру деректі фильмдерді әртүрлі мәдени ортадағы аудитория үшін түсінікті әрі мазмұнды етеді. Табиғатпен үйлесім, еңбекке құрмет, ұрпақтар сабақтастығы сияқты идеялар қазақ мәдениетін жаһандық мәдени кеңістікте қабылдауға мүмкіндік беретін әмбебап мағыналық арқау қалыптастырады.

Осылайша, қытай деректі киносындағы қазақ халқының бейнесі ұлттық мәдениетті танытудың ғана емес, мәдениеттер арасындағы өзара түсіністікті арттырудың тиімді құралына айналады. Бұл бағыттағы деректі фильмдер қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мен жаңғыртуда, сондай-ақ оны халықаралық деңгейде танытуда деректі кино өнерінің ғылыми және көркемдік әлеуетін айқын көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Ван Хуа. Қытай этникалық азшылықтары туралы деректі фильмдердің концептуалды құрылысы және зерттеушілік мәні (中国少数民族题材纪录片概念建构与考察价值). – Оңтүстік-Батыс Цзяотун университетінің журналы (әлеуметтік ғылымдар сериясы), 2012. – 48-54 бб.
2. Ли Руйкин. Шыңжаң тақырыбына арналған «Тянь-Шань етегінде» деректі фильмінің мәдениетаралық байланысын зерттеу (新疆题材纪录片《天山脚下》的跨文化传播研究). Магистрлік диссертация. – Тарым университеті, 2020. – 21-41 бб.
3. Лю Лю. Деректі фильмдердегі кейіпкерлер бейнесін зерттеу. «Ескі кітап мұрасының сақтаушысы» (人物纪录片的人物形象塑造研究 – 以《旧书守护者》为例). Магистрлік диссертация. – Чанчунь өнеркәсіптік университеті, 2025. – 40 б.
4. Ху Руи. «Қазақ түйешілері» деректі фильмін талдау (Аз ұлттар туралы деректі фильм) (少数民族题材纪录片《放骆驼的哈萨克族人》的叙事分析). Магистрлік диссертация. – Харбин педагогикалық университеті, 2023. – 38 б.
5. Ху Дин. Қытай аз ұлттар туралы деректі фильмдерді зерттеу (中国少数民族纪录片研究). Магистрлік диссертация. – Гуанси ұлттар университеті, 2012. – 65 б.

*Nogerbek Saken,
Mukusheva Nazira*

DEVELOPMENTAL TRENDS OF KAZAKH FILM DRAMATURG IN THE SOVIET PERIOD

Нөгербек С.,

Мұқышева Н.Р., өнертану кандидаты, профессор

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ КИНОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ДАМУ БАҒДАРЫ

Сценарий – кинематографиялық шығарманың дінгегі. Көркемдік деңгей, драматургиялық коллизияның сапасы, тартыс, мінездердің сомдалуы, тақырып, сюжет, интрига – осының бәрі фильмнің экрандық кескінін айқындайды.

Сергей Эйзенштейн бастаған кеңестік авангард киносының режиссерлері, бастапқыда сценарист мамандығын жоққа шығарып, «жаңа пролетарлық кино сол шақтағы буржуазиялық киноға тән әдебиет пен театрдан, яки, актерлік өнерден бас тартуы тиіс» деп есептеді. Алайда кинематографтың тарихынан көріп тұрғанымыздай, кинодраматургия, сценарлық мамандық – кез келген кинематографиялық шығарманың түп қазығы. Дегенмен «мінсіз сценарий» немесе «Броненосец Потемкин» фильмінің эпизодтары мен сахналарының әр кадрын жазу, шындап келгенде экран драматургиясының өзі. Лев Кулешовтың монтаж тәжірибелері мен актерді «натурщикпен» алмастыруына қатысты да осыны айтуға болады. Ескі буржуазиялық кинематографты жоққа шығаруға бағытталған осы тәжірибелердің бәрінің мақсаты бір еді: көркем бейненің қақ ортасында халық, көпшілік, пролетариат, жұмысшы табының өкілі суреттелетін жаңа өнерді дүниеге әкелу. Ақыры Всеволод Пудовкиннің «Ана» фильмінен бастап, кино жұмысындағы сценаристің, драматургтің қызметіне ерекше көңіл бөлінді. Ал кинода дыбыстың пайда болуы бұл дауды сценаристің есебіне шешті: фильм кейіпкерінің экрандық бейнесін сомдауда сөздің, диалогтың, ішкі монологтың маңызы арта түсті.

Осы күні киноға әдеби сценарий керек пе деген сұрақ қоюдың өзі әбестік болар. Голливудтық, жанрлық, коммерциялық, мейлі арт-хаустық, авторлық, фестивальдік кинотуынды, яки, бүгінгі кинематограф болсын, баршасы фильмнің қазығы ретінде кинодраматургияның басымдығын мойындап отыр. Сол себепті, біздің ойымызша, заманауи кинодраматургияны зерттеу мәселесі көкейкесті екені даусыз.

Жалпы, кинодраматургия мәселелері кинотанушы, қазақ киносының тарихшылары Қабыш Сиранов пен Камал Смайылов тарапынан зерттелген. Қ. Сиранов «Кеңестік Қазақстанның кино өнері» («Киноискусство Советского Казахстана») монографиясында кинодраматургия мәселелерін, Вс. Ивановтың, Ғ. Мүсіреповтің, Б. Майлин мен М. Әуезовтің сценарлық тәжірибелерін «Амангелді», «Райхан», «Абай әндері» фильмдерінің негізінде зерттеді [1]. Ал К. Смайылов, өзінің «Кинодраматургияның қалыптасуы» атты очеркінде 1980-ші жылға дейінгі қазақ драматургиясының пайда болуы мен қалыптасуын саралап шықты [2].

Қазақ ұлттық кинодраматургиясы жалпы кеңестік көпұлтты кинематографтың қалыптасуы мен дамуы аясында қалыптасып, дамыды. Қазақ кинодраматургиясы алғашқы кезеңде кеңестік идеологиямен «қаруланған» киноның бір бөлшегі болатын. Мақсаты – әділетті, тапсыз қоғам – коммунизмді құрушының бейнесін экранға шығару. Осы ғаламат жобаның мақсат-мұраты – жұмысшы тапты қанаған буржуазиялық, империалистік құрылымға антипод есебінде социалистік және коммунистік мемлекетті құру. Кеңестік, оның ішінде, қазақ кинодраматургиясының негізгі мазмұны осы болатын.

Алғашқы қазақ кинодраматургтері, драматургия жанрын меңгерген, театрға пьеса жазып жүрген Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезов секілді қазақ жазушылары еді. Кинотанушы Б.Р. Нөгербек Қазақстанның онжылдығына тапсырыспен жазылған, басты рөлді Серәлі Қожамқұлов сомдаған «Дала әндері» (1930) фильмінің авторларының бірі Бейімбет Майлин болуы мүмкін деген болжам айтады. Ол былай деп жазады: «Дала әндері» КСРО Мемлекеттік фильм қорында (қазіргі Ресей Федерациясының Мемлекеттік фильм қоры) жоқ. Көшірме мен негізгі материалдың жоғалуына қатысты бірнеше болжам бар, солардың бірі – фильм сталиндік қуғын-сүргін жылдарында жойылған, себебі, фильмді жасауға қатысқандардың бірі – қазақ жазушысы, қоғам қайраткері 1937-ші жылы «халық жауы» ретінде репрессияға ұшыраған Б. Майлин болатын» [3, 56 б.]. Бұл болжам мұрағат құжаттарын мұқият зерттеп, алғашқы қазақ киносценарийінің жазылған жылы мен оның авторын нақтылау қажеттілігін айқындайды.

Осы күні қазақ кинотанушылары ұлттық кинодраматургтердің алғашқы сценарлық жұмысы ретінде Вс. Иванов, Ғ. Мүсірепов, Б. Майлиндердің «Амангелді» фильмінің сценарийін атайды. Соның негізінде Амангелді Иманов жайлы фильм түсірілген. 1940 жылдары әйгілі болған бұл туындыны баспасөз бен кеңестік кинотанушылар «қазақ ұлттық киносының тұңғыш фильмі» деп жариялады.

Қазақ кинодраматургтерінің екінші маңызды жұмысы – Мұхтар Әуезовтің «Райхан» сценарийі. Сценарий және соның негізінде түсірілген «Райхан» фильмі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің авторлық жұмысы екенін атап өткен ләзім. Сценарийдің жазылуына мәскеулік драматургтер араласқан жоқ. «Амангелді» және «Райхан» екі сценарийі революция қаһармандары және революция арқасында бостандық алып, тұрмысы түзелген қарапайым адамдар жайлы фильмдер секілді тарихи-революциялық киноның екі бағытын айқындап берді.

Осылайша, алғашқы қазақ драматургтері ұлттық кинематографтың негізін қалап, оның қалыптасуына жол ашты. Жоғарыда аталған кинодраматургтермен қатар, алғашқы қазақ киноредакторы, әйгілі ақын, қазақ киносын алғаш насихаттаушылардың бірі Илияс Жансүгіровты да атап өтуіміз шарт. Ол «Шығыскиноның» Алматы бөлімшесінің редакторлық бөлімін басқарған. Бейімбет Майлин секілді, ол да репрессияға ұшыраған. Б.Р. Нөгербектің пікірінше, І. Жансүгіров ақын әрі публицист, ұлттық кино мүддесін қорғаушы есебінде Қазақстанға қатысты деректі және көркем фильмдердің түсірілуіне атсалыспай қоймады. І. Жансүгіров, Б. Майлин және

өзге де қазақ мәдениеті майталмандарының кинематографиялық қызметіне қатысты фактілерді іздеу – қазақ кинотануының міндеті.

1945-ші жылы Алматы киностудиясында М.О. Әуезовтің сценарийі бойынша «Абай әндері» фильмі түсірілді. Өкінішке қарай, «Қазақстан киносы» («Кино Казахстана») киноанықтамасында өрескел қателік кеткен: фильм аннотациясында «Абай әндері» фильмі «Абай жолы» романы бойынша экрандалды деп көрсетілген [4, 201 б.]. Ал қазақ киносының тарихшылары Қ. Сиранов, К. Смаилов, Б. Нөгербек бұл фильм болашақ романның эскизі деп әділ бағасын берген болатын.

Сонымен, алғашқы қазақ сценаристері – Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, М. Әуезов. Бұл тізім толық болмауы да мүмкін. Қазіргі таңда Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов және тағы да басқа қазақ зиялыларының кино саласындағы жұмысына қатысты деректерді іздеп табу қажеттілігі туындап отыр.

1960-1970 жылдар – қазақ кино өнерінің, соның ішінде кинодраматургияның кәсіби тұрғыда қалыптасып, жаңа көркемдік деңгейге көтерілген маңызды кезеңі. Осы жылдары қазақ киносы тақырыптық, жанрлық және стилдік тұрғыдан кеңейіп, ұлттық болмысты терең бейнелеуге бет бұрды.

Аталған кезең Кеңес Одағындағы «жылымық» жылдарымен тұспа-тұс келді. Қоғамдық ой-пікірде біршама еркіндік пайда болып, адам тұлғасына, оның ішкі әлеміне назар аудару күшейді. Бұл үрдіс қазақ кинодраматургиясына да әсер етіп, бұрынғыдай тек идеологиялық пафосқа құрылған шығармалардың орнына психологиялық тереңдігі бар, өмір шындығын шынайы көрсететін сценарийлер жазыла бастады.

1960-1970 жылдардағы қазақ кинодраматургиясының басты ерекшелігі – ұлттық болмысты ашуға ұмтылу. Сценарийлерде қазақ ауылының тыныс-тіршілігі, дәстүр мен заман қақтығысы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық кеңінен көрініс тапты. Кейіпкерлер көбіне қарапайым еңбек адамдары ретінде бейнеленіп, олардың рухани ізденістері, адамгершілік таңдаулары негізгі драматургиялық өзекке айналды. Осы кезеңде кино мен әдебиеттің, кино мен фольклордың байланысы тереңдей түсіп, қазақ кинематографының келбетін айқындай түсті.

Фольклор мен әдебиет экран өнерінің негізіне айналғаны белгілі. Талай ғасырлар бойы фольклор халықтың рухани болмыс-бітімін, моральды-этикалық, әлеуметтік және философиялық дүниетанымын түзеп, табиғи түрде әдебиет пен өнердің, қазіргі заманғы кәсіби әдебиеттің қалыптасуының бастауы болғаны аян. М.О. Әуезов былай деп жазады: «Әдебиет пен өнердегі ұлттық дәстүрлер – әлемді көркемдік қабылдаудағы халықтың ұрпақтан ұрпаққа қалыптасқан тәжірибесі. Бұл ғасырлар бойы шындалған, қоршаған ортаны көркемдік бейнелеу тәсілдері. Бұл – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қоршаған орта мен табиғатты бағалау мен көркем сипаттау принциптері. Бұл – халықтың ойлау жүйесімен эстетикалық талғамымен үндес бейнелеу бояулары» [5, 232 б.].

Экран өнерінде фольклорлық дәстүр кинематографтың бүкіл жанрлары мен түрлерін қамтиды. Экранды-фольклорлық, экранды-әдеби байланыстарды зерттеушілер ғасырлар тұңғығына бойлайды. Себебі кинематограф тотальды

синтетикалық өнер, яғни ежелгі өнердің түрлі көріністері, қазіргі киноның көркемдік табиғатын қалыптастыратын – әдебиет, театр, цирк, бейнелеу өнері, хореография, музыка, – генетикалық тұрғыдан фольклормен байланысып тұр.

Киноның алғашқы теоретигі Риччото Канудо өзінің «Жеті өнер манифесті» («Манифест семи искусств», 1911) еңбегінде былай жазған: «Біз Киноны қажетсінеміз, себебі, күллі өнер атаулы талпынған тоталды кино қалыптастыруға әуеспіз» [6, 22 б.].

Танымал ғалым-фольклорист В.Е. Гусев мынадай ой тастайды: «Генетикалық тұрғыдан фольклорға әдебиет қана емес, өнердің кейбір түрлері жақын. Осы тұрғыдан алғанда фольклорды «алғашқы элемент» немесе түрлі өнер бастауы деуге болады» [7, 88 б.].

Қазақ ұлттық киносының бастауында әйгілі жазушылар тұрды. Олардың әдеби шығармалары, пьесалары мен сценарийлерінің негізінде алғашқы фильмдер түсірілді. Мысалы, қазақ киносының шаңырағын көтерген Шәкен Аймановтың тұңғыш режиссерлік жұмысы «Махаббат туралы дастан» – «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» спектаклінің кино нұсқасы. Бұл жайлы Ш. Аймановтың өзі былай дейді: «Әуелде фильм-спектакль ретінде ойластырдық. Халық аузындағы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосына жазылған пьеса соның негізіне алынды. Пьеса кейіпкері кедей бозбала Қозы-Көрпеш пен байдың қызы Баян, бірін-бірі ұнатып, қоршаған ортамен, қоғаммен күреске түседі. Олар өздерінің махаббатын қорғап, көз жұмды. Ғашықтар, қазақтың Ромеосы мен Джульеттасы, халық эпосының сүйікті бейнесі. Бұл трагедияның кино нұсқасын шығаруымының бірнеше себебі болды. Біріншіден, қайта құрылған студия жұмысына қазақ көрерменінің назарын аудару керек еді, ал «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» әйгілі болғандықтан, жарнаманы қажет етпейтін. Екіншіден, менің де, әріптестерімнің де кинематографиялық тәжірибеміз болмағандықтан, спектакльді таспаға көшірудің еш қиындығы болмас деп түйдік. Сахнадағы көріністі ұлан-байтақ даламызға көшірсек болғаны... Үшіншіден, ең бастысы – қазақ кино өнері Бүкілодақтық экранға шығуы тиіс, ал ол үшін танымал поэтикалық халық аңызынан артық материал болуы мүмкін бе?!» [8, 303 б.].

Қазақ киносының классикасы ұлттық фольклорды және кәсіби әдебиетті экрандаумен әйгілі. 1960 жылдардың соңы мен 1970 жылдары М. Әуезовтің шығармалары бойынша «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек», «Қыз Жібек» жырының желісімен «Қыз Жібек», Ә. Нұрпейісовтің романы бойынша «Қан мен тер», 1980 жылдары Ә. Әлімжанов романының желісімен «Жаушы», І. Жансүгіров поэмасының желісімен «Құлагер», М. Симашконың «Жусан» повесінің желісімен «Бейбарыс сұлтан», т.б. фильмдері түсірілді.

Қазақ киносының әдебиет шығармаларына назар аударуы еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде де бәсеңдемеді. Мысалы, 1990 жылдары С. Жүнісовтің «Аманай мен Заманай» романының желісімен «Заман-ай», 2000 жылдары М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің желісімен «Күнә», Ә. Кекілбаевтың «Күйші» әңгімесінің желісімен «Кек» секілді тағы да басқа көптеген фильмдер түсіріліп, экранға шықты.

Бір сөзбен айтқанда, қазақтың экран драматургиясы ұлттық фольклор мен әдебиеттен қол үзген жоқ. Қазақ кинодраматургиясының зерттеушісі К. Смайылов «Қазақ кинодраматургиясының қалыптасуы» очеркінде сол

заманда кең таралған кеңестік кинодраматургияның даму үлгісін былай деп мысалға келтіреді: «Барлық ұлттық кинодраматургия өз дамуында үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең – ұлттық тақырыпқа арналған алғашқы сценарийлерді дайындауға орыстың кәсіпқой сценаристерінің қатысуы. Бұл, негізінен, революцияға дейінгі және одан кейінгі шақ. Екінші кезең – жергілікті жазушылар мен кинодраматургтердің келуі, шығармаларының экрандалуы; бұл, 30-шы жылдардың басы мен 40-шы жылдар. Үшінші кезең – ұлттық кинодраматургтердің толысқан шағы – 50-ші жылдар, кәсіпқой кинодраматургтер пайда болған кез» [2, 180 б.]. Дегенмен бұл тұжырым Б.Р. Нөгербектің «Қазақ көркемсуретті киносындағы экранды-фольклорлық дәстүр» («Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино») монографиясында сынға алынған. Кинотанушы былай дейді: «Аталған факторлардың (фильм тақырыбы, өндірістік база және ұлттық кадрлар) сәйкес келу, үйлесу кезеңі нағыз кино үдерісінің басталуына қолайлы жағдайлар туғызатын, «тұңғыш фильмнің», кеңірек ұғымда алсақ, Қазақстанның ұлттық кинематографиясының пайда болғанын растайтын нақты объективті-субъективті тарихи факт болып табылады деп ойлаймыз. Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, кинорежиссура тұрғысынан қазақ ұлттық киносының пайда болуын ресейлік кинематографистер түсірген «Бүлік» (1928), «Түркісіб» (1929), «Дала әндері» (1930), «Амангелді» (1938) немесе «Абай әндері» (1945) кинотуындыларымен байланыстырмай, 1953 жылы Алматы киностудиясында Шәкен Айманов қоюшы-режиссер ретінде түсірген қарапайым режиссерлік дебюттен бастаған орынды. Біздің ойымызша, осы көркемсуретті қарапайым фильм-спектакль қазақтың ұлттық кинорежиссурасы мен Қазақстанның көркемсуретті кинематографиясының бастау бұлағы» [3, 68 б.].

1960-1970 жылдардағы қазақ кинодраматургиясына ерекше назар аударған ләзім. Кинодраматургияға жас дарынды жазушылар Олжас Сүлейменов, Әкім Тарази, Қалихан Ысқақовтардың, т.б. келуі ұлттық кинорежиссура мен кинематографты жаңа деңгейге көтерді. Мәжит Бегалиннің «Тұлпардың ізі» (сценарий авторы Әкім Тарази), «Қилы кезең» (сценарийдің экрандық үлгісінің авторы Олжас Сүлейменов), Шәкен Аймановтың «Атамекен» (сценарий авторы Олжас Сүлейменов) фильмдері ұлттық кинематографтың талай жылғы даму жолын нұсқап берді. Сценарийдің тың түрін, жаңа кейіпкерді іздеп, ескі сюжеттік желіні өзге тартысты мазмұнмен толтыру, революция тақырыбын философиялық тұрғыдан ой елегінен өткізу Қайта құру мен Жариялылық тұсында жаңарған қазақ кинематографының пайда болуына сеп болғаны анық.

1960-1970 жылдары қазақ кинодраматургиясында драма, психологиялық драма, лирикалық кино жанрлары кең дамыды. Символика, астарлы ой, баяндаудың баяу ырғағы сияқты көркемдік тәсілдер жиі қолданылды. Бұл режиссер мен сценаристің бірлескен шығармашылық ізденісінің нәтижесі болды.

Қорыта айтқанда, 1960-1970 жылдардағы қазақ кинодраматургиясы ұлттық кино өнерінің алтын қорын қалыптастырған кезең ретінде бағаланады. Бұл дәуірде жазылған сценарийлер қазақ қоғамының рухани болмысын, адам тағдырын терең әрі шынайы бейнелей алды. Аталған кезеңнің кинодраматур-

гиясы кейінгі ұрпаққа көркемдік дәстүр мен кәсіби үлгі болып қалды. Осы жылдары жарыққа шыққан фильмдер қазақ киносының алтын қорынан орын алды.

Әдебиеттер:

1. Сиранов К. Киноискусство Советского Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1966. – 399 с.
2. Смаилов К. Становление казахской кинодраматургии // Очерки истории казахского кино. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 270 с.
3. Ногербек Б. Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. – Алматы: RUAN, 2008. – 375 с.
4. Кино Казахстана. Киносправочник / Составитель Т.К. Смаилова. – Алматы: Жибек жолы, 2000. – 394 с.
5. Ауэзов М.О. Особенности развития литератур социалистических наций
6. / Собр. соч. в 20-ти томах. – Т. 19. – Алматы: Жазушы, 1985. – 494 с.
7. Канудо Р. Манифест семи искусств // Из истории французской киномысли. Немое кино. 1911-1913 гг. – Москва: Искусство. 1988. – 314 с.
8. Гусев В.Е. Эстетика фольклора. – Ленинград: Наука, 1967. – 319 с.
9. Айманов Ш.К. О себе, о своем творчестве / Топжарған. Ш. Аймановтың 100 жылдығына арналған жинақ / Құраст. Т. Смаилова. – Алматы: Паритет, 2014. – 398 с.

Sagyndyk Nazgul,

Mukusheva Nazira

FILMS BASED ON EPIC POEMS AND FOLK LEGENDS ARE AN IMPORTANT TOOL FOR CONVEYING THE NATIONAL IDEA

Сағындық Н.,

Мұқышева Н.Р., өнертану кандидаты, профессор

ЖЫР-ДАСТАНДАР НЕГІЗІНДЕ ТҮСІРІЛГЕН ФИЛЬМДЕР – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫ ЖЕТКІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ

Жыр-дастандар – қазақ халқының рухани кодын, ұлттық мінезін, өмірлік философиясын жинақтаған кешенді мәдени құбылыс. Ал кино өнері – осы рухани мұраны заманауи формада қайта ұсынып, көрермен санасына жаңа интерпретациямен жеткізетін көркемдік құрал. Қазақ киносы ХХ ғасырдың ортасынан бастап эпикалық дүниетанымға, батырлық жырлары мен лиро-эпикалық дастандарға жиі назар аударып келе жатқанын ескерсек, бұл тақырыптың теориялық қана емес, практикалық маңызы да зор екеніне көзіміз жетеді.

Жыр-дастандарда көрініс тапқан батырлық, махаббат, ерлік, рухани тазалық, әділеттілік секілді идеялар кино тіліне табиғи түрде еніп, ұлттық фильмдердің драматургиялық құрылымын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. «Қыз Жібек», «Батыр Баян», «Махамбет» сияқты фильмдерде жыр-дастандар сюжетінің негізгі желісі сақтала отырып, киноның заңдылықтарына сәйкес жаңа көркемдік шешім ұсынылады. Бұл процесс бір жағынан дәстүрлі мәдениеттің жаңа медиалық ортада қайта жандануына

ықпал етсе, екінші жағынан қазақ киносының өзіндік ерекшелігі бар тың көркемдік бағытын айқындауға мүмкіндік береді. Жыр-дастан поэтикасының кинодраматургиядағы қызметін анықтауда ұлттық кино эстетикасын, көркемдік стилін, кейіпкерлер жүйесі мен оқиға динамикасын талдау өте маңызды. Қазіргі әлемдік кино саласындағы тенденциялар ұлттық тамырдан алыстамау, мәдени кодты жаңғырту, дәстүр мен модерн синтезін табу мәселесіне үлкен назар аударуда. Қазақ киносының да бұл бағытта өзіндік орны бар. Жыр-дастандарға сүйенген фильмдер ұлттық болмысты эстетикалық деңгейде танытуымен ғана емес, тарихи жадты сақтаушы медиалық құрал ретінде де ерекшеленеді. Сондықтан эпостық мұраның кинематографтағы драматургиялық мүмкіндіктерін ашу – жалпы ұлттық өнер мен мәдениеттегі процестерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Кинематография үдерісін талдау арқылы эпостық дәстүрдің экрандағы көрінісі, кейіпкерлердің психологиясы, тартыстың дамуы, ұлттық идеяның берілу жолдары жан-жақты айқындалады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ киносының көркемдік бағыттарын саралауға, эпикалық туындыларға негізделген фильмдердің мәдени және идеологиялық ықпалын бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақ көркемсуретті фильмдеріндегі жыр-дастандардың драматургиялық маңызы ұлттық кино өнерінің қалыптасу және даму тарихымен тікелей байланысты. Қазақ эпосы – ғасырлар бойы қалыптасқан поэтикалық жүйе, ұлттық ойлау формасы, халықтың эстетикалық санасын бейнелейтін рухани қазына. Сондықтан кинематографтың алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ режиссерлер эпостық мұраның көркемдік қуатын фильм драматургиясын байыту үшін белсенді қолданды. Эпостың құрылымдық ерекшеліктері, батыр бейнесінің идеяландырылуы, махаббат пен ерлік тақырыптарының синтезі кинодраматургияда табиғи түрде үйлесіп, фильмдердің идеялық-композициялық тұтастығын қалыптастыруда жетекші рөл атқарды.

Режиссер Сұлтан Қожықовтың қазақ киносының «алтын қорына» енген «Қыз Жібек» (1970) фильмі – жыр-дастанның кино тіліне көшірілуінің ең көрнекті үлгілерінің бірі. «Жылдар өткен сайын құндылығы артып отырған бұл фильмнің ерекшелігі оның ұлттық мазмұн тереңдігінде деп бағалау керек. Ал бұл тереңдік кино тілінің сипатымен келетін бірқатар суреттеу әдістері арқылы қамтамасыз етілген», - дейді кинотанушы Гүлжан Наурызбекова [1, 182 б.]. Фильмде эпикалық баяндау мен кинематографиялық шешімдердің үндесуі арқылы лиро-эпостың негізгі драматургиялық желісі сақталған. Төлеген мен Жібектің бір-біріне деген сүйіспеншілігі, Бекежанның қас-қағым сәтте көрінетін трагедиялық табиғаты, авторлық поэтика мен ұлттық әуеннің үйлесуі эпостық мазмұнды көрерменге жаңа эстетикалық деңгейде ұсынды. «Фольклорлық шығарма желісімен түсірілген кинотуындылардың аса терең де астарлы мазмұнына ұлттық санасіз ерекшеліктеріне орай тарихи деректерден хабары бар көрермен ғана бойлай алады. Салт-дәстүр – сананың көрінісі. Халық ауыз әдебиетінің шұрайлы үлгілері арқылы көркемдік қасиетін сақтаған эпостық жырлардың экрандық шығарма арқылы қайта жандануы «Қыз Жібек» фильмі арқылы дәлелденді» [1, 185 б.]. Жырдағы баяндау кеңістігі кино тілінде бейнелі кадрлар, түс реңктері, музыкалық партитура, монтаж ырғағы арқылы қайта

құрылып, фильмнің драматургиялық динамикасын күшейтті. Сонымен қатар жыр-дастандардың поэтикалық тілі фильмдердің стилистикалық ерекшелігін айқындауда үлкен рөл атқарады. «Поэтикалық формулалар, халықтық сөз орамдары, нақыл сөздер фильмдердегі диалогтарға енгізіліп, ұлттық сөйлеу мәдениетін экранда сақтауға мүмкіндік береді» [2, 51 б.]. «Қыз Жібек» фильміндегі ақын-билер бейнесі эпостық поэтиканың қалыбын бұзбай, көркем фильмге ұлттық бояу береді.

Режиссер, продюсер Сламбек Тәуекел қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастаны негізінде 1993 жылы «Батыр Баян» атты алғашқы көркемсуретті фильмін түсірді. Батырлық жыр-дастан негізінде түсірілген фильмнің эстетикалық мән-мағынасын талдауда, М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» жыры туралы жазылған зерттеу жұмыстарына үңілдік. «Мағжанның поэмаларының шоқтығы биігі – «Батыр Баян» поэмасы. Негізгі идеясы – отаншылдық, елін сүю және «жатқа ұрпақ берменіз!» деген бабалар өсиеті.

Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге?

Тобына көк бөрідей кірдім неге?

Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды

Садақтан жүрегінен тартып кетпей,

Жыландай бауырыма сап келдім неге? – деп зарланады, Батыр Баян қызғаныш пен ашудан өз бауыры Ноянды өлтіріп алған соң. Ал шығарманың басты мұраты, сезімшілдік жастық махаббатты дәріптеуден аулақ, ол жанып тұрған шоқтай ыстық патриоттық сезімін ояту» [3, 102 б.]. Батыр Баянның інісінің бөтен елге аттанғаны Отанын сатқанмен теңестіріледі. Кейіпкердің бұл ішкі жан тебіренісі фильмде төмендегі жыр шумақтары арқылы беріледі:

Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... өлтірдім бе?

Інімді алты алаштың намысы үшін?!

Інісі Ер Баянның жасық Ноян

Атадан азып туған дер болар ма?

Құп болса бір қыз үшін балдырғаны,

Алашқа бұдан да ауыр шер болар ма?

Осылайша, эпостық шығармаларда көрініс тапқан ерлік, намыс, адалдық, отансүйгіштік сияқты құндылықтар кинода жаңа драматургиялық формада көрініп, тарихи жадты жаңғыртудың медиалық тәсіліне айналды. Осы арқылы фильмдер тек өнер туындысы ғана емес, мәдени-идеологиялық феномен ретінде қалыптасты.

Сламбек Тәуекелдің тағы бір «Махамбет» атты фильмі де нақты тарихи кезеңге негізделген тың дүние. Тарихи-биографиялық (екі сериялы) «Махамбет» көркемсуретті фильмінің драмалық тартысы отаршыл озбырлық, әлеуметтік ортада өріс алған әділетсіздіктер, тұлғалар арасындағы қайшылықтар арқылы беріліп, хас батырлық пен ақиық ақындық тағдырдың бұлғақты, бұралаң жолын көрсетеді. Фильмде халық қолбасшысы Исатай, ақын әрі батыр Махамбет және саяси қайраткер Жәңгір хан арасындағы достықтың дұшпандыққа ұласып, соңы қан төгіспен аяқталғаны көрсетіледі. Сонымен бірге басты кейіпкер Махамбеттің бейнесі арқылы қазақ халқының тұрмыс тіршілігі мен материалдық жағдайынан хабардар боламыз. Махамбет – халықтың дана ақыны, еліне қорған болған батыры. Фильмде Жәңгір

ханның озбыр саясатының кесірінен халықтың ашаршылыққа ұшырап, салық төлеудің зардаптарын шеккенін көреміз. Жәңгірдің Махамбет пен Исатайға деген көңілі ақ, елдің іргесін түзеу секілді мақсаты айқын, талабы зор көрінгенімен, іштей сан құбылады.

Фильмде Исатайдың жаралануы «аттың ақсап жерге құлауымен теңестірілсе, Махамбеттің өкініші мен ашу-ызасы «Мұнар күн» әні арқылы көрсетіледі. Жәңгірдің алдына келген ат үстінде отырған Махамбеттің:

«Хан емессің қасқырсың,
Қас албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емессің ылаңсың,
қара шұбар жылансың.
Хан емессің аярсың,

айыр құйрық шаянсың!» - деген сөздері Жәңгірді жерге қаратады. Бұл жерде де Махамбет Өтемісұлының жыр шумақтарының фильмге терең мазмұн беріп тұрғанын байқаймыз. «Жыр-дастандарда көрініс тапқан ұлттық идеялар – ел бірлігі, ерлік рухы, отансүйгіштік, моральдық тазалық – фильмдерде жаңа формада қайта жанданып, қазіргі көрерменге тәлімдік мәнімен жетеді» [4, 207 б.]. Бұл құбылыс қазақ киносының тәрбиелік, әлеуметтік және рухани ықпалын арттырады. Демек жыр-дастандардың кинодағы драматургиялық рөлі тек көркемдік функциямен шектелмей, ұлттық болмысты сақтаудың медиалық құралы қызметін де атқарады.

Сондай-ақ, көркем фильм сол кездегі саяси мәселелер шеңберінде қалмай, Махамбет пен Аяғаным сұлудың шынайы да, қайғылы махаббаты туралы сыр шертіп, елдің салт-дәстүріне тән түрлі ғұрыптық бояуларды молынан суреттейді. Қазақ елінің батыры, күйші-ақыны Махамбеттің бейнесін экранға әкелу оңай емес екені анық. «Махамбет» – 1836-1838 жылдардағы Махамбет пен Исатай бастаған билікке қарсы тарихи көтерілістер жайлы түсірілген алғашқы фильмдердің бірі. Фильмде жыр-дастан драматургиясын кино тілінде жаңғыртудың түрлі тәсілдері көрініс тапты. Батыр бейнесінің көркем моделін жасау барысында режиссер эпикалық стереотиптерді сақтай отырып, заманауи кейіпкерлер психологиясын қоса дамытты. Кейіпкерлердің эмоциялық спектрі кеңейді, қарама-қайшылыққа толы ішкі тартысы тереңдей түсті, бұл өз кезегінде кейіпкер бейнесін көрерменге жаңаша қабылдауға мүмкіндік берді. Эпикалық кеңістік – жорық, шайқас, дала пейзаждары – фильмнің визуалдық поэтикасында ерекше орын алды. Табиғаттың кең тынысы, ұлттық болмысқа тән хроматикалық палитра драматургиялық сезімді күшейтетін элементтер ретінде пайдаланылды.

Жыр-дастандардың фильм драматургиясындағы басты қызметтерінің бірі – тартысты (конфликт) құру. «Батыр Баянда» ел қорғау тақырыбы, «Қыз Жібекте» махаббат пен кек арасындағы қарама-қайшылық, «Махамбетте» зұлымдыққа қарсы күрес драмалық желіні тереңдетіп, сюжет дамуының логикасын анықтайды. Жыр-дастандардағы оқиға желісі кино тіліне бейімделгенде тартыс (конфликт) композицияның негізгі тірегіне айналып, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты шиеленістіретін драматургиялық

қызметін атқарады. Осы орайда жыр-дастандар негізінде түсірілген фильмдер ұлттық идеяны жеткізудің маңызды құралы деуге толықтай негіз бар.

Қорыта айтқанда, жыр-дастандар қазақ көркемсуретті фильмдерінің драматургиялық құрылымын байытатын, көркемдік идеяны тереңдететін, ұлттық болмысты танытатын іргелі әрі әмбебап негіз болып отыр. Эпикалық дәстүр мен кино тілінің үйлесуі қазақ киноөнерінің өзіндік эстетикалық әлемін қалыптастыруға ықпал етіп, ұлттық киноның әлемдік кеңістікте даралануына жол ашты.

Қазақ көркемсуретті фильмдеріндегі жыр-дастандардың драматургиялық маңызы – ұлттық кино өнерінің көркемдік, идеялық және мәдени болмысын айқындайтын күрделі әрі кешенді құбылыс. Жыр-дастандар – ғасырлар бойы халқымыздың дүниетанымын, арман-мұратын, адамгершілік құндылықтарын жинақтаған бірегей эпикалық мұра. Бұл мұраның кинематографияға енуі ұлттық киноның табиғи логикалық жалғасы ретінде қалыптасып, фильмдердің көркемдік әлемін жаңа деңгейге көтерді. Жыр-дастандар дәстүрі мен кино тілінің тоғысуы ұлттық өнердегі синтездік процестің көрінісі ғана емес, ұлттық рухани кодтың заманауи медиакеңістікте қайта жаңғыруының көркем формасы ретінде танылды. «Қыз Жібек», «Батыр Баян», «Махамбет» сияқты фильмдер жыр-дастандардың тек сюжет, кейіпкерлер бейнесі тұрғысынан ғана емес, тақырыбы мен идеясының ашылуында драматургиялық маңызы зор екенін дәлелдейді. Бұл фильмдерде жыр-дастандардың негізгі поэтикалық элементтері өзгере отырып, кино заңдылықтарына бейімделді. Сонымен қатар эпикалық кеңістік визуалдық тілмен қайта құрылып, ұлттық киноға тән эстетикалық реңк, ерекше көркемдік ырғақ және эмоционалдық қуат қалыптасты. Дәл осы ерекшеліктері қазақ киносының өзіндік стилін айқындауға ықпал етті.

Жыр-дастандар кино драматургиясында ең алдымен сюжеттік негіз қызметін атқарады. Ол шығармалардағы ерлік, махаббат, кек, ел қорғау, әділет үшін күрес мотивтері кинематограф үшін дайын драматургиялық материал екені анық. Бірақ кинода бұл элементтер тек қайталанып қоймайды, режиссерлік интерпретация, сценаристік шешімдер арқылы жаңа мәнге ие болып, көрерменге жыр-дастандарды жаңаша қабылдау мүмкіндігін ұсынады. Сонымен қатар эпикалық кейіпкерлердің мінездік ерекшеліктерін экран бейнесінің психологиялық табиғатымен үйлестіру ұлттық кино ғылымы үшін маңызды бағыттардың біріне айналды.

Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды тұжырым – жыр-дастандардың кинематографияға көшірілуі ұлттық мәдениеттің заман талабына бейімделуін қамтамасыз ететін тиімді механизм екендігі. Кино режиссерлері эпикалық материалды пайдалана отырып, оны заманауи көрермен психологиясына сәйкестендіреді, жаңа мағыналық екпін жасайды, визуалдық кодтарды жаңартады. Осылайша дәстүрлі жыр мәдениеті экран өнерінде жаңаша мәнге ие болып, мәдени сабақтастық үдерісін сақтайды. Қазақ көркемсуретті фильмдеріндегі жыр-дастандардың драматургиялық маңызы – ұлттық кино эстетикасын байытатын, көркемдік пен идеялық тереңдікті қамтамасыз ететін, тарихи жад пен ұлттық рухты жаңғыртатын маңызды көркемдік құбылыс. Эпикалық мұра мен кинематографтың синтезі

қазақ киносының шығармашылық әлеуетін күшейтіп, қазақ халқының рухани болмысын әлемдік деңгейде танытуға зор үлес қосып келеді.

Әдебиеттер:

1. Нөгербек Б.Р., Наурызбекова Г.К., Мұқышева Н.Р. Қазақ киносының тарихы. Оқулық. – Алматы: Издат Маркет, 2005. – 289 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
3. Мағжан әлемі: әдеби зерттеулер / Құраст.: Ж. Сүлейменов. – Алматы: Асыл кітап, 2009. – 496 б.
4. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. – Алматы: Ғылым, 2001. – 280 б.

Duisengaziyev Bakytzhan, Tapenov Daulet
**PROFESSIONAL MUSICIANS OF THE AKMOLA REGION:
A REVIEW OF KUISHI-COMPOSERS**

Дүйсенғазиев Б.Б.,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Тাপенов Д.Т., философия докторы (PhD)

**АҚМОЛА ӨҢІРІНІҢ КӘСІБИ МУЗЫКА МАЙТАЛМАНДАРЫ:
КҮЙШІ-КОМПОЗИТОРЛАРЫНА ШОЛУ**

Еліміздің қай өлкесін алсақта, ұлттық өнермен білім және ғылымның айтулы өкілдерін дүниеге әкелген құнарлы топырақты алқаптары бар. Мысалға алатын болсақ, Павлодардың Баянаулы, Алматы облысының Нарынқолы мен Жамбыл ауданы, Семейдің Жидебайы, қазіргі Қостанай облысының Торғай даласы, Қарағандының Қарқаралы сияқты ауданы және т.с. жерлері бар. Қорғалжын өңірі де Ақмола облысының сондай өңірі десек, артық айтқанымыз емес. Оның дәлелі айтыскер ақын Құлтуманы айтпағанның өзінде кешегі әншілер Мәриям Жагорқызы, Үлебай Анетұлы, кеңестік кезеңнің тамаша өнер тарландары: әншілер Қосымжан Бабақов, Рабиға Есімжанованың есімдерін еске алсақ та жетіп жатыр. Жалпы Ақмола өңірінде соның ішінде Қорғалжын жерінде әншілік өнермен қатар күйшілік өнерде заманында өзінше дамыды десек, артық айтқанымыз болмас. Атап айтсақ: қобызшы Дәулет Мықтыбаев, күйші-композитор Кенжебек Күмісбеков, педагог-ұстаз Сайлау Боранбайұлы. Бүгінгі тоқталатын тақырыбызда осы өнерпаздардың ғұмырнамасы мен шығармашылығына шолу болмақ.

Мақаламыздың беташарын тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әбсемет ағамыздың «Егемен Қазақстан» газетіне берген «Қобызды тірілткен тұлға» атты мақаласында [2]:

«Ақмола өңірі, Қорғалжын жері – ХХ ғасырдың басында Алаш азаматтарының бас қосқан жері болды. «Бұл өңір – Түркістан автономиясын құрысқан Мұстафа Шоқаймен бірге «Бірлік туы» газетін шығарысқан Алаш қайраткері Хайретдин Болғанбайдың ауылы. Көнекөз қариялардың айтуы бойынша Қорғалжын басында Міржақып Дулатұлының басқаруымен бірнеше Алаш басқосуы өтті деседі. Жиынға Мағжан Жұмабай, Мырзағазы Есболұлы, Асхат Сейдалин, Ахмет Бірімжанұлы, Кәрім Тоқтабаев, Сейдәзім Қадырбайұлы, Телжан Шонанұлы, Сейілбек Жанайдарұлы, Сыздық Мешінбайұлы, Қосымжан Бабақұлы сынды тұлғалар болыпты.»- деп жазады [2].

Сонымен қатар ғалым ағамыз: «Алаш зиялылары Хайретдин Болғанбайдың туысы Әулік бидің үйіне түстенеді. Мал шалынып, ауыл ақсақалдары мен өнерпаздары жиналады. Әсіресе Ақмоламен Атбасардан келген әнші-күйшілер өз өнерімен халықты тәнті еткен. Сол жиында Дәулет

Мыктыбаевтың әкесі Әуіптің Қойлыбайдың қобызы туралы тебіреніп айтқан әңгімесінен кейін, әсер алған Мағжан ақын өзінің «Қойлыбайдың қобызы» атты поэмасын жазған.»- деп Мағжан ақынның шығармашылығымен қатар Дәулет Мыктыбаевтың әкесі Әуіп ақсақалдың әңгімесінің поэмаға арқау болғанына тоқталып өткен. [2]

Және де Жақаң – Міржақып Дулатұлының Дәулет Мыктыбаевқа арнап жазған батасында ел ақсақалдарының аузынан жазып алып, мақаласына қосқаны бізді қуантады.

«Қорғалжындағы Алаш азаматтарымен болған кездесуден кейін, қонақтар 15 жасар Дәулетті Атбасарға дейін өздерімен бірге ертіп, Алаштың тұлғаларына қызмет көрсетеді. Дәулет Әуіпқұлына риза болған Міржақып Дулатұлы алғыс ретінде мына өлең шумақтарын арнап, батасын бергені туралы»:

«Талай елді аралап,
Талай жерді саралап,
Біз келеміз бұл күнде,
Елге үлгі шашқандай,
Дұшпанның көңілін басқандай,
Айбарлы едік ол күнде.
Толықсыған заманға,
Қаратылған амалға,
Елден ауып көшкен соң,
Ұшырап сапар шеккен соң,
Не демес көк ми надандар?
Серпіліп тұман ашылар,
Қамыққан көңіл басылар,
Бейнетті қанша көрсемде,
Іздеймін жолын Алаштың,
Дұшпанменен таластым.

Бермейміз елді қорлыққа,
Көнбейміз бекер зорлыққа,
Соны көктеу түрі бар.
Шырағым Дәулет, сен-дағы,
Біздің жолға ер-дағы,
Талаптың мін тұлпарын.
Саған болсын бұл нұсқа,
Бұл нұсқаны берік ұста,
Алғырдан туған сұңқарым.
Түзелмес заман жайланып,
Басқа дәурен айналып,
Сонда бізге ерерсің,
Не қызықты көрерсің,
Кешеден бері қызмет,
Еткеніне рақымет,
Қайырлы болсын талабың!»

Қорғалжынның тағы бір талантты тумасы Кенжебек Күмісбеков өзінің өнер дейтін киелі жолға түсуіне себепкер болған дәулескер күйші, қобызшы Дәулет Мыктыбаевтың орындаған шығармаларымен қатар әнші Рабиға Есімжанова екенін айта келіп, көзі тірісінде:

«Рабиға Есімжанова маған туыс болып келеді. Бір елдің адамымыз. Мен Рабиға апаға еліктеп әнші болуды армандағанмын. Бұл кісі Ақмола облысы Қорғалжын ауданынан еді. Атақты Бабақтың балалары Қосымжан, Есімжан, Досымжан, Сейітжан, Есімжаннан Рабиға. Сондай-ақ Бабақтың Гүлжәмила, Бижан, Бағира, Қанипа деген қыздары да өнерлі болыпты.

Рабиға – Есімжанның тұңғыш қызы. Міне, бұл кісілер қазақ әнінің эталоны десе де болғандай. Кезінде Қосымжан Бабақовты Ахмет Жұбанов «Қазақ әнінің энциклопедиясы» деп бекер айтпаған. Өйткені Қосымжанның ән салуында Ақан сері мен Біржан салдың, Жаяу Мұса мен Үкілі Ыбырайдың ән орындаушылық шеберлігі бар.» – деп еске алған екен композитор ағамыз.

Құнарлы Қорғалжын топырағынан нәр алып, сол елдің ақындары мен әншілерінің әңгімесін естіп, Қосымжан Бабақов сынды ән сырын білетін, көкірегі ояу ақсақалдың әнін тыңдап, батасын алған, бір жағынан аталас болып келетін жас дарын, халқымызға көркем шығармаларымен күй-

поэмасымен, тамаша әндерімен белгілі болған Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор Кенжебек Күмісбеков жайлы интернет желісінен, газет-журнал беттерінен іздесең де көп мағлұмат таба алмайсың.

Бәрі бетінен қалқып қана «иә, ондай композитор болған, мынандай шығармалары бар» деп айта салады. Ал енді хас шебердің жанына үңіліп, ол кісінің өткен өмірін, өнерге келуі жайлы егжей-тегжейлі сырын ашатын адам табыла ма?

Белгілі журналист «Қазақ радиосының» ардагері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының лауреаты Алтын Иманбаева ханымның Әдебиет порталында жариялаған «Мөлдір әлем иесі» атты Кенжебек Күмісбековке арнаған мақаласында [3]:

«Өзіміз Қазақ радиосының әуе толқынынан шығармаларын тоқтаусыз тыңдаған, халқымыздың сүйікті композиторы Кенжебек Күмісбеков жайлы кейінгі жастар біле ме? Кеткен соң көңілден кетіп, торқалы тойлары атаусыз қалып жатқан қаншама өнерге еңбегі сіңген дарындар бар. Олар жайлы кімдер мәселе қозғамақ?

Міне, шығармаларынан жусанның иісі, даланың саумал самалы, көгөрай шалғын жазира дала мен ақ қайыңды өлкенің сұлу табиғаты, бабалар үнімен ата-ананың тәрбиесі, өмірге, елге, жерге, халқымыздың тарихына деген махаббаты сезіліп тұратын Кенжебек Күмісбековтың шығармалары қандай әсерлі еді...» деп тоқталады.

Біз сөз еткелі отырған Кенжебек ағамыздың болмысын ашып, халқымызға жеткізу жайында егжей-тежейлі баяндап береді:

«Кенжебек Күмісбеков 1927 жылы 23 ақпанда Ақмола облысы, Қорғалжың ауданы, Құмкөл ауылында дүниеге келген. Кенжебекке киелі өнер ана сүтімен, әке қанымен бойына дарыған екен. Ол кісінің әкесі де, анасы да дарынды адамдар болған. Әнші, домбырашы болған. Әкесі ерте көз жұмған соң анасы екінші рет Илияс Әубәкіров деген азаматқа күйеуге шығыпты. Өгей әкесі де әнді шебер орындайтын жан екен. Заманында Үкілі Ыбырай, Жарылғапберді, Балуан Шолақ, Ғазиздермен бірге Қоянды жәрмеңкесінде өнер жарыстырған сол өңірге белгілі жан екен. Илияс халықтың ән-күйін жетік білген, серілік құрған жан еді. Кенжебек екінші әкесінен өнерді көп үйренді. 1934 жылы Алматыда өткен өнер байқауында күй сайысынан Дина Нұрпейісовадан кейін екінші орын алған да осы кісі еді. Құлағында жатталып қалған небір ән-күйлер, елдегі әнші-күйшілер Қосымжан Бабақов. Рабиға Есімжанова және т.б.» [3] деп Кенжебек ағамыздың өскен ортасы туралы ақпаратпен бөліскен.

Және де заманында Кенжебек ағамыздың дауысының да жақсы болған, Алматы консерваториясына алғаш келгенінде әнші болсам деген үмітін, арманында жазады [3]:

«Консерваторияның сол уақыттағы деканы болған академик Ахмет Жұбанов: «Сен менің іздеп жүрген балам екенсің» деп оқуға түсірген. Қысқа жіп күрмеуге жетпей жатқан кез болса керек, Кенжебек анасы ауылда жалғыз болған соң елге кетіп қалып, сол жерден оны әскерге алып кетеді. Әскерде Өскемендегі Бұқтырма электростанциясын салуға жібереді. Сонда жүріп, қара

суықта жұмыс істеп, өкпесіне суық тигізіп алады. Ауруына қарамай Ахмет Жұбанов Кенжебекті іздестіріп, әскерден босатып алып, қайта консерваторияға оқуға алдыртады.

Кенжебек атамыздың композиторлыққа қалай бет бұрғаны жөнінде: «Бірде композитор Мұқан Төлебаевқа Абайдың сөзіне жазылған «Қалқамай мен үндемей жүремін көп» атты тырнақалды романсын тыңдатқанда ол кісі «композитор болу үшін композиторлар дайындайтын факультетті оқуың керек» деп кеңес берді. Консерваторияға екінші рет түсіп, композиция мамандығы бойынша Евгений Брусиловскийдің шәкірті атанады.

Кенжебек Күмісбеков композитор Евгений Брусиловскийдің тәлім-тәрбиесінен шығармашылықтың сырын ұқты, өзі де тың туындыларды радио арқылы тыңдаушыға ұсына бастады.» Осы жайлы бір естелігінде:

«Жан-дүниенді қозғап, талай түнді атырып шығарған шығармаң сәтті шыққанда ерекше қуанып, жаның жадырайды. Өйткені жаңа туынды өзіңнің ішіңнен шыққан балаң тәрізді. «Шіркін-ай, жақсы болып шықса, халқыма ұнап жатса» деп армандамайтын композитор жоқтың қасы. Әрқайсысы құмарлықпен шығатын дүниелер» деген болатын [3]:

Кенжебек Күмісбековтың шығармашылығы туралы:

«Қорқыт, Әл-Фараби, Шоқан, Ілияс Жансүгіров, Ахмет Жұбанов жайлы жазған шығармалары тарихи маңызы бар сәтті туған дүниелер еді. Аңызға құрылған «Қорқыт туралы аңыз» деген поэмасы ажалдан қашқан Қорқыт жайлы. Қорқыт қобызбен күй тартып отырғанда ажал жоламайды. Күй тоқтағанда ажал жылан боп шағып өлтірген екен.

«Фараби сазы» поэмасы - ғұлама, ағартушы-ғалым, дала философы Фарабидың Араб жеріне кеткені, туған жерге деген қимастығы, оның ішкі жан күйзелісі жайлы айтылады. «Кербезім» күйінде Шоканның албырт шағы, кейін Қашқариядан ауырып келген кезі баяндалады. Бұл мажор мен минордан құрылған шебер туынды десе де болады. «Дала сыры» Ілияс Жансүгіровке арналған поэма болса, «Арман» деген шығармасы әкесіндей қамқор болған Ахмет Жұбановтың рухына арналған. Абай өлеңдерінің желісімен шыққан «Қансонарда» шығармасы қазақ жігіттерінің аңшылық өнері жайлы жазылған. Ел болған соң дарын туады. Елден дарын туу үшін елдегі музыка мәдениетін көтеру керек. Композитордың «Аманат» деген күйі осы жайлы жазылады.» Өлмейтін тек музыка екеніне тоқталған. [3]

Композитор Кенжебек Күмісбеков өмір туралы, ел, жер жайлы көбірек толғана білген композитор. Оның «Вальс», «Биіш қайың», «Еңбек салтанаты», «Ой толқыны», «Сары өзен», «Үлкен Қаратөс», «Ысқырма» күй, поэмалары қай қазақтың болсын жүрек қылын шертіп, рухын көтеретін рухани азық екені даусыз. Аспаптық музыканың ішінен «Поэма», «Сюита», симфониялық оркестрге арналған «Симфония», камералық оркестрге арналған «Айлы түн» шығармалары лирикаға толы сыршылдығымен ерекше. Ал ән жанрында Сәкен Сейфуллинның сөзіне жазылған «Сарыарқа», Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Сағынышым тек өзіңсің», Ғафу Қайырбековтың өлеңіне жазылған «Сұлу Көкше», Мариям Хакімжанованың сөзіне жазылған «Тобыл әні», Аманжол Шәмкеновтың өлеңіне жазылған «Қандай әсем туған жер», Шәміл Мұхамеджановтың өлеңіне жазылған «Менің далам», Мәдеш

Ниязбековтың өлеңіне жазылған «Жүрек сыры», Нұрсұлтан Әлімқұловтың өлеңіне жазылған «Алғашқы әнім-арманым», Кәкімбек Салықовтың өлеңіне жазылған «Аққу жеткен», «Асқақтасын алып ән», «Аққуым оралдың ба айдынына», Тұманбай Молдағалиевтың өлеңіне жазылған «Аяулы мекенім», Еркеш Ибрагимның өлеңіне жазылған «Домбырашы құрбыма» әндері Қазақ телерадио желісінен әлденеше насихатталып, халықтық әуенге айналған жағап туындылар.

Композитор халқымыздың аяулы ұлдары, көрнекті қоғам қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтар жайлы осындай бір сүбелі поэмалар жазсам деп жоспарлап жүрген. Өлі де осы тақырыптарды жеріне жеткізіп зерттеп, ғұмыры мәңгілік шығармалар жазсам деп жүргенде 70 жасында Кенжебек Күмісбеков дүниеден өтті. Артында сүйген жары, екі ұлы қалды.

Қарапайым қазақ ауылынан шығып, қазақ өнерінің шыңына шыққан белгілі композитор Кенжебек Күмісбековтың өмірі мен өнері жайлы бізге жеткен деректер осындай. [3]

Ақмола аймағындағы Қорғалжын өңірінің тағы бір перзенті Сайлау Боранбаев. Жоғарыда атап өткен тұлғалардан нәр алған, соларды өзіне ұстаз санаған жанның бірі Сайлау Боранбаев. Сайлау Боранбайұлы жайлы ақпарат берген, ҚР мәдениет және ақпарат саласының үздігі, Жазушылар одағының мүшесі Жақсыбай Самрат ағамыз өзінің «Еленбей жүрген бір есім» атты «Егемен Қазақстан» газетіне берген мақаласында, [1]:

«1930 жылы туған Сайлау Боранбайұлы анасынан ерте айрылып, әкесінің немере інісі Төлеу Нұрмағамбетовтің бауырында өседі. Жасынан өнерге бейім, қолынан домбыра мен сырнай түспеген Сайлау мектеп бітірген соң, 1950 жылы Алматы консерваториясына оқуға түседі. Мұнда ол қазақтың өнер тарландары Еркеғали Рахмадиев, Жексенбек Еркінбековпен бірге оқиды, ал жерлес ағасы Кенжебек Күмісбековпен жақын араласып тұрады. Өзі ақжарқын, салдырлаған, адал мінезді, кішіпейіл Сайлау ағайымыз кейін үлкен лауазымдар мен атақтарға қол жеткізген осындай тұлғаластарына өзі өмірден өткенше керемет сыйлы болып өткен жан.

Олардың тірілері тіпті, Сайлау Боранбайұлын күні бүгінге дейін ардақ тұтып, оның отбасын алақандарына салуға бар. Мәселен, Еркеғали Рахмадиев Сайлау атамыздың жары Мақшұра апайды Астанаға көшіп келген бойында өзі іздеп тауып алыпты. Ал апайымыз әлі күнге, туыстары бола тұра, Алматыға бір барғанда Күмісбектің, келесі барғанда Жексенбектің үйіне түседі екен. Қолдары биік лауазымдар мен атақтарға жеткен азаматтардың алдында соншалықты бағалы болғандығының өзі ғана Сайлау атамыздың адамгершілік қасиетінің көп қырынан хабар берсе керек.

Сайлау Боранбаев консерватория бітіріп, жолдастарының Алматыға қал дегеніне қарамай, елге келіп қызмет етіп, өнер отын жағамын деп 1955 жылы Ақмолаға келгенде тың игерушілердің қаланы емін-еркін жайлап алған кезі болатын. Құрманғазы оркестрі сияқты ортаны көріп, оның сапында ойнап, өнердің қайнаған ортасынан келген жан Ақмолаға келгенде домбыраның сұранысқа ие болмағанына қайран қалады. Содан... Жергілікті басшылармен жағаласып, айтысып-тартыса жүріп, қаладағы Киров атындағы мектептің

жертөлесінде музыка мектебін аштыруға қол жеткізеді. Онда алдымен сольфеджио, фортепианодан сабақ беріп, артынан домбыра класын да ашқызады. Өзі құрған оқушылар оркестрі сыртқа танылып, үлкен жиындарға арналған концерттерде бір нөмір, кейде екі нөмір орындауға қол жеткізетін болғанда қазақ басшыларына танымал болып алады. Солардың алдына талмай кіре жүріп, ақыры пединституттың филфагынан музыка бөлімін ашқызады. Оларға студент жинау үшін Ақмола ауылдарын ғана емес, тәу сонау, Торғай даласы, Көкшетау, Павлодар ауылдарына дейін кезіп кетеді. 1965 жылы ашылған сол музыка бөлімі ақыры Сәкеннің талмай талаптануының арқасында жеке факультет болып, бөлек шығады. Өмірден өткенінше осы факультеттің деканы болған Сайлау Боранбаев оған түсетін талантты оқушыларды ерте бастан дайындап, аудан орталықтарында да музыка мектептерін ашуға ықпал етіп, тыным алмай жүреді. Тіпті ауыл мектептерінде де домбыра оркестрінің болуын мектеп басшыларынан аттай қалайды. Оқу бітірген студенттерінің басқа кәсіпке кетпей, сондай мектептерге орналасуын да жіті қадағалап отырады. Сол Сайлау Боранбайұлы өзінің студенттеріне жасаған қамқорлығын айтсақ, бір мақалаға сыйғызу қиын. Менің алдымда оның жары Мақшұра апай жеткізген толып жатқан газет қиындылары жатыр. Онда басқа деректермен қатар Сайлау ағайдың студенттерінің көптеген алғыстары да жазылған. Ақмолалық қазақтардың бәрі Сайлау Боранбайұлының зор еңбегі мен өнерін, ұлтымыздың жастарына жасаған риясыз жанашырлығын қатты құрметтегенімен, домбыра десе тырсия қалатын жергілікті басшылық оның еңбегін лайықты бағалап, үкімет наградасына ұсынбаған. Аңқылдаған Сайлау Боранбай ондайға қарамаған, оған керегі тек қазақ өнерінің Ақмола топырағында өшпеуі ғана болатын. Ол өңірдегі халық композиторларының әндері мен күйлерін де жинақтап, «Дала әні», «Гүлденген дала» атты кітаптар шығарады. Сөйтіп, есімдері ұмытылып бара жатқан халық өнерпаздарының атын жаңғыртады. «Даланың бір әнін мәңгілікке тірілтсем – бір арманымның орындалғаны» дегенді өзі жиі айтады екен, жарықтық. Ал Алматыдан келген атағы жер жарған барлық өнер адамдары тек Сайлау Боранбаевтың үйіне түсетін. Соның ішінде жоғарыда аттары аталған тұлғалардан басқа Рабиға Есімжанова, Шамғон Қажығалиев, Гүлжиһан Ғалиева Ақмолаға келсе Сайлауды табады екен. Сәкен тіпті, «қазақ бұлбұлы» Күләш Байсейітовамен, Қанабек, Құрманбектермен де жолдас болған. Ақмолада ат байлайтын ағашымыз өзіңсің, дейді екен олар да. Сөйткен Сәкен 1978 жылы, нағыз бабында жүрген 48 жасында өмірден беймезгіл озады. Қыстыгүні көлдің үстімен келе жатқан жүк мәшинесінің ішінде екі адамның ортасында отырған тау тұлғалы жігіт ағасы мұз ойылып, мәшине батып бара жатқанда екі жағындағы адамдарды бар күшімен, жанұшыра итеріп, шығарып жібергенімен өзі үлгіре алмай, суға кетеді. Өмірінің соңғы минөттерінде де ол басқа адамдардың өмірі үшін күрескен екен...

Міне биыл Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде жыл сайын өтетін Сайлау Боранбайұлының атындағы конференцияның мерейлі 15 жылдығында артына өлмес мұра қалдырған өнерпаздарды еске алған жайымыз бар.

Әдебиеттер:

1. Жақсыбай Самрат. «Еленбей жүрген бір есім», «Егемен Қазақстан» газеті, 03.12.2010 ж.
2. Марат Әбсемет «Қобызды тірілген тұлға», «Егемен Қазақстан» газеті., 26 шілде 2024 ж.
3. Алтын Иманбаева «Мөлдір әлем несі». Әдебиет порталы, 16.09.2025 ж.

Ertalapқызу Nuraiym
Kurmangalieva Meruert
HISTORICAL EPICS OF THE NOGAI PERIOD

Ерталапқызы Н.,
Құрманғалиева М.С өнертану кандидаты, профессор
НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНДЕГІ ТАРИХИ ЖЫРЛАР

Қазақ халқының эпикалық мұрасы ішінде Ноғайлы дәуіріндегі тарихи жырлардың орны ерекше. Бұл кезеңнің жырлары халықтың елдік санасын қалыптастыруда, тарихи жадыны бекітуде және ұлттың рухани-мәдени болмысын айқындауда аса маңызды қызмет атқарған. Қазақ эпосы халықтың тарихи жады мен рухани дүниетанымын сақтаушы ауызша мәдени жүйе ретінде қалыптасқан [1]. Ауызша дәстүр арқылы жеткен бұл шығармалар қазақ қоғамының саяси құрылымын, әлеуметтік қатынастарын, дүниетанымын, батырлық идеалын айқын көрсетеді. Сондықтан Ноғайлы жырларын тек фольклорлық туынды ретінде емес, тарихи дерек көзінің ерекше түрі, этникалық бірегейлікті анықтаушы мәдени код ретінде қарастыру қажет. Ноғайлы дәуіріндегі тарихи жырлар халықтың мәдени, саяси және әлеуметтік өмірін бейнелейтін маңызды әдеби мұра болып саналады. Бұл жырлар негізінен ауыз әдебиетінде қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Олар көшпелі өмір салтының ерекшеліктерін, батырлық эпостарды, соғыстар мен келіссөздерді, сондай-ақ мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын сипаттайды. Ноғайлы дәуіріндегі тарихи жырлар Алтын Ордадан кейінгі этносаяси үдерістерді көркем түрде бейнелейтін маңызды әдеби мұра болып табылады [6]. Тарихи жырлардың құрылымы мен мазмұны көшпелі қоғамның дәстүрлі құндылықтарымен тығыз байланысты. Мысалы, жырлар батырлықты, намысты, туыстық және рулық қатынастарды дәріптейді, ол арқылы халық өз тарихын, этникалық ерекшелігін сақтаған. Ноғайлы дәуіріндегі жырларда кейіпкерлер көбіне нақты тарихи тұлғалар немесе олардың бейнеленген образдары ретінде көрінеді, бұл жырлардың тарихи деректермен байланысын күшейтеді. Эпостық дәстүрлердің негізгі формаларының бірі – ауызша орындау арқылы жеткізу.

Мұнда ән айту, музыкалық аспаптармен сүйемелдеу, қайталанатын ырғақтар мен формулалар арқылы есте сақтау әдісі қолданылады. Мұндай әдіс арқылы жырлар ұрпаққа тек ақпарат ретінде емес, сондай-ақ эмоционалды тәжірибе ретінде де жетеді. Ауызша орындау дәстүрі тарихи жырларды тек мәтін ретінде емес, сонымен қатар көркемдік және тәрбиелік құрал ретінде сақтап келген. Ноғайлы тарихи жырларының ерекшелігі

олардың құрылымдық және мазмұндық жүйесінде көрінеді. Әрбір жырдың басталуы, дамуы және аяқталуы белгілі бір логикалық құрылымға бағынады: басталуы кейіпкерлер мен оқиғаларды таныстырудан, дамуы басты қақтығыстар мен соғыстардан, ал аяқталуы моральдық немесе патриоттық ұлағатпен тұйықталады. Мұндай құрылым жырлардың есте сақталуын жеңілдетіп, оларды орындаушылар мен тыңдаушылар үшін түсінікті етеді. Сонымен қатар, тарихи жырлар Ноғай хандары мен беклербектердің ерліктерін, соғыстардағы жеңістерін, мемлекетаралық қатынастарын дәріптейтін құрал ретінде де қолданылған. Бұл жырларда соғыстар мен әскери науқандардың нақты көрінісі, әскери стратегия мен батырлардың ерлігі бейнеленген. Халықтың патриоттық сезімін ояту, тарихты ұрпаққа жеткізу мақсатында жырлар кеңінен қолданылған. Ноғайлы дәуіріндегі тарихи жырлардың басқа да маңызды функциясы – этникалық және мәдени ерекшеліктерді сақтау. Жырларда қолданылатын тіл, кейіпкерлердің мінез-құлқы, ауызша дәстүрлер мен музыкалық сүйемелдеу халықтың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Бұл жырлар арқылы Ноғай қоғамының әлеуметтік құрылымы, көшпелі өмір салты, әскери және саяси өмірі көрініс табады. Тарихи жырлар тек әдеби шығарма ретінде ғана емес, сонымен қатар этнографиялық және тарихи дерек ретінде де бағаланады. Олар Ноғайлы дәуірінің қоғамдық құрылымын, көшпелі халықтың өмір салтын, батырлық дәстүрлерін және тарихи оқиғаларды зерттеуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, Ноғайлы тарихи жырлары халықтың мәдени мұрасының маңызды бөлігін құрайды және қазіргі кезеңде де тарихи зерттеулер мен әдебиеттану пәнінде зерттелуге лайық [1].

Ноғайлы дәуірі (XIII–XVI ғғ.) — Дешті Қыпшақ кеңістігін мекендеген тайпалардың қайта құрылу, этникалық және саяси өзгерістерге ұшырау кезеңі. Алтын Орда мемлекетінің әлсіреуі нәтижесінде маңғыт ұлысы күшейіп, Еділ мен Жайық аралығындағы ірі саяси күшке айналды. Бұл кезең Орта Азия, Сібір және Ресей арасындағы геосаяси қатынастардың шиеленісуімен, жаңа мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуымен ерекшеленеді. Міне, осындай тарихи құбылыстар эпикалық шығармаларда кеңінен көрініс тауып, жырлар халықтың саяси-әлеуметтік тәжірибесінің көркем айнасына айналды. Тарихи тұлғалардың эпикалық бейнесі. Ноғайлы дәуірінің тарихи оқиғалары Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Орақ–Мамай, Қамбар сияқты кейіпкерлердің жырлық бейнесі арқылы сақталған. «Ер Едіге» жыры ноғайлы-қазақ эпикалық дәстүрінің өзегін құрайтын, тарихи тұлғаның эпикалық бейнесін сақтаған шығарма ретінде бағаланады [3] Бұл кейіпкерлер тек мифологиялық қаһармандар емес — өз дәуірінің шынайы тарихи тұлғаларының көркемденген келбеті. Жырдағы батырлар: ел қорғаны, саяси қайраткер, дипломат әрі кеңесші, қоғамдағы әділдікті орнатушы, моральдық-этикалық үлгі ретінде танылады. Мұндай батырлық концепция Ноғайлы заманындағы көшпелі қоғамның идеалдарымен толық сәйкес келеді. Жыраулық дәстүр және тарихи жырдың қоғамдық қызметі. Жыраулар институты Ноғайлы дәуірінде рухани көшбасшылықтың негізгі тетігі болғандығы анық. Жырау — тек сөз шебері емес, ол: саяси кеңесші, идеолог, тарихи жад сақтаушы, батырлық дәстүрді насихаттаушы, қоғамның рухани ритмін айқындаушы

қызметін атқарған. Жыраулар ел мүддесін жырлау арқылы қоғамдық сананы қалыптастырған, күрделі тарихи оқиғаларға баға беріп отырған. Жыршы және орындаушылық дәстүр. Тарихи жырларды халыққа жеткізуші негізгі тұлға — жыршы. Жыршы домбыра немесе қобыз аспабымен сүйемелдей отырып, жырды: белгілі бір темппен, динамикалық өрнектермен, легато, глассандо сияқты орындаушылық әдістермен, импровизация элементтерімен орындаған. Әрбір жыршы жырдың мазмұнын, образын, тарихи мәнін сақтай отырып, өз орындаушылық ерекшелігін енгізген. Тарихи жырлар қоғамдағы: елдік бірлікті сақтауға, ұлттық рухты көтеруге, жауға қарсы күрес дайындығына, батырлық мінезді тәрбиелеуге арналған идеологиялық құрал қызметін атқарды. Жырда халықтың моральдық кодексі — ерлік, намыс, адалдық, елге қызмет ету ұстанымдары көрініс тапқан. Эпикалық шығармалар нақты тарихи дерек емес, алайда халықтың тарихи санасын, өткенге деген көзқарасын бейнелейтін мәдени феномен болып табылады [7] Ноғайлы эпосының тақырыптық және көркемдік табиғаты. Жырлардың сюжеттік мазмұны Ноғайлы жырлары көбіне: жаугершілік оқиғалар, руаралық қатынастар, ел мен жерді қорғау, хандар мен батырлардың қарым-қатынасы, елдің ішкі бірлігі тақырыптарын арқау етеді [2].

Ноғайлы дәуіріндегі тарихи жырлар: орындаушылар (жырау, жыршы) және мысалдар Ноғайлы дәуіріндегі тарихи жырларда орындаушылардың рөлі ерекше маңызды. Орындаушы типтері: жырау, жыршы, сондай-ақ эпостық жыраулар ретінде бөлінеді. Түркі эпостық дәстүрінде жыршылар әдетте екі негізгі типке бөлінеді: бірі — батырлық эпостарды орындаушылар, екіншісі — лирикалық, махаббат жырларын айтушылар. Батырлық эпостарды орындаған жыраулар көбіне қобыз немесе ішекті аспап сүйемелін пайдаланған. Олар тек сөз арқылы емес, музыкалық ырғақ, дәстүрлі орындаушылық мәнер арқылы жырды эпостық орындау (epic performance) ретінде ұсынған. Ноғайлы және түркі эпостарындағы нақты мысалдар Мұрын Сенгірбайұлы және заманауи жыршылар 2020 жылы өткен «Ер Едіге – Ноғайлы дәуірінің жырлары» атты ғылыми-мәдени шарада «Қырымның қырық батыры», «Едіге», «Орақ–Мамай», «Қарасай–Қази» орындалған жырларда көрініс тапты. Бұл мысал Ноғайлы дәуірі жырларының тікелей орындаушылар арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізілгенін көрсетеді [3]. Қазақ батырлық жырлары мен тарихи орындаушылар Қазақ эпостарын орындаған жыраулар мен ақындар арасында кәсіби мәртебелер — «жырау» (zhyrau) және «ақын» (aqyn) болған. Мысалы, XIX ғасырда белгілі жырау Марабай Құлжабайұлы «Ер Тарғын» жырын қағазға түсірген. Бұл жыршы-жыраудың тек орындаушы емес, жырды сақтап, жазба формаға жеткізуші рөлін дәлелдейді. Дәстүрлі жырдың музыкалық орындаушылық сипатын зерттегенде, әр орындаушының жеке стилі, дауысы, аспаппен сүйемелдеуі, ритмдік шешімдері жырдың мазмұны мен әсерін анықтайтыны байқалады.

Орындаушылар туралы түсінік. 1. Жырау / жыршы — әлеуметтік және мәдени рөл. Ноғайлы дәуірінде жыраулар ел тарихын, батырлық эпостарды сақтап жеткізуші болған. Олар — тарих шежірешісі, орындаушы өнерпаз, мәдени және рухани ұстаз. Орындаушылық (performance) мәдениет. Жыршылар домбыра немесе қобыз сүйемелін, ырғақ, ритм, дауыс ерекшелігін

қолданып, жырды «тірілтіп» жеткізген. Сондықтан тек мәтін емес, музыкалық және орындаушылық аспектілерін зерттеу маңызды. Заманауи және тарихи орындаушылар — ғылыми дерек көзі. XX–XXI ғасырларда жырларды қағазға түсірген жыраулар, сондай-ақ XX–XXI ғасырларда халық арасында жыршы-жыраулар арқылы сақталған дастандар — тарихи жырлардың бүгінге дейінгі өмір сүру жолын көрсетеді [4]. Түркі кеңістігіндегі эпостық дәстүрмен байланыс. Ноғайлы жырлары тек жеке этносқа емес, жалпы түркі эпостық дәстүрінің бөлігі болып табылады. Басқа түркі халықтарының жыраулары мен эпостық орындаушыларының тәжірибесін салыстыра отырып, Ноғайлы жырларының типологиялық ерекшеліктері мен ортақ және айырмашылықтарын көрсетуге болады. Қосымша ескертулер және зерттеу перспективалары. Орындаушының техникалық шеберлігі, дауыстық диапазон, әсерлілік, ым-ишара, сахна мәдениеті жырдың әсерін және ұрпаққа берілуін анықтайтын негізгі факторлар. Көрнекі материал ретінде заманауи жазбалар, дыбыс жазбалары, бейнежазбалар (CD, аудиоальбомдар) зерттеуге көмектеседі.

Ноғайлы дәуіріндегі жыршылар туралы тарихи деректерді жинау, каталогтау және жүйелеу болашақ зерттеу үшін аса пайдалы [4]. Эпостағы оқиғалар нақты тарихи кезеңдермен байланысты болғандықтан, бұл жырлар «фольклорлық хроника» сипатында. Батырдың көркем образы. Ноғайлы дәуіріндегі батыр: физикалық күшімен ғана емес, парасатымен, шешендігімен, дипломатиялық қабілетімен, елге деген адалдығымен ерекшеленеді. Батырдың тұлғасы — қоғамның идеалдық моделі. Жырларда қолданылатын көркемдік тәсілдер: тұрақты эпитеттер, параллелизм, гипербола, формулалық тіркестер, символдық бейнелеу — ауызша жыр дәстүрінде мәтінді дәл сақтау механизмдерінің бірі.

Ауызша дәстүр және тарихи дерек. Ауызша тарихтың мәні. Ноғайлы жырлары — қазақтың ауызша тарихының ең бай қабаты. Жырды ғасырлар бойы жыраулар мен жыршылар: әрі орындаушы, әрі таратушы, әрі интерпретатор ретінде сақтап отырды. Ауызша деректердің ғылыми құндылығы. Бұл жырлардан тарихи: географиялық атаулар, мемлекеттік құрылымдар, батырлар шежіресі, ұлыстардың арақатынасы, әскери тактикалар, қоғамдағы әлеуметтену жүйесі туралы шынайы мәліметтер алуға болады. Сондықтан эпикалық мұра жазба деректердің толықтыра түсетін маңызды ғылыми база болып саналады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде ауызша тарих — ұрпақтан ұрпаққа үзілмей беріліп келген тарихи жадтың негізгі арналарының бірі. Өсіресе Ноғайлы дәуіріне қатысты оқиғалар сол кезеңнің жазба деректері аз сақталғандықтан, алғашқылардың бірі болып ауызша эпикалық мұралардың құрамында жеткен [5]. Ауызша дәстүр тек көркем фольклор ғана емес, қоғамның саяси құрылымы, әлеуметтік институттары, этникалық үдерістері туралы мәлімет сақтайтын күрделі тарихи феномен болып табылады.

Ноғайлы жырларының тарихи құндылығы — олардың қалыптасу кезеңіндегі саяси ахуал, көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымы, мемлекеттік басқару жүйесі, ел билеушілер мен батырлардың ролі туралы деректерді бейнелі түрде жеткізуінде. Мұндай мәліметтер кейінгі жазба шежірелермен, орыс деректерімен, парсы жылнамаларымен салыстырғанда бірқатар маңызды

тұстарды толықтырып отырады. Ноғайлы жырлары ғасырлар бойы жыраулар мен жыршылар арқылы сақталып, дамып отырған. Олар тек орындаушылар ғана емес, тарихи оқиғалардың куәгерлері әрі сол дәуірді түсіндіруші тұлғалар болған [6]. Жыраулар: халықтың тарихи жадын жинақтаушы, ру-тайпа шежіресін сақтаушы, саяси процестерге пікір білдіруші, тарихи оқиғаларға моральдық баға беруші, батырлардың есімін халық санасына бекітуші қызметтер атқарған. Олар әрбір оқиға туралы ақпаратты тек жеткізіп қана қоймай, оны жүйелеп, ұрпаққа қажет тұстарын сұрыптап, көркемдік параметрлерге сәйкес қайта өңдеген. Осылайша жыраулар ауызша тарихтың редакторлары мен интерпретаторлары қызметін атқарды. Ауызша эпикалық мұраларда тарихи ақпарат бірнеше деңгейде көрінеді:

1. Тарихи фактілердің іздері – жырларда кездесетін шайқас атаулары, жер-су атаулары, мемлекеттер арасындағы қатынастар, шапқыншылықтар бағыты, тайпалардың көші-қоны.

2. Тұлғалар туралы мәліметтер – Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Орақ-Мамай секілді тарихи кейіпкерлердің саяси қызметі, батырлық рөлі, руаралық қатынастардағы орыны.

3. Қоғамдық-саяси құрылым туралы деректер – хандық билік жүйесі, би-шешен институты, әскери ұйымдасу ерекшеліктері, ру-тайпа иерархиясы [7].

4. Әлеуметтік-мәдени нормалар – қоғамдағы тәрбие моделі, батырлық этика, ел қорғау міндеті, ұжымдық жауапкершілік, моральдық құндылықтар.

Бұл ақпарат жырдың көркем табиғатымен астасып берілгенімен, салыстырмалы талдау барысында тарихи реконструкция жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан Ноғайлы дәуірін зерттеуде эпикалық мұралар – жазба дерек тапшылығын толықтыратын негізгі тарихи база. Қазіргі фольклортану мен тарихнамада эпикалық жырларды тарихи дерек ретінде қолдану әдістемесі арнайы критерийлерге сүйенеді: оқиға өзегінің тұрақтылығы, негізгі тұлғалардың тарихи сәйкестігі, географиялық атаулардың нақтылығы, оқиғалардың басқа дереккөздермен үйлесімі, жырдың құрылымындағы уақыттық қабаттардың айқындалуы. Осы межелер арқылы зерттеушілер Ноғайлы жырларындағы фактілерді саралап, шынайы деректерді көркем элементтерден ажыратады. Бұл әдіс ауызша тарихтың ғылыми сенімділігін арттырады [7]. Ауызша дәстүр – тек өнер туындысы емес, тұтас ұлттың тарихи жады. Ноғайлы кезеңінде орын алған: этникалық бірігу, саяси ыдырау, сыртқы жаулармен қарым-қатынас, әлеуметтік институттардың қалыптасуы, мемлекетаралық байланыстар сияқты құбылыстар халық санасында дәл осы жырлар арқылы берік орныққан. Осылайша Ноғайлы эпосы – тарихи шындықтың халықтық моделі, оның ауызша сақталған «энциклопедиясы» болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Kazakh Literature and Oral Epic Tradition // Universalium Online Encyclopedia. – 2018. – URL: https://universalium.en-academic.com/274337/Kazakh_literature
2. Reichl K. Türkische Epik: Traditionen und Formen. – Tübingen: Gunter Narr Verlag, 1992. – 412 S.
3. Egemen.kz. Ер Едіге – Ноғайлы дәуірінің жырлары // Egemen Қазақстан электронды басылымы. – 2019.
4. Марғұлан Ә. Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

5. Сыздық Р. Қазақ ауыз әдебиеті тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 304 б.
6. Хасанов М. Ноғайлы дәуірі және қазақ эпосы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 214 б.
7. Қоңыратбаев Ә. Эпос және тарих. – Алматы: Ғылым, 1987. – 256 б.

Bekbusinova Aisha, Kharlamova Tatyana
**EAST KAZAKHSTAN AS A SPACE OF HISTORICAL
AND CULTURAL MEMORY**

*Бекбусинова А. Р.,
Харламова Т. В.,
кандидат искусствоведения, PhD*
**ВОСТОЧНЫЙ КАЗАХСТАН КАК
ПРОСТРАНСТВО ИСТОРИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ ПАМЯТИ**

Восточный Казахстан на протяжении длительного исторического периода играл значимую роль в культурно-историческом пространстве Евразии, что во многом обусловлено его положением на пересечении Южной Сибири, Алтая, Семиречья и Средней Азии. Данное географическое положение способствовало формированию региона как зоны интенсивных межкультурных контактов и взаимодействия различных хозяйственных и цивилизационных традиций.

Археологические материалы свидетельствуют о заселении территории Восточного Казахстана с глубокой древности, начиная с эпохи среднего палеолита. Обнаруженные стоянки древнего человека, следы горных разработок и оросительных систем указывают на раннее становление устойчивых форм хозяйственной деятельности. В бронзовом веке регион превратился в один из крупнейших центров горного дела и металлургии, что подтверждает его важное место в системе древних экономических связей Северной Азии.

С VIII века до н. э. в жизни населения региона произошли существенные изменения, связанные с переходом к кочевому образу жизни, характерному для сакских и других раннекочевых племен. В средневековый период Восточный Казахстан входил в ареал расселения кимаков и найманов, а проходившие через его территорию ответвления Великого Шелкового пути способствовали развитию торговли, ремесла и материальной культуры.

Начиная с XV века Восточный Казахстан стал частью Казахского ханства, а в XVIII-XIX веках оказался в сфере активных политических и экономических взаимодействий с Российской империей. В это время усилилось хозяйственное освоение края, получило развитие горнорудное производство, сложились крупные торговые и административные центры.

XX век ознаменовался для региона масштабными социальными потрясениями и трагическими событиями, связанными с функционированием Семипалатинского ядерного полигона.

Современный этап истории Восточного Казахстана характеризуется процессами осмысления исторического опыта и формирования региональной идентичности в условиях независимого Казахстана.

Многослойность и непрерывность исторического развития региона обуславливают его высокую научную ценность и делают перспективным объектом исследований в области истории и краеведения.

Настоящая статья носит преимущественно обзорный характер и направлена на обобщение ключевых сведений об историко-культурном и природном наследии Восточного Казахстана. Использованные данные, хронологические сведения и описания объектов основаны на материалах официальных интернет-ресурсов государственных и региональных учреждений, включая сайты библиотек, музеев, заповедников, а также краеведческие и научно-справочные порталы. В качестве источниковой базы были привлечены электронные ресурсы Восточно-Казахстанской областной библиотеки имени А. С. Пушкина, официальные сайты государственных музеев и природоохранных учреждений, а также открытые материалы научных и культурных организаций. Такой подход позволяет представить целостную картину развития региона, опираясь на проверенные и официально опубликованные данные.

Значительный вклад в изучение истории, природы и культуры Восточного Казахстана внесли краеведы и ученые, чья исследовательская деятельность сформировала основы научного знания о регионе. Уже в XVIII веке Восточный Казахстан оказался в поле внимания участников академических экспедиций. Одним из первых исследователей края был П. С. Паллас, в трудах которого содержатся подробные сведения о природных условиях Алтая и Прииртышья, а также о хозяйственном укладе и быте местного населения. Важное значение имели и исследования И. Г. Андреева, посвященные истории и этнографии казахских родов, населявших территорию Восточного Казахстана.

В XIX веке краеведческая традиция получила развитие в трудах известных путешественников и ученых-энциклопедистов, среди которых П. П. Семенов-Тянь-Шанский, Г. Н. Потанин, А. Гумбольдт, А. Брем, О. Финш, Г. Щуровский. Их исследования охватывали широкий круг вопросов – от географии и геологии до этнографии и культурных связей народов региона, способствуя включению Восточного Казахстана в общеевропейский научный контекст.

Особое место в развитии краеведения занимают работы исследователей конца XIX - начала XX века, связанных с Семипалатинском и Усть-Каменогорском. Существенный вклад в изучение истории и культуры края внесли Г. Спасский, Н. М. Ядринцев, Н. Коншин, а также Е. П. Михаэлис – ученый и общественный деятель, сыгравший важную роль в формировании интеллектуальной среды региона и развитии местных научных инициатив.

Таким образом, деятельность краеведов Восточного Казахстана – от академических исследователей XVIII века до локальных историков конца XIX-XX веков обеспечила накопление и сохранение уникального исторического материала. Их труды остаются фундаментальной источниковой базой для современных исследований и позволяют рассматривать историю региона как целостный и многослойный процесс развития.

Краеведческие исследования Восточного Казахстана сыграли важную роль не только в изучении историко-культурного развития региона, но и в осмыслении его природного наследия. В трудах исследователей неоднократно подчеркивалась тесная связь истории края с его природной средой и ланд-

шафтным разнообразием. Именно накопленные краеведами знания способствовали формированию научного интереса к сохранению уникальных природных комплексов Восточного Казахстана и стали основой для создания системы особо охраняемых природных территорий.

Восточно-Казахстанская область обладает развитой системой особо охраняемых природных территорий, предназначенных для сохранения уникальных экосистем Алтая и сопредельных регионов. Одним из наиболее значимых объектов является Катон-Карагайский государственный национальный природный парк, образованный в 2001 году на территории Катон-Карагайского района. Его площадь превышает 643 тысячи гектаров, что делает парк крупнейшим национальным парком Республики Казахстан. Территория парка охватывает широкий спектр природных ландшафтов – от горно-таежных лесов и альпийских лугов до ледниковых долин и речных систем. Включение парка в структуру трансграничного биосферного резервата «Большой Алтай» в 2017 году, а также его признание объектом природного наследия ЮНЕСКО, подчеркивают его международное природоохранное значение. Флора парка насчитывает свыше тысячи видов высших растений, включая редкие и охраняемые виды, а фауна отличается высоким биоразнообразием и присутствием редких животных, таких как снежный барс и манул. Помимо природоохранной функции, парк играет заметную роль в развитии экологического туризма и научных исследований.

Не менее важным объектом природоохранной системы региона является Маркакольский государственный природный заповедник, созданный 4 августа 1976 года для охраны экосистем высокогорного озера Маркаколь и прилегающих территорий. Площадь заповедника составляет более 102 тысяч гектаров, значительная часть которых приходится на водную акваторию озера. Природные условия заповедника способствовали формированию богатого биоразнообразия: здесь зафиксировано свыше 300 видов позвоночных животных, включая десятки видов млекопитающих и птиц. Существенная часть представителей фауны относится к редким и исчезающим видам и включена в Красную книгу Республики Казахстан и международные охранные списки. Заповедник имеет важное значение для долгосрочного мониторинга природных процессов, сохранения эндемичных видов и проведения научных наблюдений.

Дополняет природоохранную сеть Восточного Казахстана Западно-Алтайский государственный природный заповедник, учрежденный в 1992 году с целью сохранения природных комплексов Алтайских гор, прежде всего черневой тайги и высокогорных экосистем. Территория заповедника характеризуется разнообразием природных зон и высокой степенью сохранности природной среды, что делает его ценным объектом для фундаментальных экологических и биогеографических исследований.

В совокупности указанные особо охраняемые природные территории образуют целостную систему защиты природного наследия Восточного Казахстана. Они выполняют важные функции по сохранению биоразнообразия, поддержанию экологического баланса, развитию научных исследований и

формированию экологической культуры, что придает им особое значение в контексте устойчивого развития региона.

Наряду с деятельностью краеведов, значительную роль в сохранении и осмыслении историко-культурного наследия Восточного Казахстана играют музеи, сакральные места и памятники, формирующие целостное представление о прошлом региона.

Ведущим научно-культурным центром является Восточно-Казахстанский областной историко-краеведческий музей, основанный в 1915 году, фонды которого аккумулируют археологические, этнографические и исторические материалы, отражающие многовековую историю края. Существенное место в культурной жизни региона занимает и Музей изобразительных искусств имени семьи Невзоровых в Семее, где представлено развитие художественной культуры Восточного Казахстана и Казахстана в целом в контексте общеевразийских художественных процессов. Музейные коллекции логично дополняются системой памятников археологии и сакральных мест, среди которых особое значение имеют Берельские курганы и Шиликтинские курганы, являющиеся ключевыми источниками по изучению древних культур и ранних государственностей степного Алтая. Эти археологические комплексы демонстрируют высокий уровень материальной культуры и мировоззренческих представлений населения региона в эпоху раннего железного века.

В культурно-духовном пространстве Восточного Казахстана важное место занимает Жидебай-Борили – историко-культурный комплекс, связанный с жизнью и творчеством Абая Кунанбаева и отражающий формирование казахской интеллектуальной традиции. К числу почитаемых сакральных объектов относится также Коныр-Аулие, пещера, наделенная духовным значением и связанная с народными представлениями и культовыми практиками. Символом эпической традиции и народной памяти является Мавзолей Козы Корпеш и Баян сулу, архитектурный памятник, воплощающий ценности любви, верности и преемственности культурных традиций. в совокупности музеи, археологические комплексы и сакральные места Восточного Казахстана образуют единое культурно-историческое пространство, в котором материальные памятники, духовные ценности и научные исследования взаимно дополняют друг друга, обеспечивая сохранение исторической памяти и формирование устойчивой региональной идентичности.

Кроме того, в перечень сакральных объектов входят озеро Алаколь, мавзолей Ырғызбай Ата, памятник «Сильнее смерти» в Семее (посвященный жертвам Семипалатинского ядерного полигона), Дом «Алаш арыстары» и литературно-мемориальный музей Ф. М. Достоевского – все они признаны значимыми с культурно-исторической точки зрения и привлекают внимание как исследователей, так и туристов.

Проведенное исследование показывает, что Восточный Казахстан представляет собой уникальное историко-культурное пространство с непрерывной и многослойной динамикой развития. Его географическое положение на стыке крупных цивилизационных ареалов Евразии обусловило интенсивные межкультурные контакты, отразившиеся в археологических, исторических и этнографических источниках.

Исторический путь региона – от древнейших эпох до современности свидетельствует о преемственности хозяйственных, культурных и духовных традиций. Восточный Казахстан играл важную роль в формировании кочевых культур, средневековых политических объединений и последующих социально-исторических процессов. Трагический опыт XX века, связанный с Семипалатинским ядерным полигоном, стал значимым фактором осмысления исторической памяти и формирования современной региональной идентичности.

Существенный вклад в изучение края внесли краеведы и ученые XVIII–XX веков, чьи труды заложили фундамент научного знания о регионе и сохраняют значение для современных исследований. Краеведческая традиция способствовала также осознанию ценности природного наследия и формированию системы особо охраняемых природных территорий.

Важную роль в сохранении историко-культурного наследия Восточного Казахстана играют музеи, археологические памятники и сакральные объекты, образующие целостное культурно-историческое пространство. В совокупности это позволяет рассматривать регион как перспективный объект междисциплинарных исследований и значимый центр сохранения исторической памяти и культурной идентичности.

Литература:

1. История Восточно-Казахстанской области [Электронный ресурс] // Краеведение Восточного Казахстана : официальный сайт Восточно-Казахстанской областной библиотеки им. А. С. Пушкина. – URL: <https://olketanu.pushkinlibrary.kz/ru/hist-chronika/pamyatniki-g-ust-kamenogorska/81-stranitsy-istoi/406-istoriya-vko.html> (дата обращения: 17.12.2025).
2. Краеведы Восточного Казахстана : пособие / сост. Ж. М. Жиенбекова, Т. Б. Захарова ; Восточно-Казахстанская областная библиотека им. А. С. Пушкина. – Усть-Каменогорск, 2011. – 141 с.
3. Биосферный резерват «Катон-Карагай» [Электронный ресурс] // Казахстанский национальный комитет по программе ЮНЕСКО «Человек и биосфера». — URL: <https://www.kazmab.kz/index.php/biosfernye-rezervaty1/natsionalnaya-set/katon-karagaj/opisanie> (дата обращения: 18.12.2025).
4. Маркакольский государственный природный заповедник : официальный сайт [Электронный ресурс] // РГУ «Маркакольский государственный природный заповедник». - URL: <https://markakol-zapovednik.kz/ru/o-nas.html> (дата обращения: 18.12.2025).
5. Западно-Алтайский государственный природный заповедник : официальный сайт [Электронный ресурс] // РГУ «Западно-Алтайский государственный природный заповедник» Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан. — URL: <https://www.zagpz.kz/o-nas.html> (дата обращения: 18.12.2025).
6. Восточно-Казахстанский областной историко-краеведческий музей [ц ресурс] // Oskemen.info : информационный портал города Усть-Каменогорска. – URL: <https://oskemen.info/6621-vostochno-kazahstanskiy-oblastnoy-istoriko-kraevedcheskiy-muzey.html> (дата обращения: 19.12.2025).
7. Берель, могильник [Электронный ресурс] // Виртуальный музей «Большой Алтай». – URL: <https://oolshoy-altay.asu.ru/museum/archaeological-sites/berel-mogilnik.html> (дата обращения: 19.12.2025).

8. Шиликтинская долина [Электронный ресурс] // Краеведение Восточного Казахстана : официальный сайт Восточно-Казахстанской областной библиотеки им. А.С. Пушкина. – URL: <https://olketanu.pushkinlibrary.kz/ru/sakralnaya-geografiya-vostochniy-qazaqstan/shiliktinskaya-dolina.html> (дата обращения: 19.12.2025).

Kuandykov Nurdaulet

Toktagan Aitolkyn

«CONTEMPORARY BEARERS OF QAZANGAP'S KUI TRADITION IN THE SHALKAR REGION»

Қуандықов Н. Е.

Тоқтаған А.А PhD доктор

«ҚАЗАНҒАП КҮЙЛЕРІН БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ШАЛҚАР ӨҢІРІНДЕГІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ»

Ұлы күйші Қазанғап екі ғасырдың тоғысында өмір сүрді (1854–1921). Ол Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Қанбақты елді мекеніндегі №14 ауылда, Ақбауыр құмында кедей Тлепбергеннің отбасында дүниеге келген¹. Өсе келе ел-елді аралап, күйшілігін дамыту мақсатында көптеген өнерпаздармен, күйшілермен танысады. Алғашқы ұстазы Бесқалада тұратын Орынбай Шүйтке шамамен 1967 жылдарды еңбекпен тапқан торы атына мініп жолға шығады. Кейін Орынбайдан «Ақжелең» күйлерінің қыр-сырын үйреніп, батасын алады. Қайтар жолда өзінің шоқтығы биік күйлерінің бірі «Торы аттың кекіл қақпайы» күйін шығарады. Екінші ұстазы Қаратөс күйші болды, шын аты Аймағамбет – Жақайым руынан, Құландыда абыройлы адам болған. Қаратөсте бірнеше ай қалып, шәкірт болып, күйлерін үйренеді. Кейін ұстазына жаңа күйін тартып береді, бұл күйге Аймағамбет Кіші Қаратөс деп ат қояды да, Қазанғапқа өзі де жаңа күй шығарып оның атын Үлкен Қаратөс деп қояды.

